

«Нархоз Университеті» АҚ

ӘОЖ 657.6:336.71

Қолжазба құқығында

ЛАМБЕКОВА АЙГЕРИМ НУРЛАНОВНА

**Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріндегі ішкі аудит
жүйесін жетілдіру**

6D050800 – Есеп және аудит

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін жазылған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
э.ғ.к., доцент, PhD доктор, Нургалиева А.М.,
PhD доктор, Петр Хайек

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	11
1.1 Ішкі аудит жүйесін қалыптастырудың теориялық негізі және оның даму тенденциясының моделі	11
1.2 Екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудит: құрылымы және қатысушылары	22
1.3 Екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудиттің қазіргі жағдайы	30
1 - бөлім бойынша тұжырымдама	38
2 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ	39
2.1 Ішкі аудиттің негізгі объектісі ретінде ЕДБ несиелік портфелін бағалау	39
2.2 Ішкі аудит - банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы	49
2.3 Ішкі аудитті жүргізілу үрдісінде тәуекелге бағытталған әдістің қолданылу ерекшеліктері	70
2 - бөлім бойынша тұжырымдама	85
3 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕ ІШКІ АУДИТТІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖҮЙЕСІН МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	87
3.1 Несиелік тәуекелді төмендету құралы ретіндегі ішкі аудиттің әдістемелік моделі (Logit модель)	87
3.2 Тәуекелге бағытталған аудиторлық тексеруді рәсімдеу және ішкі аудит жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар	102
3 - бөлім бойынша тұжырымдама	123
ҚОРЫТЫНДЫ	124
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	128
ҚОСЫМШАЛАР	136

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы.

ҚР президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауы.

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234–III Қазақстан Республикасының Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304–I Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздері. Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (2016 жылы жаңартылған).

Акционерлік қоғамдар туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Қазақстан Республикасының Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы № 2444 Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IFRS) 9 – «Қаржы Құралдары» 2014 жылдың шілдесінде қолданысқа енгізуге ұсынған.

АХС 300 «Қаржылық есептіліктің аудитін жоспарлау» стандарты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан қолданысқа енгізілген.

АХС 610 «Ішкі аудиторлардың жұмысын пайдалану» стандарты (2014 жылдың 15 желтоқсанынан күшіне енген) ішкі аудиторлардың жұмысын пайдалану бойынша стандарты.

Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Банктердегі ішкі аудит пен қадағалау бөлімдерінің өзара қарым-қатынасы» (Базель, 2001 жылғы тамыз).

Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Корпоративтік басқаруды жетілдіру принциптері» қазан 2010 жылдан бастап енгізілген.

Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Несие тәуекелдерін есепке алу» қаңтар 2019 жыдан бастап енгізілген.

«Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 18 наурыздағы № 36 қаулысы.05.04.2019.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ішкі аудит жүйесі – бұл ұйымда тексеру қызметі ретінде құрылған тәуелсіз бағалау қызметі. Ол арқылы бақылаудың басқа түрлерінің тиімділігін зерттейді және бағалайды.

Ішкі бақылау – бұл қызметтердің тиімділігін және қаржылық есептіліктің шынайылығын қамтамасыз етумен байланысты міндеттердің орындалуы бойынша ақпараттарды алу мақсатында банктің басқару органымен және тиісті қызметкерлерімен жүзеге асырылатын үрдіс болып табылады.

Аудит объектісіне тән (қатысты) тәуекел – бұл ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелді төмендету бойынша құралдар жеткілікті болмағанда тексерілетін аудит объектілерімен байланысты қалыпты тәуекел деңгейі.

Қалдық тәуекелі – бұл басқару рәсімдерін, тәуекелді төмендету құралдарын қолданғаннан кейін тексерілетін аудит объектісіне тиісті тәуекел деңгейі.

Аудиторлық іріктеу – іріктеудің барлық бірліктері іріктеу үрдісіне қатыса алатындай етіп, операциялар тобы немесе есептіліктің бір бабы шегінде 100%-дан аспайтын элементтерге аудиторлық шараларды қолдану.

Ішкі аудиторлық ұсыныстар – бұл ішкі аудитор жұмысының нәтижесі, сәйкесінше қызметтер жоспары – бұл тексерілетін тараппен ұсыныстарды орындау үшін іске асыруға тиісті іс-шараларының тізімі.

Logit model – бұл қарапайым регрессиялық талдау әдістерінде қолданылмайтын эконометрикалық модель. Оның басқа модельдеуден айырмашылығы тәуелді айнымалы мәндердің шектеулі санын ғана қабылдай алады, мысалы — 0 немесе 1.

Мәтіндік талдау – сандық бағалау, аффективті жағдайлар мен субъективті ақпаратты зерттеу үшін табиғи тілді өңдеуді біріктіреді. Сонымен қатар мәтіндік талдауды, компьютерлік лингвистиканы, биометрияны қолдануды білдіреді.

Word2vec құралы - мәтіндік корпуста кіретін мәліметтер ретінде қабылдайды және векторларды нәтиже ретінде шығару

Дефолт – дегеніміз дефолт қарыз алушының банк алдындағы төлем міндеттемелерінің бұзылуын, қарыз міндеттемелері бойынша уақтылы төлем жүргізуге немесе қарыз шартының талаптарын орындауға қабілетсіздігін білдіреді.

Аудитті жоспарлау – аудиттің стратегиясы мен тактикасын, тексеру көлемін айқындаудан, жалпы жоспарды құрудан, бағдарламаны және нақты аудиторлық рәсімдерді әзірлеуден тұратын міндетті кезеңдердің бірі.

Аудиторлық бағдарлама – аудиторлық жоспарды орындау барысында қажетті аудиторлық рәсімдердің мазмұнының тізімі. Бағдарлама аудиторлық топтың басшысына жұмыс сапасын бақылау ретінде қолданылатын және аудиторлардың көмекшілері үшін бағыт алу бойынша нұсқаулық болып табылады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік қоғам
АХС	Аудиттің халықаралық стандарттары
ХКЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ІАКТХН	Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздері
ІАХКС	Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары
ІАЖ	Ішкі аудит жүйесі
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚР ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ЕДБ	Екінші деңгейлі банктері
LGD	Дефолт болған жағдайдағы зиян көлемі
EAD	Дефолт болған жағдайдағы тәуекел сомасы
PD	Дефолт ықтималдылығы
ҚДБ	Қазақстан даму банкі
ІАК	Ішкі аудит көлемі
ІАС	Ішкі аудиттің кәсіби стандарты
NPL	Жұмыс істемейтін несиелер портфелі (ағылшын тілінен аударғанда: non — performing loan, сөзбе-сөз – «жұмыс істемейтін несие» деген мағынаны білдіреді)
NPL>90	90 күннен артық жұмыс істемейтін несиелер портфелі
k3	Банкпен белгілі бір қатынастағы емес (инсайдерлер) бірнеше несие алушыға тәуекелдің максималды мөлшерінің коэффициенті
ТБЖЖ	Тәуекелге бағытталған жылдық жоспар
ТБ	Тәуекелдерді бағалау
Smart PLS	Меншікті ең аз квадраттар траекториясын модельдеу
3	
R	Статистикалық есептеулер мен ақпараттарды модельдеу құралы
COSO	Тредуея комиссиясының демеуші ұйымдар комитеті (Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission)
CRO	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі
CFO	Қаржыны басқару бөлімшесі
AT	Ақпараттық технологиялар
AVE	Орташа дисперсия (Average variance extracted)
SEM	Құрылымдық теңдеулерді модельдеу

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай ішкі аудит жүйесі үнемі жетіліп келеді және тексеру қызметі заңнаманың сақталуымен есептіліктің шынайылығын тексерумен шектелмейді. Ол ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін, тәуекелдерді басқаруда қолданылатын әдістемелердің сенімділігін тексеру, оларды талдау және оны бағалау мен жетілдіру бойынша нұсқаулар береді. Ішкі аудиторлық жүйе тұтастай алғанда банктің жекелеген бөлімшелерінің қызметін бағалап, банкішілік регламенттер мен операцияларды орындау рәсімдерін сақтауды тексерумен байланысты болып келеді. Бүгінгі таңда банкті қадағалау бойынша Базель комитеті ішкі аудит жүйесінің қызметіне аса көп назар аударуда.

Қаржы саласындағы дағдарыстық құбылыстар, сонымен қатар ақша – несие операцияларының алуан түрлілігі ЕДБ-де ішкі аудиторлық тексерудің заманауи әдістемелерінің бар болуын талап етеді. Қойылған талаптар бойынша директорлар Кеңесіне банктің ағымдағы қызметінің жағдайы туралы объективті ақпараттар беріп, құрылымдық бөлімшелер басшыларының деректері мен есептілігінің дұрыстығын растап, сенімді бақыланатынына кепілдік береді.

Дамыған елдердегі ішкі аудит жүйесі банктердің ақша – несие саясатын жүргізу саласындағы іс-әрекетінің тұрақты жұмыс істеуін және бухгалтерлік есептің талаптарына сәйкес жүргізілетінін қамтамасыз етеді.

«Қазақстан – 2050. Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында банктер экономиканың нақты секторын қажетті несиелік ресурстармен қамтамасыз ету тиіс екендігі нақты көрсетілген. ЕДБ – тер өздерінің баланстарын жұмыс істемейтін қарыздардан тазартып, қорландыру мәселелерімен толық айналысуы қажет. Осыған байланысты банк жүйесін бақылауды күшейтуде бағытталған жұмысты жандандыра түсу қажет [1].

ЕДБ-дің жолдауда көрсетілген сұрақтарды шешуінде ішкі аудит жүйесінің алатын орны зор. Осы орайда заманауи ақпараттық технологиялармен Big Data, digital-ортаға көшу технологияларымен байланысты тәуекелдер, қаржылық есептілік бойынша бұрмалаулар және бәсекелестіктің артуы айтарлықтай өзгерістерге әкелді. 610 «Ішкі аудиторлардың жұмысын пайдалану» халықаралық аудит стандартына сәйкес сыртқы аудиторлар банктің ішкі есептілік жағдайын білу мақсатында ішкі аудиторлардың қорытындылары мен көмегіне жүгінеді [2].

Сонымен қоса 9 «Қаржы құралдары» ХКЕС (IFRS) бақылау мен тексерудің тиісті оңтайлы әдістері мен құралдарын үнемі іздеуді талап етеді. Банктегі бақылау - бұл ЕДБ пен оның филиалдарында қаржы-шаруашылық қызметін үнемі қадағалау, мерзімді тексеруді, жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады. Осы орайда екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит жүйесі бақылаудың міндетті құралы болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қатаң бәсекелестік жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен табысқа жетудің басты құралы - тиімді басқару болып табылады. Басқарудың тиімділігі экономикалық қатынастардың

кез келген субъектісі үшін үлкен мәнге ие. ЕДБ-нің жұмыс істеу тетігіндегі оның алатын рөлі ерекше, себебі жоғары тәуекел жағдайларында кез келген басқару қателігі ірі шығындарға әкеледі. Сонымен қоса, өтімділіктің төмендеуіне, төлем қабілеттілігінің жоғалуына, ал ол нәтижесінде банкроттыққа әкеп соқтыруы мүмкін.

Осыған байланысты тиімді басқаруды ұйымдастыру маңызды болып саналады, оның ажырамас бөлігі – ішкі аудит жүйесі болып табылады. Мұндай жағдайларда ішкі аудит қызметінің әрекетін неғұрлым жүйелі және инновациялық тәсіл жағына бағытталуы туралы мәселе туындайды. Ішкі аудитпен қолданылатын тексеру үрдістерін басқару арқылы неғұрлым терең талдау мен бағалау қажеттілігі артады.

Осыған сәйкес екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит жүйесін жетілдіру ішкі аудиттің заманауи бағыттарын қолданудың өзектілігін айқындайды.

Мәселені зерделеу дәрежесі. Ішкі аудит жүйесін ұйымдастыру және оның әдіснамасы бойынша зерттеулер келесідей шетелдік ғалымдардың еңбектерінде бейнеленген: С. А. Smith., В. Henry Fernald., N. C. Churchill., W. W. Cooper., P. Додж., В. П. Суйц., С.М., Бычкова., В.Д. Андреев., О.Б., Иванов., Andrew D. Chambers, I. Wilkes, , I. Bien., Ж.А. Кеворкова., Т., Bellotti Crook J., Onali E., Ginesti G., Beatty A., Liao S., Bushman R.M., Williams C.D., Б.И. Лисак., М. Sorge., J. Pesola., Yavuz S.T., Груздев А.В., Алескеров Ф.Т., А. Н. Кизилов, А.А Волков., және т.б.

Ішкі аудит қажеттілігінің теориялық негіздемелері және оның аспектілері келесідей отандық ғалымдардың жұмыстарында берілген: М. С. Ержанов, К.Ш. Дюсембаев, С.Х. Кошкимбаев, С.Ж. Жақыпбеков, С.Т. Миржакыпова, Э.О. Нурсейтов, Д. О. Абленов, Г.С. Бердибекова, Н.А. Құдайбергенов, Р.Ө. Рахметова, С.К. Барышева.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты қазіргі заманғы талаптар, аудиттің халықаралық стандарттары мен қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарының өзгерістеріне бейімделуіне негізделе отырып, ішкі аудиттің теориялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілерін әзірлеу, жетілдіру және оны тәжірибеде қолдануға ұсыну болып табылады.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін жұмыс жоспарына сәйкес өзара байланысты келесідей **міндеттерді** орындау қажет:

– банктегі ішкі аудит ұғымының теориялық аспектілерін жүйелендіруге мүмкіндік беретін заманауи теориялық және практикалық тәсілдерді зерттеп, жалпыландырып, «банктегі ішкі аудит» және «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымдарына толықтырылған авторлық анықтама беру;

– ҚР екінші деңгейлі банктерде ішкі аудит жүйесінің қазіргі жағдайына зерттеу жүргізу және негізгі даму бағыттарын айқындау;

– екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудиттің банк қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуімен байланысты негізгі мәселелерін, несиелік портфелін талдау және жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша банктерде тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесінің жалпы қаржылық нәтижеге ықпалын анықтау арқылы концептуалдық құрылымдық моделін құрастыру;

– екінші деңгейлі банктердің несиелік портфелін ішкі аудиторлық тексеру үрдісінде тәуекелге бағытталған әдіснаманы жасақтау;

– несиелі алушының дефолт ықтималдылығын бағалауға мүмкіндік беретін модельдің қолданылуын негіздеу және несиелік тәуекелді төмендету мақсатында несиелі алушының дефолт ықтималдылығын модельдеу арқылы бағалауды ішкі аудиттің жұмыс жоспары мен бағдарламасына енгізуді ұсыну.

Диссертациялық зерттеудің жұмыс гипотезасы Екінші деңгейлі банктердің тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесі мен несиелі алушылардың дефолт ықтималдылығын бағалау банктердің қаржылық тұрақтылығына әсер етеді.

Зерттеудің объектісі ҚР екінші деңгейлі банктердегі ұйымдастырылған ішкі аудит жүйесі болып табылады.

Зерттеу пәні – ҚР екінші деңгейлі банктерінде ұйымдастырылған ішкі аудиторлық тексерумен байланысты теориялық әдіснамалық және ұйымдастыру әдістемелік қатынастардың жиынтығы.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде банктегі ішкі аудит жүйесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттер мен басылымдарда ұсынылған ғылыми еңбектері, тәжірибелік тұжырымдамалары алынды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының нормативтік-заңнамалық актілері мен құқықтық құжаттарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, сондай-ақ, әлемдік банктердің ішкі аудит жүйесі мәселелері бойынша ережелеріне негізделеді.

Зерттеудің әдіснамалық базасы ғылыми теориялар мен зерттеу әдістері, соның ішінде талдау және синтез, индукция және дедукция, үдерістерді бағалаудың логикалық және кешенді тәсілдері, жүйелеу және жіктеу, сондай-ақ, моделдеу болып табылады. Зерттеу барысында сараптамалық сауалнамалар жүргізіліп, статистикалық, аналитикалық әдістер және жинақталған мәліметтерді өңдеуге R, Smart PLS 3 статистикалық бағдарламалары қолданылды.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің нормативтік-заңнамалық актілері және екінші деңгейлі банктердің статистикалық деректері мен ресми материалдары қарастырылды. Зерттеудің негізі ретінде ішкі аудит жүйесі, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, тұтастай алғанда, банк саласында, ішкі аудит жүйесін дамыту мәселелері бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстары қолданылды.

Ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы келесідей ғылыми нәтижелермен расталады:

– ішкі аудит ұғымына қатысты теориялық және әдістемелік зерттеулерді жинақтау негізінде және ғылыми зерттеулерді модельдеуге байланысты R статистикалық пакеттік бағдарламасында жоғары деңгейдегі журналдардағы 240 ғылыми мақалалар өңделіп, «банктегі ішкі аудит» және «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымдарына толықтырылған анықтама берілді;

– ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» талаптары, сонымен қатар банктердің ішкі аудиторлар

арасында жүргізілген эксперттік сауалнама негізінде банкте ішкі аудиторлық тексеру жүргізудің тәуекелге негізделген бағытын қолдану ұсынылды;

– ғылыми жұмыс гипотезасына сай ЕДБ-дің ішкі аудиторлары арасында жүргізілген сәйкес сауалнама және несиелік портфельді талдау нәтижелері бойынша Smart PLS 3 статистикалық бағдарламада тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесінің концептуалдық құрылымдық моделі құрастырылды. Ол – тәуекелге негізделген ішкі аудиттің қандай тәуелсіз айнымалылар (ішкі аудит көлемі, ішкі аудит стандарты, несие тәуекелін бағалау, ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары, тәуекелдерді басқару) арқылы банктің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізетіндігін көрсетеді;

– несиелік портфельді ішкі аудиторлық тексеру барысында тәуекелге бағытталған аудиторлық тексерудің артықшылығы анықталып, тәуекелге бағытталған аудит процедуралары бойынша несиелік тәуекелдерді тексеру әдіснамасы ұсынылды;

– ішкі аудиторлық тексерудің тиімділігін арттыру мақсатында және несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалауға мүмкіндік беретін Logit моделін қолдану негізделді және берілген модельдің негізінде ұйымдардың дефолт жағдайын бағалауда ішкі аудиттің жұмыс жоспары мен бағдарламасына енгізу жасақталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдамалар. Зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде қорғауға келесідей тұжырымдамалар ұсынылады:

– банкті басқарудың маңызды құралы ретінде ішкі аудит жүйесінің тиімділігін арттыратын, ішкі бақылау жүйесін бағалау мен оны жетілдіру бойынша тиімді пікір беруге бағытталған «банктегі ішкі аудит» және «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымдарына толықтырылған авторлық анықтамалар берілді;

– қазіргі кездегі банк саласындағы тәуекелдердің, аудиторлық стандарттар шарттарының ұлғаюымен байланысты ішкі аудит жүйесінің жағдайын талдау нәтижесінде тәуекелдерді бағалау мен басқарудың тиімді құралы ретінде автормен тәуекелге негізделген ішкі аудит бағыты негізделді;

– Smart PLS 3 статистикалық пакеттік бағдарламасы бойынша банктің несиелік портфелін талдау негізінде қаржылық жағдайын тұрақтандыруға ықпал ететін тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің концептуалдық құрылымдық моделі құрастырылып, әсер етуші факторлар (айнымалылар) анықталды;

– автормен несиелік тәуекелдерді бағалау мен басқаруды қамтитын тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексерудің әдіснамасы берілді;

– несиелік портфельді және онымен байланысты тәуекелді анықтау, оларды төмендетуге бағытталған несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалау бойынша Logit модельдің қолданылуы негізделіп, ішкі аудиттің жұмыс жоспары мен бағдарламасына дефолт ықтималдылығын бағалауды енгізу ұсынылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы банктерде ішкі аудитті ұйымдастыру және тұжырымдамасының мәні мен мазмұнын ашатын теориялық тәсілдерді жалпылау болып табылады.

Тәжірибелік маңыздылығы Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің ішкі аудит жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар жиынтығын

калыптастырумен анықталады. Жеке қорытындыларды, нәтижелерді, модельдерді екінші деңгейлі банктің ішкі аудит жүйесін жетілдіруде, сонымен қоса ҚР ұйымдарында ішкі аудит жүйесін тиімді жүргізу кезінде қолдануға болады. Сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарында «Есеп және аудит» мамандығының студенттеріне арналған «Аудит», «Банктегі есеп және есептілік» «Практикалық аудит», пәндерінің оқулық-әдістемелік кешендерін дайындауда пайдалануға болады. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде осы пәндерді оқыту тәжірибесінде қолданылып, енгізу актісімен расталды (Қосымша А).

Зерттеу ұсыныстары мен нәтижелерін, ішкі аудит жүйесін ұйымдастырып, тиімді жүргізуде ҚР екінші деңгейлі банктерінде және басқа да ұйымдарда пайдалануға болады.

Жұмыстың мақұлдануы және жүзеге асырылуы. Диссертацияның негізгі жағдайлары, қорытындылары және тәжірибелік нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалды; 8 жарияланымдарда бейнеленген. Оның ішінде ҚР БҒМ ұсынған және Scopus мәліметтер базасына кіретін журналдарда мақалалар жарияланды.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі зерттеудің мақсаты, міндеттері мен логикасы арқылы анықталады және оның құрамына кіріспе, үш бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі, қосымшалар кіреді. Жұмыс мазмұндалады және 20 кесте, 37 суреттен тұрады 10 қосымша құжаттан тұрады.

1 ЕКІНШІ ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Ішкі аудит жүйесін қалыптастырудың теориялық негізі және оның даму тенденциясының моделі

Банк нарығындағы ішкі аудит жүйесін ең озық әлем тәжірибесіне сәйкестендіру қажеттілігі маңызды бағыттардың бірі болып отыр. Осы бағытта бірнеше ғалымдармен әртүрлі зертеулер жүргізілген. 2008 жылғы орын алған әлемдік дағдарыс банк нарығының тиімді жұмыс атқару қажеттілігін туындатты. Осыған байланысты ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс атқару қажеттілігі арта түсті. Банктерде ішкі аудиттің тиімді қызметін қалыптастыру үшін ішкі аудиттің мәнін зерделеу қажет. Ал, бұл өз кезегінде оның даму сапасын арттыруға бағытталған ішкі аудиттің бірыңғай стратегиясын әзірлеу мақсатында зерттеуді білдіреді. Ішкі аудиторлардың әлемдегі ең ірі кәсіби қауымдастық болып табылатын АҚШ-тың ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors) ішкі аудитке келесідей анықтама береді: ішкі аудит - бұл ұйымдағы (кәсіпорындағы) оның жұмысын өзінің мүддесі үшін тексеру және бағалау жөніндегі тәуелсіз қызмет. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау, корпоративтік басқару үрдістерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелендірілген тәсілді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі [3].

Ішкі аудиттің пайда болуының алғы шарттары ұйымдар мөлшерлерінің өсуімен және басқару үдерістері қиындығының жоғарылауымен байланысты. Ішкі аудит басшылыққа құндылықтарды өсіруге, ұйымның қызметтерін жетілдіруге бағытталған кепілдерді және кеңестерді ұсынуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Техас Университетінің профессоры Обри Смит 1933 жылы басылымға шыққан «Ішкі аудиторлық бақылау» оқулығында ішкі аудиторлық бақылаудың тиімді жүйесін аудиторлық тексерілу бағдарламасын жасаумен байланыстырды. Сонымен қатар, ол ішкі тексеру әдістері негізінде шаруашылық операциялардың дұрыс және уақытылы жасалуын, сонымен бірге алаяқтық пен қателерді болдырмауға бағытталған. Ол шаруашылық операцияларды тіркеуден кейін мүмкіндігінше аз уақыт аралығында аудиторлық тексеруді жүргізуді ұсынған [4].

Сонымен бірге 1943 жылы Генри Фернальд өзінің ғылыми жұмысында ішкі аудитордың функционалдық міндетіне бухгалтерлік жазбалардың уақытында және дұрыс жүргізілуін тексеруін ұсынған [5].

Кейін 1951 жылы солтүстік Калифорния университетінің профессоры Б. Мейгс Уолтер «Ішкі аудиттің кеңейтілген өрісі» мақаласы шықты. Мақалада ішкі аудитті кәсіпорынды тиімді басқаруда ірі корпорацияның жоғары басшылығына көмек көрсету үшін пайдаланылатын бағалау қызметі ретінде көрсетті. Сондай – ақ, бухгалтерлік және операциялық үрдістерден тәуелсіз және жоғары басшылыққа, есеп беретін кадр жүйесі ретінде сипаттады [6].

Н.К.Черчилль мен В.В. Купер 1965 жылы ішкі аудиттің ұйымның барлық басқару бөлімдеріне әсер ететінін айтып өткен [7].

А.Д.Чамберс 1980 жылы «Ішкі аудиттің дамуы» ғылыми мақаласында ішкі

аудиттің даму үрдісін қарастырған және оның сыртқы аудиторлық тексеруде маңызды ақпарат құралы екендігін атап көрсеткен [8].

Осы жерде 1985 жылы Арнольд Шнайдер «Бухгалтерлік зерттеулер журналында» сыртқы аудиторлардың ішкі аудит жүйесіне тәуелділігін қарастырды. Бұл зерттеуде сыртқы мен ішкі аудитор арасындағы сенімділік және ішкі аудиторлардың жұмысын бағалаумен байланысты екендігіне назар аударылған [9].

Халықаралық Қытай университетінің ғалымдары Ян Цзинь және Ли Дуньцзя ішкі аудиттің тиімді жұмыс атқаруының тетігін тиімділік аудитін жүргізумен байланыстырған [10].

Банк қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Банктердегі ішкі аудит пен қадағалау бөлімдерінің өзара қарым-қатынасы» (Базель, 2001 жылғы тамыз) құжатында ішкі аудит қызметінің қағидасы ретінде Ішкі аудит банктің ішкі бақылау жүйесінің және оның капиталды бағалаудың ішкі рәсімдерінің үздіксіз мониторингінің бір бөлігі болып табылады, өйткені ішкі аудит банктің белгіленген әдістемелері мен рәсімдерінің сонымен қатар заңнамалық нормативтік құжаттарға сәйкестігімен мен олардың сақталуын тәуелсіз бағалауды қамтамасыз етеді [11].

1990 жылдан бастап ішкі аудит жүйесіне көп көңіл бөліне бастады. Ішкі аудит жүйесіне деген қызығушылық COSO жүйесінде де қарастырылды. Америкалық ғалым Забихолла Резай өзінің «COSO есебі ішкі аудиторлар үшін нені білдіреді» деген еңбегінде айтып өткен. Цай Чун 1997 жылы ішкі аудит жүйесін құруда негізгі назарды аудиттің қызметтері мен міндеттеріне және олар үшін қажетті шарттарға аударды. Автор ішкі аудиттің негізгі қызметі экономикалық бақылаудың ерекше түрі болып табылады деп санайды. Басқаша айтқанда, ішкі аудит ұйымды басқарудың басқа элементтерін бақылаудың ерекше қызметі болып табылады. Ішкі аудиттің қызметтері қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті үш маңызды жағдайды анықтайды: тәуелсіздік, ұйымдық мәртебе және объективтілік [12].

Ұлыбританиялық ғалым 2000 жылы Спенсер Пикетт ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс атқаруы - аудиторлардың жоғары кәсіби біліктілігінде екенін атап өткен. Сонымен бірге бұны дамудың басты тетігі ретінде қарастырған [13]. 2010 жылы Милена Алич ішкі аудит бизнестің тиімділігін жақсартуға қалай ықпал ететінін зерттеген болатын. Ол ұйым қызметінің тиімділігін талдау және басқарудың кең жүйесі шеңберінде сапа менеджменті және ішкі аудит жүйелерін интеграциялаудың теориялық моделін әзірледі. Нәтижесінде сапалық менеджмент бизнесті жақсартуды қамтамасыз ету үшін шараларды таңдау үшін негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігін көрсетеді. «Ішкі аудит» ұғымы Қазақстан тәжірибесінде ХХІ ғасырда пайда болды және ол шетелден енгізілген мамандық болып табылады. Қазіргі уақытта ұйымдарда осы бөлімшенің мақсаттарын, міндеттерін, құрылу регламентін, есеп берушілігін және бағыныштылығын түсінуде кейбір қарама-қайшылықтар бар. Осы қарама-қайшылықтарды жою және мәселелерді бірыңғай логикаға келтіру үшін қазақстандық және шетелдік көздердегі ішкі аудит туралы қолданыстағы пікірлерді қосымша қарастырамыз.

С.Жақыпбеков және А.Смаилов ішкі аудит жүйесінің дамуының ең үлкен кемшілігі – ол теориялық және әдістемелік негіздерінде бірыңғай көзқарастың жоқтығында деп қарастырған [14].

Шын мәнінде көптеген авторлар бүгінгі таңда ішкі аудитті ревизиялық бақылау түрінен қажетті деңгейде ажыратып көрсете алмай отыр. Қазіргі кезде ішкі аудит ұйым қызметтерін сәйкестікке келтіру үшін кеңестер берумен айналысуы қажет. С.К. Барышеваның пайымдауынша ішкі аудит жүйесі ұйымның барлық активтерінің сақталуын жүйелі бақылау, меншік иесінің мүліктік мүддесін қорғаумен шектелмей, басқару сапасы мен саясатын бақылауды да қамтиды [15].

Э.О. Нурсейтовтің пікірінше ішкі аудит - бұл басшылыққа «ұйымның тиімді жұмыс істеуіне қатысты шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін ішкі шаруашылық аудит» болып табылады [16].

Ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс атқаруын Г.С. Бердибекова қаржылық талдаумен байланыстырады. Себебі ішкі аудиторлық жоспар бойынша тексерілетін қаржылық есептілік элементтері мен көрсеткіштерінің шынайылығын көрсетеді. Банк операцияларының дұрыс және уақытылы жүргізілуі олардың заңдылығы және нормативтік құжаттар мен нұсқаулықтарына сәйкестігін тексереді біріктіреді [17].

Ағылшындық ғалым Рой Доджтің пікірінше, ішкі аудит басшылықпен ұйымдастырылған бақылаудың бір элементі болып табылады. Оның мақсаты - шаруашылық қызметті басқару, сонымен қоса, қаржылық есептілікті тәуелсіз бақылау болып табылады [18].

Сонымен, Қазақстандық және шетелдік авторлардың ішкі аудит жүйесі бойынша зерттеулері мен тұжырымдамаларын зерттей келе ішкі аудиттің дамуын бес кезеңнен тұрады деп қарастыруға болады (сурет 1).

В. П. Суйцтің ойынша 2007 жылдан бастап макро және микро тәуекелдердің ұлғаю себебінен ішкі аудиттің рөлі өзгере бастады. Мысалы, егер ХХІ ғасырға дейін ішкі аудит қызметі бақылау және баға берумен шектелсе, бүгінгі таңда тәуекелдерді алдын алу және талдау қызметтерімен толықтырылды [19].

Ішкі аудит А.М. Бычкованың пікірінше – басшылықпен ұйымдастырылған ішкі бақылау жүйесінің бір элементі болып табылады [20].

В.Л. Андреев ішкі аудитті басқару қызметінің ішкі бақылау нысаны ретінде кеңінен түсіну қажеттілігіне назар аударған. Ішкі аудит экономикалық субъектінің қаржы-шаруашылық қызметін жан-жақты тексерумен шектелмейді. Сонымен қоса оның шаруашылық қызметін оңтайландыру мен пайданы ұлғайту жөнінде басқару бойынша нақты ұсыныс беруді пайымдаған [21].

О.Б. Иванов Т.В. Лаврова қазіргі жағдайда ішкі аудиттің қызметі - корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау, ұйымның ішкі бақылауы, тәуекелдерді басқару». Сондай-ақ, олардың жұмыс істеу сенімділігіне ағымдағы мониторинг қызметі әсерін тигізеді деп түсіндірген [22].

Ішкі аудит жүйесі банктердің қаржылық тұрақтылығы, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлкен ықпалын тигізеді.

Осы ретте біз қазақстандық ғалым С.Х.Қошқимбаевтың «Қазақстан компанияларының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы

аудиттің алатын рөлі және рейтингтерді белгілеу үшін аудиттің мәні зор» деген пікірімен толықтай келісеміз [23].

Айта кету керек, ішкі аудит қызметі ұйымды басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен бірге бұл меншік иелері мен басшыларды банктік жүйенің дұрыс және тиімді жұмыс істеуі бойынша ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда еліміздің ірі акционерлік қоғамдарында аудиттің рөлін жоғарылатуды алдын ала анықтайтын бірқатар факторлар қалыптасқан. Сонымен бірге ішкі аудиттің басқарудың ажырамас бөлігі ретіндегі алатын орны күннен күнге өсуде [24].

Өкінішке орай, бүгінде ішкі аудит көбінесе алдын алу емес, жасалып қойған бұзушылықтарды, сондай-ақ, ұйымның ішкі нормативтік құжаттарын анықтау, жою мақсатында жүргізіледі. Ішкі аудиттің қолданыстағы жүйесі тұтастық пен жүйеліліктің болмауымен сипатталады. Отандық ұйымдардағы қазіргі ішкі аудит тиімділікті, нәтижелілікті және үнемділікті арттыруды қажетті деңгейде қамтамасыз етпейді. Ол іс жүзінде бұзушылықтар мен кемшіліктерді алдын алуға және болдырмауға бағытталмаған. Ішкі аудиттің келесі негізгі мәселесі ішкі аудиттің барлық жүйесінің кадрларында кәсіби теориялық және практикалық даярлаудың жеткіліксіз деңгейде екендігінде. Жалпы ішкі аудит шетелде сұранысқа ие қызмет ретінде бұрыннан танылған. Ішкі аудиторлар институтымен (The Institute of Internal Auditors) халықаралық кәсіби қауымдастық пен ішкі аудиттің міндетті Халықаралық кәсіби стандарттары, кәсіби сертификаттаудың төрт бағдарламасы жасақталынған. Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) стандартына сәйкес: «Ішкі аудит тәуекелдерді басқару үдерістерінің жұмысқа қабілеттілігін бағалауы және оларды жетілдіруге ықпал етуі керек». Мұнда ішкі аудит қызметі халықаралық деңгейде танылған және өзінің жұмыс қабілеттілігін дәлелдеген.

Тредуэя комиссиясының демеушілік ұйымдары комитетінің «Ұйымның тәуекелдерін басқару» интеграцияланған модель сияқты модельдерді пайдалана отырып, оны барынша жүйелі, дәйекті және ұйымдасқан түрде жасай алады [25].

Біріншіден, аудиторлық жұмыс жоспарды жасай отырып, ІАЖ банктің негізгі мақсаттына сай стратегиялық, операциялық, беделдік, қаржылық есептіліктің шынайылығын қарастырады. Сондай – ақ заңнаманың сақталмауы және қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін барлық ықтимал тәуекелдер мен қауіптерді жан-жақты талдауды жүзеге асырады.

Екіншіден, ІАЖ аудиторлық тексеруді жоспарлай отырып, неғұрлым мұқият талдау жүргізуге және нақты бизнес-үдеріс, бөлімшелер немесе өзге де тиісті салалар шеңберінде тәуекелдерді анықтауға қабілетті.

Үшіншіден, ІАЖ аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша есептерін дайындаумен қорытындысын шығару кезінде жоғары қалдық деңгейі бар, яғни басқарудың жеткіліксіз дәрежесімен, әлсіз ішкі бақылаулармен тәуекелдерді жинақтайды.

Төртіншіден, қалған тәуекелдер басшылықпен келісілген аудиторлық ұсыныстар мен іс-әрекеттерді енгізуді қадағалау барысында қайта бағаланады.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) стандартына сәйкес ішкі бақылау жүйесі: «Ішкі аудит ұйымға ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін

бағалай отырып, оның тұрақты жетілуіне ықпал етеді. «Бақылау» деп «тәуекелдерді басқару және қойылған мақсаттарға қол жеткізу мен міндеттерді орындау ықтималдығын арттыру бойынша әрекеттер» түсініледі. Ұйымның барлық бөлімшелерінің ішінде ішкі аудит қызметі ішкі бақылау жүйесін бағалаудағы ең құзырлы қызметі болып табылады. Халықаралық тәжірибеде танылған шеңберде бақылау бірден бірнеше деңгейде: банк деңгейінде, сондай-ақ, банктердің барлық тәуекелдері мен мақсаттарының спектрінде бизнес-үдерістер мен егжей-тегжейлі операциялар деңгейінде тұтас қарастырылады. Ішкі аудит қызметінің қаржылық есептілікті дайындауды бақылауын бағалау мен тестілеу олардың жұмыс қабілеттілігін сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сыртқы аудитордың тестілеу көлемін және қаржылық есептіліктің сыртқы аудиті бойынша қызметтер құнын төмендетуге әсерін тигізеді. Банктік бизнесті жақсы білу ішкі аудиторлардың кемшіліктерді анықтауда және ұсыныстарды қалыптастыруда сыртқы аудиторларға қарағанда артықшылығын көрсетеді.


Банк операцияларының тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ететін бақылау процедураларының мониторингін жүзеге асыра отырып, банктер қызметін бақылау, келесілерді бағалауды біріктіреді:

- банктік операциялардың қолданыстағы саясатының, процедураларының, регламенттерінің және бизнес-үдерістерінің сақталуын;
- негізгі бизнес-үдерістерді формализациялау мен регламенттеудің жеткіліктілігін;
- пайданы барынша арттыру тұрғысынан банкпен бизнес-шешімдерді қабылдауда қолданылатын критерилерінің тиімділігін.

ІАЖ-сі ұйымдастыруы бойынша қызметін басқаруды бағалау шеңберінде банктің ұйымдық құрылымын, мақсаттары мен міндеттерін белгілеудің, банк бөлімшелерінде қызметтерді және қызметкерлеріне тиісінше міндеттерді бекітудің нақтылығын бағалайды.

Сондай-ақ, ІАЖ мотивация жүйесінің қызметкерлерді банктің мақсаттарына қол жеткізуге қаншалықты ынталандыратынын, сонымен қатар мүдделердің мүмкін қақтығыстарын бағалайды. Банктің басқару жүйесін жетілдіру мүмкіндіктерін анықтайды. Сол арқылы директорлар Кеңесіне банк жұмысының ұйымдастырылу тиімділігінің мониторинг жасауға ықпалын тигізеді. Сонымен, банктің ішкі аудит жүйесі - ұғымына банк қызметіне қатысушы тараптардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, банк қызметтерін және бақылау процедураларын, тәуекелдерді басқару жүйелерінің нәтижелілігін үздіксіз тексерудің тиімді әдістерін біріктіретін жүйе.

Біздің ойымызша, банктегі ішкі аудиті – бұл қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін банкпен жүзеге асырылатын операциялардың дұрыстығын, тәуекелдердің бағалануын, корпоративтік басқару сапасын тексеруге бағытталған тәуекелге бағытталған тексеру. Төменде ішкі аудитің даму кезеңдері берілген (сурет 1).



Сурет 1 – Ішкі аудит жүйесінің даму кезеңдері

Ескерту – [1-21] Пайдаланылған әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, ішкі аудиттің дамуын бес кезеңге бөліп қарастырдық. Ішкі аудит қызметі – тек әлемдік үрдіс қана емес, белсенді дамып және күрделеніп келе жатқан экономикалық қатынастар жағдайындағы аса қажеттілік. Бүгінгі күні ішкі аудитор қызметі өте қажет, ал ішкі аудит қызметінің болуы ірі ұйымдарда міндетті болып табылады.

Бірінші суреттен ішкі аудиттің қазіргі заманға дейінгі кезеңдерін қарастырған болатынбыз. Енді 2005-2018 жылдар аралығындағы ішкі аудит қызметінің даму кезеңдерін қарастырайық. Осы даму кезеңдерін анықтау үшін Ресей және Қазақстанның, сондай-ақ, алыс шетел ғалымдарының мақалаларына талдау жасалады. 2017 жылы автормен ішкі аудиттің даму кезеңдерін анықтау мақсатында алғашқыда Ресей және Қазақстан ғалымдарының мақалаларына мәтіндік талдау жасалған болатын [26].

Кейін алыс шетел мемлекеттерінің ғалымдарының мақалаларын мәтіндік зерттеумен толықтырылды. Алғашында ішкі аудит бойынша қазақстандық авторлардың ғылыми жұмыстары алынды. Сондай-ақ, Elibrary және Siberleninka ғылыми электрондық кітапханасында жарияланған шетелдік авторларының зерттеулері жарияланған 240 ғылыми материалдар мақалалар қарастырылған [27].

Бұл кітапхананың басты артықшылығы оның базасында 37 мыңнан астам түрлі жариялымдар бар. «Siberleninka» электрондық кітапханасының алдыңғы кітапханаға қарағанда, мақсаты ғылыми жұмыстарды тарату, сондай-ақ, ресейлік ғалымдардың еңбегінің сілтемелік деңгейін арттыру болып табылады [28].

Ал, шетелдік мақалалар Google Scholar жүйесінен алынды. Бұл жүйе ғылыми жарияланымдардың толық мәтінді іздеуделуін қамтамасыз етеді. Яғни олар Scopus, Clarivate Analytics, Journal Citation Reports, Web of Science Core Collection базаларынан алынды [29].

Біз ішкі аудит жүйесін банктерді корпоративтік басқару тетігі ретінде қарастырдық. Зерттеу жұмысында экономикалық қызметтің және бақылау шараларының ұтымдылығын арттыру үшін ішкі аудиттің алғашқы тұжырымдамалық түсінігі берілді. Мәтіндерді талдау арқылы, яни атап айтқанда, Text mining көмегімен ішкі аудиттің дамуы бойынша зерттеулер бұрын ешқашан жүргізілмеген. Анығырақ айтқанда мәтіндік талдау машиналық оқыту бағдарламалары (R ,бағдарламасы және т.б.) арқылы жүзеге асырылды. Машиналық оқыту бағдарламалары қазіргі кезде біздің өміріміздің барлық дерлік аспектілерінде кездеседі және одан ішкі аудит саласындағы зерттеулер де тыс қалмайды. Oxford Analytica қолданатын машиналық оқыту алгоритмдері әлемдегі ең маңызды екі саяси оқиғаны болжауға мүмкіндік берді. Ол - АҚШ президенті лауазымына Дональд Трамптың сайлануы, Brexit туралы шешім қабылданған британдық референдум.

Адамдардың жалпы бір бағыт немесе мәселесі туралы не ойлайтынын немесе оның қоғамда алатын орынын, онын не қалайтынын бүгінгі күні машиналық талдау арқылы біле аламыз [30].

Уикипедия мәтіндік талдауға келесідей анықтама береді: «Мәтіндік талдау ол - сандық бағалау, аффективті жағдайлар мен субъективті ақпаратты зерттеу үшін табиғи тілді өңдеуді біріктіреді. Сонымен қатар мәтіндік талдауды,

компьютерлік лингвистиканы, биометрияны қолдануды білдіреді.

Мәтіндік талдау сөйлеушінің, басқа да субъектінің қандай да бір тақырыпқа немесе жалпы контекстуалды полярлыққа, құжатқа эмоциялық реакциясына, өзара іс-қимылға, оқиғаға қатынасын анықтауға бағытталған. Уикипедияның анықтамасын пайдалана отырып, бұл жұмыста ішкі аудит жүйесінің даму тенденциясы қарастырылған мақалаларды мәтіндік талдау арқылы іске асырылды. Қазіргі уақытқа дейін ішкі аудиттің даму мәселелері бойынша мәтінді талдауды қолдану мүмкіндігі ешқандай зерттеулерде қарастырылмаған. Бірақ ғылымның басқа салаларында әр түрлі мәселелерді шешу мақсатында ол кеңінен қолданылуда [31].

Мәтіндік талдаудың ең алғашқы мысалдарын жалпы И. Уилкс пен И. Биеннің жұмысынан табуға болады [32]. Б.Панг және Л. Ли 2008 ж. мәтінді және пікірлерді талдау шамамен 2001 жылдары болғанын растайды және шамамен осы мезгілде он төрт маңызды мақала жарияланған [33].

Келесі бірнеше жылда мәтінді талдау туралы жүздеген мақалалар жарияланды. Р. Пириянидың пайымдауынша соңғы он бес жыл ішінде мәтінді автоматты талдауын қолдану кеңірек орын алды [34].

Қазіргі таңда 488 зерттеу жұмыстарын қамтитын талдаудың ең ірі ғылыми зерттеулері авторларының барлық рецензияланатын мақалаларының 40% -ға жуығы мәтіндік талдауды қолданғанын көрсетеді. Мәтіндік талдаудың ертерек дамуы коммерциялық және барлау мақсаттарымен байланысты болды. Кейінірек оны машиналық оқыту қолданылған табиғи тілді өңдеу, ақпаратты іздеу құралдары саласындағы жетістіктер, ғаламтор-шолуларды қоса өңдеуге болатын мәліметтер көлемінің өсуіне айтарлықтай ықпалын тигізді.


Сонымен қатар, есептеу қуатын айтарлықтай арттыру және «бұлтты» есептеу сервистерін дамытуда (Amazon Web Services сияқты) да елеулі рөл атқарды. Бұл үрдістер мәтінді талдау үшін міндеттерді, тәсілдерді және бағдарламаларды шолуда 2015 жылы Т.Равимен өз зерттеуінде қарастырған. Онда 2002 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде жазылған 251 мақаланың мәтіндік талдауы ұсынылған [35].

Мәтінді талдау әдістерін қолдану үшін pdf форматында мақалаларды жүктеп, таза мәтін форматына өзгерту қажет. Файлдарды өзгерту нәтижесі – бұл мәтіндік корпус, мақалаларды жариялау күнінен тұрады. Одан әрі корпусты талдауға дайындау қадамы болады. Бұл қадам кезінде мәтіннен тыныс белгілері, сандар, шетел сөздері, авторлардың аттары, мағынасыз сөздер алынып тасталады. Таза корпустың бірінші қолданылуы ағылшын және орыс корпустары үшін жиі кездесетін сөздерді сәйкестендіру түрінде болады. Ең жиі кездесетін сөздерді анықтау мәтінді оның құрамдас бөліктеріне, сөздерге бөлуді қажет етеді. Сол арқылы мақала индексі бар қосымша баған жасалады, ал мәтіннің бағаны барлық сөздер кіретін сөздер бағанына айналады.

Содан кейін мәліметтер мақала жарияланған жылы бойынша топтастырылады және сөздің жиілігі есептеледі. Барлық нұсқауларды орындауға берілген R бағдарламасындағы кодтар Қосымша Ә – да берілген.

Төмендегі суретте 2005-2018 жылдар аралығындағы қазақстандық және ресейлік жинақталған мақалалар бойынша «Ішкі аудит» ұғымының даму

тенденциясы қарастырылған (сурет 2).



Сурет 2 – Қазақстандық және ресейлік мақалалар корпусындағы ішкі аудит тақырыбына қатысты сөздерінің жиілігі


Ескерту – R статистикалық бағдарламалық пакетте автормен жасақталған

Сурет 2005-2018 жылдар аралығында қазақстандық және ресейлік авторлар мақалаларында ішкі аудит ұғымының мәнін ашатын сөздердің даму үрдісінде олардың әр түрлі еместігін көрсетеді.

Мәтіндік талдау R статистикалық бағдарламасында өңделіп жасақталды. Талдау барысында берілген әрбір нұсқай код түрінде А - Қосымшасында берілген. Төмендегі суретте шетелдік ғалымдардың ішкі аудит туралы мақалаларының даму тенденциясы көрсетілген.

Шетелдік мақалалар корпусы сөздерінің жиілігіне назар аударсақ, оларда жылдан жылға даму үдерісі болып отырғандығын байқаймыз (сурет 3).

Қазақстандық және Ресейлік, сонымен қатар шетелдік мақалалар корпусының ішкі аудит ұғымының мәнін ашатын сөздері бір бірінен айырықшаланады.



Сурет 3 – Шетелдік мақалалар корпусы сөздерінің жиілігі

Ескерту – R статистикалық бағдарламалық пакетте автормен жасақталған

Суреттен байқағанымыздай жылдан жылға ішкі бақылау бірінші екі орынды алды. Бұл шетелде ішкі аудит дамуы шеңберіндегі пікірталастар қарқынды өзгеріп отырғандығын көрсетсе, ҚР мен РФ ғалымдары мақалаларында айтарлықтай өзгерістер байқалмады.

Мәтінді талдау барысында тағы бір қызықты факт анықталды, бұл аудит және ревизия сөздері арасындағы корреляция (сурет 4).

	word similarity to model[[c("ревизия")]]		word similarity to model[[c("аудит")]]		
1	ревизия	1.0000000	1	аудит	1.0000000
2	товарноматериальных	0.4762059	2	внутренний	0.7714811
3	ревизию	0.4143260	3	контроль	0.4356068
4	комис	0.3792722	4	осуществле	0.4184183
5	решением	0.3782410	5	отделом	0.4112382
6	внешний	0.3765524	6	руководителям	0.4102188
7	свой	0.3676530	7	успех	0.3973755
8	финстатинформ	0.3581908	8	лением	0.3955479
9	ревизионная	0.3565327	9	рациональных	0.3922885
10	банковский	0.3527379	10	обнаруженных	0.3908842

Сурет 4 – «Аудит және Ревизия» сөздер арасындағы корреляция


Ескерту – Сурет R статистикалық бағдарламалық пакетте автормен жасақталған

Сөздердің ұқсастығын анықтау үшін біз «word2vec» алгоритмін қолдандық. Word2vec құралы мәтіндік корпусты семантикасын талдаудың бағдарламалық құралы ретінде дистрибутивтік семантика мен сөздердің векторлық көрінісіне негізделген технология болып табылады. Бұл құралды Google зерттеушілер тобы 2013 жылы мәтіндік талдау жүргізу үшін әзірлеген. Word2vec құралы мәтіндік корпусты кіретін мәліметтер ретінде қабылдайды және векторларды нәтиже ретінде шығарады.

Алдымен үйретуші мәтіндік мәліметтерден сөздік құрылады, содан кейін сөздердің векторлық түсінігін қалыптастырады. Сөздердің векторлық репрезентациясы векторлардың ерекше сипаттарын пайдалануға және косинустық сәйкестік коэффициенті (cosine similarity) арқылы екі сөздің ұқсастығын есептеуге мүмкіндік береді.

Косинустық сәйкестік коэффициенті (cosine similarity) – бұл екі вектор арасындағы бұрыш. Егер бұрыш нөлге тең болса, онда екі вектор бірдей, яғни мағынасы ұқсас. «Аудит» және «ревизия» арасындағы косинустық сәйкестік коэффициенті (cosine similarity) 0,42-ге тең. Сөздің векторлық көрінісі – құжаттардағы сөздерді репрезентациялаудың ең танымал әдістерінің бірі. Ол құжаттағы сөздің мән-мәтінін, семантикалық және синтаксистік ұқсастығын, басқа сөздермен байланысын және т.б. қамти алады. Сөздің векторлық түсінігі дегеніміз не? Тіке айтқанда – бұл сөзді нақты корпус үшін вектор ретінде көрсету үдерісі. Сөздің векторлық көрінісі бізге оның мән-мәтінін көрсетуге қалай көмектеседі? Оның қалай жұмыс істейтінін келесі сөйлемдерді қарастырайық: Have a good day и Have a great day. Олардың әр түрлі мағынада болуы екіталай. Егер біз бірегей сөздер сөздігін жасайтын болсақ (оны V деп атайық), ол $V = \{\text{have, a, good, great, day}\}$ -дан тұрады.

Енді V сөздігіндегі әрбір сөзді айнымалыға (бағанға) айналдырайық. Біздің вектордың ұзындығы V шамасына тең болады (яғни 5). Сөздіктегі тиісті сөзге жатпайтын вектордың әрбір элементі нөлге, ал сөздікке қатысты сөз бірге тең болады. Мысалы: Have = [1,0,0,0,0]; a=[0,1,0,0,0]; good=[0,0,1,0,0]; great=[0,0,0,1,0]; day=[0,0,0,0,1] (сурет 5).



Сурет 5 – «Аудит» және «Ревизия» деген ұғымдарының арасындағы корреляциялық байланыс

Ескерту – Сурет R статистикалық бағдарламалық пакетте автормен жасақталған

Сөзді бес өлшемді векторлық кеңістік ретінде көрсету (біздің мысалда) екі вектордың ұқсастығы өлшемінің қасиетін қолдануға мүмкіндік береді. Косинустық сәйкестік коэффициенті (cosine similarity) екі вектордың ұқсастығын есептейді.

Егер бұрыш нөлге тең болса, онда екі вектор ұқсас, яғни мағынасы бірдей. Біздің мысалда «good» және «great» сөздері арасындағы ұқсастық деңгейі 1-ге тең болады. Мысалы, «Аудит» және «Ревизия» ұғымдарының арасындағы корреляция коэффициенті - 0,42 –ге, яғни 42% - ға тең. Яғни мәтіндік тақырыптары ұқсас. Сонымен, ішкі аудит бойынша әдебиетке шолу жүргізу және ішкі аудит ұғымының даму тенденциясын мәтіндік талдау бойынша келесідей қорытынды жасауға болады.

Мәтіндік талдау нәтижесінде қазақстандық және ресейлік сонымен қатар шетелдік мақалалар корпусының контрастысынан қазақстандық және ресейлік ғалымдар еңбектеріндегі ішкі аудит ұғымына қатысты сөздердің әртүрлілігінің болмауын байқадық. Ал, шетелдік ғалымдардың ішкі аудит жүйесі тақырыбы төңірегіндегі пікірталастар қарқынды өзгеріп жатқан. Дегенмен экономикалық тұрақсыздық және қосымша тәуекелдер, ХҚЕС-тың өзгерістері орын алған жағдайында ішкі аудиторлар алдында үлкен міндеттер тұр.

Сонымен бірге әдебиетке шолу және ішкі аудит ұғымының даму тенденциясын талдау осы сала бойынша зерттеуге екі үлес қосады. Бұл әлемдегі ішкі аудиттің дамуын талдау үшін мәтінді талдау модельдерін алғашқы қолдану. Екінші посткеңестік одақ авторлары мен шетел авторларының ішкі аудит ұғымының даму тенденциясын мәтіндік талдау арқылы салыстыру.

1.2 Екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудит: құрылымы және қатысушылары

Банк экономика салалары арасында бірегейі болып табылады, себебі ол экономиканы қаржылық ресурстармен қамтамасыз ете отырып, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Бақылаушылар бірінші кезекте нарықтағы сенімділікті қолдау және салымшылардың мүдделерін қорғау мақсатында банк жүйесінің тұрақтылығын сақтауға және жекелеген банктердің қауіпсіздігін, сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Банктік қадағалау бойынша Базель комитеті шығарған «Корпоративтік басқаруды жетілдіру қағидалары» құжатында (BCBS, Principles for Enhancing Corporate Governance) ішкі аудит қызметіне қатысты негізгі мәселелер қарастырылған. Атап айтқанда қажетті өкілеттіктер, мәртебесі, ресурстары мен тәуелсіз болуы, директорлар Кеңесімен тікелей өзара қарым - қатынас жасау қажет екендігі қарастырылған [36].

Сонымен, қадағалау тиімділігін арттыру мақсатында ішкі аудиторлар аудиторлық тексеруді жүзеге асыруда барысында сапаға үлкен назар аударады. Ішкі аудит жүйесі сенімді корпоративтік басқарудың бір бөлігі болып табылады [37].

Жалпы аудит – экономикалық теорияға негізделе отырып, тәжірибелік тұрғыдан пайда әкеледі. Сонымен қатар, объективті түрде бағалап ғана қоймай, болашаққа болжам жасай алады [38].

Тәуелсіз, құзыретті және білікті ішкі аудиторлар тиісті корпоративтік басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Біздің ойымызша ішкі аудит жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқарудың ажырамас элементі деп қарастырамыз. Ішкі аудит қызметі банктің директорлар Кеңесін банктегі ішкі бақылау жүйесінің жай-күйі туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп отырады. Бұның өзі бізге банктегі ішкі аудит қызметі банктерде шығындардың пайда болу ықтималдығын төмендетуге және олардың іскерлік беделін жоғалтпауға ықпал етеді деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек басқаруға қажетті ішкі аудит жүйесін ұйымдастыруға қажетті регламенттер мен құжаттарды қалыптастыру маңызды. Олардың негізгілері: ішкі аудит туралы ереже, ішкі аудит қызметінің құрылымдық бөлімшелері туралы ереже, аудиторларға арналған лауазымдық нұсқаулықтар, ішкі аудит стандарттары мен нормалары, әдістемелік нұсқаулықтар [39].

Ішкі аудит жүйесінің тиімділігі көптеген ғалымдармен зерттелген. Сол зерттеулерде тиімді жүргізілген ішкі аудит жүйесі банктің үлкен жетістікке жетуіне септігін тигізеді деп айтылған. Коммерциялық банкте ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қолданыстағы бірнеше тұжырымдамаларын қарастырайық:

- Тредуэя комиссиясының демеуші ұйымдар комитетінің басшылығына сәйкес ішкі бақылау жүйесінің «Ішкі бақылау. біріктірілген үлгі» тұжырымдамасы.

- БҚБК ұсыныстарында және басқа да халықаралық құжаттарда көрсетілген, ішкі бақылау жүйесінің «қорғаныстың үш желісі» тұжырымдамасы.

- коммерциялық банктердің ішкі бақылау жүйесінің тұжырымдамасы.

- қаржылық есептілікті дайындауға ішкі бақылау жүйесінің тұжырымдамасы.

Ішкі бақылау қызметтердің тиімділігін және қаржылық есептіліктің шынайылығын қамтамасыз етумен байланысты міндеттердің орындалуы бойынша ақпараттарды алу мақсатында банктің басқару органымен және тиісті қызметкерлерімен жүзеге асырылатын үрдіс болып табылады.

Жалпы несие тәуекелін төмендеті бойынша банкті қадағалау бойынша Базель комитетінің шығарған құжатында тәуекелдерді басқару бойынша толық қарастырылған [40].

М. Джонотан және М. Охараның пайымдауынша бұл белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асырылатын процедура немесе саясат қана емес, банктегі барлық деңгейде үнемі бақылау жүргізетін үрдіс. Директорлар Кеңесі мен менеджмент ішкі бақылауды тиімді жүзеге асыруды жеңілдететін үдерісті қалыптастыруға және оның тиімділігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізуге жауапты болып табылады. Алайда ұйымның әрбір қызметкері де осы үдеріске қатысуы тиіс [41].

Осылайша, біз берілген ішкі бақылау анықтамасында, біздің ойымызша банктің барлық қызметкерлері бақылауды жүзеге асыруға қатысатындығы атап көрсеткіміз келеді.

Ішкі бақылау жүйесінің «Үш қорғаныс желісі» тұжырымдамасы «Банктердегі ішкі аудит қызметі» құжатында сипатталады. «Банктік бизнес-бірліктер,

қолдаушы бөлімшелер мен ішкі аудит бөлімшесі арасындағы өзара қарым-қатынас «Үш қорғаныс желісі» үлгісінің көмегімен сипатталуы мүмкін.

Бизнес-бөлімшелер бірінші «қорғау желісі» болып табылады. Олар тәуекелге ұшыраудың бекітілген шектері деңгейінде өздеріне тәуекелдерді қабылдайды, жауапты болып табылады және өзінің бизнес-тәуекелдерін сәйкестендіруге, бағалауға және бақылауға есеп береді.

Екінші «қорғаныс желісі» тәуекел-менеджмент, заң қызметі, қызметкерлерді басқару, қаржы бөлімшесі, операциялық бөлімше және IT-қолдау сияқты қолдаушы бөлімшелерден тұрады. Осы бөлімшелердің әрқайсысы бизнес-бірліктерде тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етеді.

Барлық басқарушылық бөлімшелер стратегияны анықтау және банк деңгейінде тәуекелге ұшырау мүмкіндігін түсіну мақсатында ақпарат жинау үшін тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Ішкі бақылауды жүзеге асыру бойынша міндеттер бір «қорғаныс желісінен» басқасына беріле алмайды. Біздің пікірімізше, 2014 жылдың маусым айында енгізілген ең маңызды өзгеріс – отандық банктермен «Қорғаныстың үш желісі» тұжырымдамасының іс жүзінде мойындалуы. Үшінші «қорғаныс желісі» - бұл бірінші және екінші «қорғау желілерінде» болып жатқан үдерістердің тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүргізетін және осы үдерістердің орындалуын қамтамасыз ететін ішкі аудит бөлімшесі (сурет 6).



Сурет 6 – Бақылау қызметін үш «қорғаныс желілері» арасында бөлу

Ескерту – [29] Әдебиттер негізінде автормен жасақталған

Берілген тұжырымдама шегінде ішкі бақылау қызметі екінші «қорғаныс желісі» органы, ал ішкі аудит қызметі үшінші «қорғаныс желісі» органы болып табылады. Бұл иерархия ішкі аудит қызметіне бірінші желінің де (яғни бизнес және операциялық бөлімшелерді), екінші желінің тексерілуге жататындығын көрсетеді. Қазақстандық, шетелдік ЕДБ-нің ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру тәжірибесі үш «қорғаныс желісі» арасында бақылауды жүзеге асыру бойынша функционалдың әртүрлі шоғырлануын көрсететін атап өту керек. Отандық банктерде бақылау бойынша тарихи негізгі функционалды үшінші «қорғаныс желісі», яғни ішкі аудит бөлімшесі жүзеге асырады.


Осы тұжырымдаманы қабылдау коммерциялық банктердің ішкі бақылау жүйесін заңнамалық реттеуге маңызды өзгерістер енгізеді. Ол ішкі бақылау және ұйымның тәуекелдерін басқару облысындағы бөлімшелердің жауапкершілік аймағын бекітеді. Ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру үшін белгілі бір «қорғаныс желісіне» кіретін бөлімшелерге ерекше міндеттер қою жеткіліксіз екендігін айту керек.

Үш «қорғаныс желісі» арасында бақылау қызметтерін бақылауда ешқандай бақылау қызметтерін қажетсіз қайталау болмайтындай етіп бөлу маңызды міндет болып табылады. Ал ірі халықаралық банктерде бақылау қызметі бойынша негізгі жүктеме бірінші «қорғаныс желісі», яғни бизнес және қолдау көрсететін функционалдық бөлімшелерге жүктеледі. Мұнда ішкі аудит бөлімшесінің негізгі қызметі бірінші және екінші «қорғаныс желілерінің» жұмыс істеу мониторингіне және бақылау тиімділігін бағалауға негізделеді. Әрбір «қорғаныс желісі» үшін осы бөлімшелердің қызметкерлеріне банктің тәуекелдерді басқару құрылымындағы және ішкі бақылау жүйесіндегі өз рөлін нақты түсінетіндей міндеттер белгіленуі тиіс. Басқаша айтқанда, үш «қорғаныс желісі» жүйесін ұйымдастыру кезінде тәуекел-менеджменттің, бақылау бөлімшелерінің шектеулі ресурстары тиімді пайдаланылуы қажет. Бірінші «қорғаныс желісінде» жүйені тиімді ұйымдастыруды бақылау қызметінің операциялық процедураларын әзірлейтін, өз қызметкерлерін осы процедураларды орындау шегінде бақылауды жүзеге асыратын желілік менеджмент орындайды.

Жетінші суреттен көріп отырғанымыздай, «қорғаныс желісінің» мәні бірінші «қорғаныс желісіне» қатысты жартылай басқару қызметі болып табылады. Себебі тәуекелдерді басқару мен бірінші «қорғаныс желісі» үшін бақылау бөлігіне ережелерді бекітеді. Тек үшінші «қорғаныс желісі» - ішкі аудит ғана банктің басшылығына, деректорлар Кеңесіне корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз баға бере алады. Сонымен бірге екінші «қорғаныс желісінің» қызметінің тиімділігіне бағалай алады.

Үш «қорғаныс желілерінің» толыққанды жұмыс істеуі үшін оларды тиімді үйлестіру қажет. Үш «қорғаныс желілерінің» арасында тиімді ішкі бақылау жүйесін құру үшін оларды үйлестірудің жалғыз дұрыс жолы жоқ, себебі әрбір коммерциялық банк өз алдына жеке белгілейді. Сондықтан «қорғаныс желілері» арасында функционалды бөлу ережелері әрбір банк үшін жеке, бірақ, әрине, заңнама, басшылық және акционерлердің талаптарын ескере отырып, жасалуы тиіс.

Ал, елеулі тәуекелдер сәйкестендірілуі және тиісті түрде басқарылуы үшін тұтастай үйлестірілген тәсілді қолдану қажет. Егер үш «қорғаныс желісі» жүйесін ұйымдастыру кезінде барлық осы іс-шаралар жүргізілмесе, онда банктің әр түрлі бақылау бөлімшелері арасындағы өзара қарым-қатынастар әлсірейді. Бұл банктің жалпы бақылау сапасын нашарлатады (сурет 7).



Сурет 7 – «Үш қорғаныс желісі» тұжырымдамасы (Three lines of defense)

Ескерту – [29] «Үш қорғаныс желісі» тұжырымдамасы негізінде автормен жасақталған

Суреттен көріп отырғанымыздай, ішкі аудит қызметі қолданыстағы тәуекелдерді басқару үдерісінің сапасына тәуелсіз баға береді, бұзушылықтарды анықтайды, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар береді. Директорлар Кеңесі бұл қорытындыны шешім қабылдауда және стратегиялық жоспар құруда басшылыққа алады. Аудит жөніндегі комитеттің қадағалауымен ішкі аудит қызметі қорғаудың бірінші, екінші желілерінің қызметтеріне мониторинг жүргізеді. Сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шараларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Осы себепті екінші «қорғаныс желісі» банк басшылығына және директорлар Кеңесіне тексеру бойынша тәуелсіз бағалауын бере алмайды, өйткені бизнестен толығымен тәуелсіз болып табылмайды.

7-суретте көрсетілгендей, біздің ойымызша тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері шегіндегі бірінші «қорғаныс желісінің» қызметтері - тәуекелдерді қабылдау және бөлімшелер қызметі аясында - күнделікті ағымдағы бақылауды білдіреді. Екінші «қорғаныс желісінің» қызметтері - директорлар Кеңесі бекіткен банктің жұмыс істеу ережелерін ұйымдастыру және әзірлеу, олардың сақтығын бақылауды көрсетеді. Ал үшіншісі - «қорғаныс желісінің» қызметі бірінші және екінші «қорғаныс желісінің» ұйымдастырылуын және жұмыс істеуін бағалауды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай отырып, ішкі аудиторлар институты ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру аясында келесі шарттарды қарастырады:

- тәуекелдерді басқару және бақылау үдерістері «Үш қорғаныс желісі» үлгісіне сәйкес ұйымдастырылуы;

- әрбір «қорғаныс желісі» үшін рөлдерді анықтау, сондай-ақ, тиісті саясат пен процедуралар жасалуы;

- «қорғаныс желілері» арасында олардың тиімді жұмыс істеуі мақсатында ұтымды үйлестірілуі;

- «қорғаныс желілері» арасында олардың тиімді жұмыс істеуі мақсатында ақпаратпен және біліммен алмасу дұрыс болуы;

- «қорғаныс желілері» бір-бірімен біріктірілмеуі.

Басқаша айтқанда ішкі бақылау - бұл несиелік ұйым (оның басқару органдары, бөлімшелері және қызметкерлері) жүзеге асыратын және келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметтер және келісімдерді біріктереді:

- банк операцияларын және басқа да мәмілелерді жасау кезінде қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігі;

- активтердің сақталуын, банк тәуекелдерін басқаруды қамтамасыз етуді қоса алғанда, активтер мен пассивтерді басқару тиімділігі;

- қаржылық, бухгалтерлік, статистикалық өзге де есептілікті (сыртқы және ішкі пайдаланушылар үшін) жасаудың және ұсынудың дұрыстығы, толықтығы, объективтілігі мен уақыттылығы;

- ақпараттық қауіпсіздігі (ақпараттың, инфрақұрылымының, ақпаратты жинаудың қалыптастыруды, таратуды және пайдалануды жүзеге асыратын субъектілердің мүдделерін қорғауы);

- нормативтік құқықтық актілерді өзін-өзі реттейтін ұйымдардың стандарттарын (бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылар үшін),

несиелік ұйымның құрылтай және ішкі құжаттарын сақтау;

– несиелік ұйымның тартылуын және оны қызметкерлерінің құқыққа қарсы әрекетке, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кәрістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қатысуын болдырмау, сондай-ақ, ҚР заңнамасына сәйкес уақытылы ұсыну.

Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың «Үш қорғаныс желісі» тұжырымдамасына сәйкес ішкі аудит қызметі үшінші «қорғаныс желісінің» органы болып табылады. Яғни бірінші және екінші «қорғаныс желісінің» ішкі бақылау жүйесінің мониторингін жүзеге асырады. Ішкі аудитті банктің ішкі бақылау жүйесінің және оның капиталды бағалаудың ішкі процедурасының үздіксіз мониторингінің бөлігі ретінде сипаттайды. Өйткені ішкі аудит банктің әдістемелері мен процедураларының дұрыстығы мен сақталуын тәуелсіз бағалауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте ішкі аудит қызметі жоғары буынның менеджменті мен Директорлар Кеңесіне олардың өз міндеттерін тиімді және әрекетті орындауға көмектеседі. Сонымен қатар ішкі аудит жүйесі сыртқы аудитті қажетті ақпаратпен қамтамасыз ете алады.

Сонымен бірге, осы желілерді басқару бойынша нәтижелерді ішкі аудиторлар сыртқы аудиторлық тексеру барысында да қолдана алады [42].

Ішкі бақылау жүйесінің «Үш қорғаныс желісі» тұжырымдамасы БҚБК-н 2012 жылғы маусымдағы «Банктердегі ішкі аудит қызметі» құжатында сипатталады. Осыған байланысты, банктік бизнес-бірліктер, қолдаушы бөлімшелер мен ішкі аудит бөлімшесі арасындағы өзара қарым-қатынас «Үш қорғаныс желісі» үлгісінің көмегімен сипатталуы мүмкін.

Бизнес-бөлімшелер бірінші «қорғаныс желісі» болып табылады. Олар тәуекелге ұшыраудың бекітілген шектері шегінде өздеріне тәуекелдерді қабылдап, жауапты болып табылады және өзінің бизнес-тәуекелдерін сәйкестендіруге, бағалауға және бақылауға есеп береді.

Сонымен, ішкі бақылау – бұл директорлар Кеңесі, менеджмент және барлық деңгейдегі қызметкерлер жүзеге асыратын үдеріс. Бұл белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асырылатын процедура немесе саясат қана емес, банк ішіндегі барлық деңгейлерде үнемі жүретін үдеріс. Директорлар Кеңесі мен менеджмент ішкі бақылауды тиімді жүзеге асыруды жеңілдететін мәдениетті қалыптастыруға және оның тиімділігіне үнемі миниоринг жүргізуге жауапты, және де банктің әрбір қызметкері де осы үдеріске қатысуы тиіс. Осылайша, ішкі бақылау анықтамасында банктің барлық қызметкерлерінің оны жүзеге асыруға тартылғандығын атап көрсетеді [43].

Жалпы банктер бойынша ішкі аудит пен бақылауға қатысты заңнамалар Қазақстанда шетелдерге қарағанда кеш дамыған. ҚР ЕДБ-терде ішкі бақылауда қолданылатын банктік қадағалау бойынша бірнеше нормативтік құқықтық құжаттар қолданылады. Олар:

– «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Қазақстан Республикасының Заңы (2018.02.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [44].

– Акционерлік қоғамдар туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Қазақстан Республикасының Заңы (2019.01.07. берілген өзгерістер мен

толықтырулармен) [45].

- Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-І Заңы (2019.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [46].

- «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 18 наурыздағы № 36 қаулысы [47].

ЕДБ күйреуі төңірегінде жариялымдардың шетелдік және отандық авторлары күйреу себептеріне көп талдау жүргізген. Талдау барысында ішкі бақылаудың тиімді жүйесі қаржылық залалдардың және тіпті компанияның күйреуінің алдын ала алады деген қорытындыға жиі келеді. Олар тәуекелге ұшыраудың бекітілген шектері шегінде өздеріне тәуекелдерді қабылдайды, жауапты болып табылады және өзінің бизнес-тәуекелдерін сәйкестендіруге, бағалауға және бақылауға есеп береді. Осы үдерістердің орындалуын қамтамасыз ететін – ішкі аудит бөлімшесі. Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты банктегі ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге ықпал етуін бағалаумен ерекшеленеді. Сондай-ақ, банктің барлық қызметкерлерінің ҚР Заңнамасының және нормативтік актілердің талаптарын, өзге де реттеуші талаптарды сақтауға негізделеді.

Жалпы ішкі аудиттің басты мақсаттарының бірі - тиісті комитеттердің шешімдерін, сондай-ақ, өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау. Сонымен қатар, басқару органдарына банктің тиімді жұмыс істеуіне көмектесу, банк тәуекелдерін барынша азайту бойынша шараларды уақытылы анықтау және оларды төмендетуге кеңес беру болып табылады. Бақылау ортасының қанағаттанарлық деңгейін, оның тиімділігін бағалау және оны үнемі жетілдіруге ықпал ету арқылы қолдауға көмек беру. Ішкі аудит қызметі банктің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, оның табысқа жетуіне көмектеседі [48].

Ішкі аудит қызметі әрекетінің аясы банк қызметінің барлық бағыттары болып табылады. Жалпы банкте қызметті тексеруде келесідей аудит түрлерінің мақсаттары берілген:

- қаржылық аудит мақсаты – қаржылық есептілік элементтерінің жағдайын, шынайылығын, негізділігін бағалау.

- операциялық аудит мақсаты - жүйелердің, үдерістер мен процедуралардың сапасын және сәйкестігін бағалау. бұл банктік құрылымдарды және оларға жүктелген функцияларды орындау үшін олардың жектіліктілігін талдау болатын коммерциялық банктің бизнес-үдерістерінің (операциялық қызметтің) аудиті.

- сәйкестікке аудит мақсаты - банктерде қалыптасқан ҚР заңнамасының және өзге де актілердің талаптарын сақталуын қамтамасыз ету жүйесінің сапасы мен сәйкестігін бағалау. ҚР заңнамасының, реттеуші мен қадағалау

органдарының өзге де актілерінің, несиелік ұйымның ішкі құжаттарының, олармен бекітілген әдістемелердің, бағдарламалардың, ережелердің, тәртіптердің, процедуралардың сақталуын тексеру.

- басқару сапасы аудитінің мақсаты - банктің басқару органдарының, бөлімшелерінің, қызметкерлерінің банкпен қойылған мақсаттар шегінде банктік тәуекелдер және оларды бақылау әдістеріне қойылатын тәсілдерінің сапасын бағалау. әдетте қр банк секторындағы банк қызметін қадағалау ерекшеліктеріне байланысты сәйкестікке аудит жиі жүргізіледі [49].

Дамуы жоғары деңгейдегі ішкі аудит қызметтері, сәйкестікке аудиттен басқа, қаржылық, операциялық, сондай-ақ, IT-аудит әдістерін енгізді немесе енгізуде. Ішкі бақылау қызметі (комплаенс-қызмет) екінші «қорғаныс желісінің» органы болып табылады [50]. ҚР ЕДБ-де бұл қызметтің болуы олардың ішкі бақылау жүйесін реттейтін заңдылықтардағы соңғы өзгерістерге сәйкес міндетті екендігін көрсетеді.

Сонымен, ЕДБ-ді бақылау жүйесі «Үш қорғаныс желісі» арқылы іске асады. Тиімді жүргізілген ішкі аудит жүйесі банктің тұрақтылығы мен рентабельділігін қамтамасыз етеді.

1.3 Екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудиттің қазіргі жағдайы

Елдегі ағымдағы экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайлар банктердің бизнесіне, олардың стратегиясына, олармен қабылданатын тәуекелдер деңгейіне елеулі әсер етуде.

Сонымен қатар ағымдағы жағдайларда стратегиялық кеңесші ретінде ішкі аудит қызметіне қажеттілік күшейе түсуде. Бұл ішкі аудит қызметі банктің ағымдағы стратегиясын жаңа экономикалық жағдайлар мен жұмыс істеу ортасына сәйкестігі тұрғысынан бағалауды жүргізу керектігін білдіреді. Меншік иелері мен менеджментке стратегияның ықтимал өзгерістері мен түзетулері бөлігінде ұсыныстар мен кеңес беру қажет деген сөз.

Соңғы уақытта банктермен қолданылатын ақпараттық технологиялардың ақпараттық қауіпсіздік үдерістерін неғұрлым терең талдау мен бағалау қажеттілігі күннен күнге артуда. Осы көрсетілген жағдайлар ішкі аудиторлардың дағдыларына, кәсіби біліктілігіне, біліміне қойылатын талаптарды арттырады және олардан уақыттың шектеулі жағдайында шешімдер қабылдауды талап етеді [51].

Қазіргі заманғы Қазақстандық банк жүйесі қарқынды дамып келеді деуге болады. Дегенмен, соңғы жылдары Ұлттық банк талаптарының ұдайы өсуіне байланысты ұлғайып келе жатқан несиелік тәуекелдер деңгейінің өсімі байқалады. Сонымен қатар бұған дейін банктерде байқалмаған тәуекелдердің жаңа түрлері пайда болып келеді. Бұл өз кезегінде банктерді өз қызметіне төнген қауіптерді уақытында жою үшін тәуекелдерді тиімді бағалауды енгізудің жаңа тәсілдерін әзірлеуді және қолданыстағы тәсілдерді жетілдіруді талап етеді [52].


Мұндай экономикалық жағдайлар банктік ортада өмір сүрудің белгілі бір шарттарын белгілейді. Бұл - мәселелерді шешудегі көптеген құралдардың бірі банктерде ішкі аудит жүргізу кезіндегі тәуекелге бағытталған тәсілдер. Осылайша, тәуекелге негізделген аудит мақсаты банк тұрақтылығына әсер етуші

жағымсыз факторлар мен тәуекелдерді алдын ала анықтап бағалау. Сонымен қатар тиімді әрекет ету шараларын дереу қолдану болып сипатталуы мүмкін. Сәйкесінше, оны іске асырудың әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру корпоративтік басқару жүйесінде өткізілген ішкі аудиттің сапасына байланысты.

Қазақстандық банктердің тәуекелдер профилінде не өзгерді? Ең алдымен, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдері, заманауи ақпараттық байланысты тәуекелдері, комплаенс-реттеуші тәуекелдер сияқты тәуекелдер ерекше маңызға ие бола бастады. Сонымен қатар тәуекелдің ең жиі және жоғарғы деңгейде кездесетін түрі несие тәуекелін бағалау да орынды. Осы ретте мәселенің шешімі ретінде – біз ішкі аудит қызметі жиі (ай сайын) кездесетін оқиғаның жаңа тәуекелдерін назарға ала отырып, өз қызметінің жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігін бағалауды ұсынамыз. Қазақстандық реттеуші орган талаптарының қатаңдауына байланысты ішкі аудит қызметі комплаенс тәуекелдерді басқару сапасын тестілеуді ескеру керек.

Сондай-ақ, оның ішінде жаңадан құрылған ішкі бақылау қызметінің әрекетін тексеруді жүзеге асыруға ерекше назар аударылуының маңыздылығы артады. Сонымен қоса ҚР ЕДБ-нің ішкі аудит жүйесінің жағдайын, өткізілу деңгейін, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін, ақпараттық технологиямен қамтылу деңгейін анықтауға бағатталған эксперттік сауалнама жүргізілді (Қосымша Б). Эксперттік сауалнама банктердің ішкі аудиторлары арасында ішкі аудиттің қазіргі жағдайын анықтау мақсатында жүзеге асырылды. Төмендегі суреттерде жүргізілген сауалнаманың басты сұрақтары қарастырылып, сәйкесінше нәтижелері көрсетілген.

Сіздің ойыңызша, төменде берілген сыртқы өзгерістер факторларының қайсысы жақын арадағы 18 айда сіздің банкіңізге барынша әсер етеді деген сұраққа келесідей жауап алғанбыз (сурет 8).



Сурет 8 – Сыртқы өзгерістер факторларының әсер ету сауалнама сұрағы бойынша нәтиже

Ескерту – Сауалнама нәтижесінде автормен жасақталған

Суреттен көріп отырғанымыздай, ішкі аудит жүйесінің өзгерістеріне келесідей сыртқы факторлардың, яғни ақпараттық технологиялар саласындағы технологиялық өзгерістер мен тәуекелдердің әсері маңызды деп саналған. Осы мәліметтер, біріншіден, банктерде ақпараттық техникалық қамтамасыз етілуі қажетті деңгейде еместігін көрсетіп отыр.


Екіншіден, қазіргі уақытта АТ - бұл екінші деңгейлі банктер үшін «өзекті» мәселелердің бірі. ЕДБ тиімді жұмыс атқару үшін, нарықта бәсеке қабілеттілігі жоғары, тәуекелдерді басқаратын, толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін АТ және озық талдау жүйелерін енгізу қажеттілігі туындағанын түсінуде. Дәстүрлі құралдармен мұндай мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігі төмендеу.

Сондықтан банктер, тіпті АТ- деңгейі жеткілікті емес өз құрылымдарының банктер өз құрылымдарының ішінде озық деректерді талдау саласындағы тиісті мамандарды тарта отырып, жаңа бағыттарды іске қосып, даму үстінде [53].

Екінші деңгейлі банктердің озық ақпараттық технологияларды қолдануы ол - әлемдік үрдіс: қазір ақпараттық революция дәуірі және digital-ортаға көшу кезеңі. Банктер осы үдерісте, біздің ойымызша, ең бастысы керекті, тиімді сәттерді жіберіп алмауы және болашақта қосымша даму драйверін алуға мүмкіндік беретін сандық трансформацияны уақытында бастаулары қажет.

Ішкі аудитордың кәсіби біліктілігін жоғарылату ішкі аудиторлардың тиімді жұмыс атқаруына әсер ететіндігі сөзсіз. Ал білікті ішкі аудиторлар өз кезегінде басшылыққа банктің жағдайы туралы толық сапалы ақпарат бере алады. Осымен байланысты екінші деңгейлі банктердің ішкі аудиторлар біліктілігінің деңгейі жайлы сұрағының нәтижесін қарастырайық.

Төменде «Кәсіби сертификаттаудан өттіңіз бе және растаушы қандай құжаттарыңыз бар?»- деген сауалнама қорытындысы берілген (сурет 9).



Сурет 9 – Кәсіби сертификаттаудан өту жайлы сауалнама нәтижесі

Ескерту – Сауалнама нәтижесінде автормен жасалған

Суреттегі сауалнама нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, екінші деңгейлі банктердің ішкі аудиторларының 23,08 %-ы CIA (Ішкі аудитор сертификаты) бар болғаны анықталды.

Бұл көрсеткіш тәуекелдері үлкен және макро, микро деңгейдегі тәуекелдері бар банктер үшін өте төмен көрсеткіш.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты тексерулерді келесілерге қатысты жүзеге асыру болып табылады:

– банктегі ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жағдайын және ықпал етуін бағалау;


– банктің барлық қызметкерлерінің ҚР Заңнамасының және нормативтік актілердің талаптарын, сондай-ақ, өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауы;

– банк басқару органдарына тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуіне көмектесу;

– банк тәуекелдерін барынша азайту бойынша шараларды мезгілінде анықтау және әзірлеу;

– бақылау ортасының қанағаттанарлық деңгейін оның тиімділігін бағалау және оны үнемі жетілдіруге ықпал ету арқылы қолдауға көмек беру.

Ішкі аудит қызметі әрекетінің аясы банк қызметінің барлық бағыттары болып табылады. Енді осы айтылған мақсатқа сәйкес ішкі аудиттің көп жағдайда банкте қандай аудит түрін көбірек өткізетіні жайлы сауалнама сұрағын қарастырайық (сурет 10).



Сурет 10 – Ішкі аудитпен банкте қандай аудит түрлерінің жиі өткізілетіндігі туралы сауалнама нәтижесі

Ескерту – Сауалнама нәтижесінде автормен жасалған

Көріп отырғанымыздай, банк ішкі аудиторлары реттеуші органдардың талаптарына сәйкестік аудитін және операциялық аудит түрін жүргізеді екен. Ал ақпараттық қауіпсіздік аудиті мен тәуекелге бағытталған аудит қажетті жоғары

деңгейде жүргізбейтінін анықтадық.

Сауалнама нәтижесінде ішкі аудиттің дамуы бойынша бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтсақ, ол тексеруде қолданылатын жаңа технологияларды енгізу, аудиторлардың біліктілігін арттыру, тәуекелге бағытталған аудиторлық тексеріс жүргізудің қажетті деңгейде болмауы.

2018 жылдың 2 шілдесінде Ұлттық банкпен енгізілген тәуекелге бағытталған бақылау ережесі негізінде 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) бойынша несие тәуекелдерін бағалау мен провизия құру ережесін қайта қарастыру өзекті болып табылады [54].

Ұлттық Банк қаржы секторын реттеудің қосымша құралы ретінде ұсынатын тәуекелге бағытталған қадағалауы ол банктердің өзіне қабылдайтын несиелік тәуекелдерді неғұрлым дәл бақылауды көздейді [55].

Бүгінгі таңда Қазақстанда барлық банктерде несиелік тәуекелді бағалаудың өз модельдері бар. 2018 жылдан бастап қабылданған 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) талаптарының бірі саудалық дебиторлық берешекке қалыптастырылатын резервтерді есептегенде күтілетін несиелік залалдарды есепке алуы болып табылады. Жаңа стандартқа сәйкес күтілетін несиелік залалдарды есептеу болжамды талдауға өзгерістер енгізуді талап етеді.

Банктердегі тәуекел-менеджмент және банк саласындағы қызметтің шынайылығы төмен болып қалуда. S & P Global Ratings Қазақстан банктерінің тәуекелдерді агрессивті ретінде қабылдауға бейімділігін бағалайды [56].

Шетелдік банктер ішкі аудиттің тиімділігі үшін тәуекелдерді басқару жүйесін белсенді пайдаланады. Алайда, көптеген қазақстандық банктер үшін ішкі аудит үрдісінің құрылу мәселелері мен оны жүргізу кезіндегі тәуекелдерді басқару модельдерінің әдістерін пайдалану әлі де қалыптасу кезеңінде.

Ішкі аудит қызметі қолданыстағы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру немесе егер ол жоқ болса, оны құру бойынша пайдалы ұсыныстар бере алады. Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) стандартына сәйкес: «Ішкі аудит банктің корпоративтік басқаруымен, операциялық қызметімен және оның ақпараттық жүйелерімен байланысты тәуекелдерді бағалауы керек». Тәжірибеде ІАЖ-мен тәуекелі бірнеше рет бағалайды.

Банктер несиелерді беру немесе өзінің несиелік, инвестициялық қоржындарын қайта бағалау үдерісінде қабылданатын несиелік тәуекелдерді бағалайтын өзінің ішкі рейтингтері бойынша жүйесін құруы керек. Ішкі рейтинг жүйесі несиелік тәуекелдерді басқарудың ажырамас бөлігі болуы керек. Бастапқыда модельдер банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеуді талап ететін Базель II бойынша Базель комитетінің талаптарына сәйкес дефолт ықтималдығын тануға бағытталған. Бұдан кейін рейтингтің қандай да бір сыртқы шкаласына, мысалы рейтингтік агенттікке немесе меншікті ішкі шкалаға байланыстырылған ішкі рейтингтер пайда болды. S&P Global Market Intelligence өкілдерінің ақпараты бойынша Ұлттық банк осындай скорингтік модельдерді банктердің несиелік портфель сапасын бағалауда қолдануға ниетті. Базельдік банктік қадағалау комитеті ішкі рейтингтер жүйесін қолдануды ұсынады және еуропалық елдер біртіндеп осы модельге көшуде.

9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) бұған дейін қолданылған ережелерден

айтарлықтай ерекшеленеді. Жұмсалған жоғалтуларды есепке алудың орнына енді күтілетін залалдарды бағалау қажет. Мұнда стандарт есептеудің нақты әдістерін ұсынбайды, тек болуы керек шеңберлерді анықтайды. Ал тәсілге қатысты әрбір банк еркіндік алады және өзіне ыңғайлы, тек қана ережелерге сай келетін тәсілді таңдайды. Басқаша айтқанда, 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) – бұл нақты тұжырымдалған директивалардың қатаң жиынтығы болып табылмайды. Бұл стандарт шеңберіне нарық қатысушылары бағдар ала отырып, өз қалауы бойынша түсіндіре алатын қағидалар. Сәйкесінше, әрбір банк осы ұсыныстарды қалай орындау керектігі туралы шешімді өз бетінше қабылдайды.

Таңдау еркіндігін арттыру жауапкершіліктің өсуін де болжайтыны сөзсіз. Тәуекелдерді басқару бірінші орынға шығады – жаңа модель тәуекелдерді басқару бойынша міндеттермен хеджирлеуді есепке алу тәртібін қарастырады. Стандартты енгізумен тәуекелдерді басқару үшін пайдаланылатын хеджирлеу стратегияларының көп бөлігі хеджирлеуді есепке алуды қолдану үшін критерийлерге сәйкес келетін болады. Сонымен бірге залалдар мен активтерді жіктеу және бағалау тәсілі өзгерді. Стандарт активтерді бағалау үшін амортизацияланған құн (АҚ) бойынша бағаланатын активтер, өзге де жиынтық кіріс құрамындағы оның өзгерістерін көрсете отырып, әділ құны бойынша есептейді. Сонымен қоса пайдалар мен залалдар құрамында әділ құны бойынша көрсетілді. Ішкі аудиттің кәсіби стандартына сәйкес, 2120 – «Тәуекелдерді басқару» тиімділікті бағалауға және тәуекелдерді басқару үдерістерін жетілдіруге ықпал етуі керек. Тәуекелдерді басқару үдерістерінің тиімділігін анықтау келесі санаттарды бағалау нәтижелері бойынша қалыптастырылған ішкі аудитордың пайымдауына негізделеді:

- банктің мақсаты оның миссиясына сәйкес келуі;
- елеулі тәуекелдердің анықталуы және бағалануы;
- банктің тәуекелділік-тәбет шеңберінде ұстап тұруға мүмкіндік беретін тәуекелдерге назар аудару бойынша шаралардың таңдалуы;
- тәуекелдерге қатысты ақпараттардың банк ішінде мезгілінде тіркелуі және берілуі, бұл қызметкерлерге, атқарушы басшылыққа және Кеңеске өз міндеттерін орындауға мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару үдерістерінің мониторингі ағымдағы әрекет шеңберінде немесе арнайы бағалау көмегімен жүзеге асырылады. Стандартты толық енгізу 2018 жылға жоспарланған болса да, дайындық 2017 жыл бойы жүргізілді. Мысалы, 2017 жылдың басынан бастап, банктер тәуекелді өзінің жеке модельдері бойынша бағалай алмады. Бұл өз тәсілдерін өзгертуге мәжбүр болған қазақстандық банктердің осы бағытта біраз жұмыс жасауларына әсерін тигізді.

Бірқатар сарапшылар несиеленушілерді жаңа ережелер бойынша бағалау қайтарылмайтын несиелердің көлемін ұлғайтуы мүмкін деп қауіптенеді. Сондықтан, шағын және орта бизнесті несиелендіру банктер үшін тиімсіз болып қалуы мүмкін. Кейбіреулер тіпті дағдарыстың басталуын болжайды.

Тұтастай алғанда, шикізат нарығы тарапынан оң қолдау болса да және экономиканың аздап өсуі байқалса да, 2017 жылы Қазақстанның қаржы нарығы антирекорд бекітті. Мысалы, мерзімі өткен несиелердің көлемі мамыр айында 39%-ға артып, 1,7 трлн теңгені құрады. Бұл осы көрсеткіштің соңғы 10 жылда –

2008 жылдан бері ең жоғары өсуі болды. Нәтижесінде көктемнің соңына қарай банктердің активтері 672 млн теңгеге азайды.

ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері сүйенсек, «мерзімі өткен» қарыздардың статистикалық мәліметтері бойынша корпоративтік несиелердің бұзылғаны күтілмеген: мерзімі өтіп кеткен несиелердің үлесі бұл сегментте өсті. Ал бөлшек сегментте, керісінше, төмендеді. 2018 жылы 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) күшіне енуімен мұндай тәсіл туралы ұмытуға болады, тәуекелдерді бағалау үшін заманауи құралдары жоқ банктерде жағдай нашар болуы мүмкін. Жылдың ортасында Ұлттық банк нарық өкілдерін қолдауға дайын екенін мәлімдеді және қазан айында төрт ЕДБ-ді сауықтыруға 410 млрд теңге бөлді.

Сонымен қатар тамыз айында негізгі мөлшерлеме төмендетілді, бұл да нарықты жандандыруға бағытталған. Мәнісінде қабылданған шара бұл банктерде тәуекелдерді басқару стратегияларын қайта қарауға итермелейтін сенім несиесі болып табылады. Өз кезегінде, 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) қағидаларында қысымы да сапалы өзгерістерді қарастырады және тәуекел-менеджменті мен қаржыны басқарудың үдерістерін біріктіруге итермелейді.

Аудиторлық міндеттерді шешу үшін бизнес-бөлімшелердің, IT-департаменттері мен тәуекелдер департаментінің күшін біріктіру қажеттілігіне назар аудару тиіс. Банктерге санкциялардан, айыппұлдардан, экономикалық дағдарыстан құтылу үшін белсенді болу өте маңызды. Ішкі аудит қолдануға тура келетін мәліметтер жиынтығы үнемі ұлғаятындықтан, сонымен қатар модельдер күрделенумен байланысты ішкі аудит жүйесіне банктердің әртүрлі департаменттерінің бірлесіп әрекетуін талап етеді.

2018 жылы 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ХҚЕС (IAS) алмастыру үшін жасалған. 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС сәйкес банк құнсыздану дәлелдемелері негізінде өзінің қаржы активтеріне несиелік залалды қоса алады. Т. Билотти және Дж. Крук мәліметтері бойынша жұмсалған несиелік залалдарды есептеудің бұл әдісі несиелік тәуекелдің өсуін төмендетті [57].

Несиелік залалдарға құрылатын резервтердің жаңа ережелері несиелік жоғалтуларды перспективті тануды жеңілдету үшін 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-ына (IFRS) келтірілген. 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) несиелік резервті есептеу тәсілін өзгертетінін ескере отырып, банк қызметкерлерінің пікірінше, стандарт несиелік тәуекелді моделдеу мен талдауға айтарлықтай әсер етеді [58].

Қазіргі уақытта тәжірибе-мамандары да, ғалымдар да 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) ережелерінен туындаған несиелік тәуекел моделдеріндегі өзгерістерді әліде талқылауда. Резервтерді құрудың жаңа ережелеріне сәйкес банктер күтілетін залалдар модельдерін жасауы сондықтан күтілетін несиелік залалдарды бағалау үшін қолда бар несиелік тәуекелдер модельдерін қайта қарастыруы қажеттілігіне аса назар аударуы тиіс.

9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) сәйкес күтілетін несиелік залал кез келген уақытта қарыз алушының дефолтының нәтижесінде барлық залалдардың құны ретінде есептеледі [59].

39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ХҚЕС (IAS) қарағанда, 9 «Қаржы

құралдары» ХҚЕС (IFRS) қаржылық активтер мен міндеттемелерді жіктеу мен бағалаудың бірыңғай логикалық моделін енгізеді [60]. Бұл дефолт ықтималдығымен (PD) жабылуды, және модельдің бастапқы берілген жоғалтуларын (LGD), сондай-ақ, әдепкі экспозицияны (EAD) туындатады. Сондай-ақ, Новотны-Фаркас нұсқап көрсеткен, 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) бойынша PD және LGD модельдерінің тұжырымдамаларында айырмашылықтар бар [61].

Қазіргі уақытта қолданылатын несиелік тәуекелдерді бағалау бойынша модельдер 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) ережелеріне аса сәйкес келмейді. Сонымен қатар енгізілетін модельдерді макроэкономикалық болжамдармен байланыстыруды, сондай-ақ, модельдердің күрделірек тұжырымдамаларын әзірлеуді талап етуімен байланысты туындайды [62].

Мысалы, LGD құлдырауын есептеу немесе кез келген нормативтік минимумды қолдану 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) мақсаттары үшін қолданыла алмайтын LGD-ны асыра бағалауға әкеледі [63].

Реттеуші капиталды есептеу және қаржылық жағдайларды бағалау үшін бір модельді қолдану барлық банкте қолданылатын модельдердің келісімділігін сақтауға алып келеді [64].

Сонымен ҚР ЕДБ-де ішкі аудит жүйесі әлі даму кезеңінде. Жоғарыдағы сауалнама нәтижелері бойынша мұны айқын көруге болады. Қазіргі банк нарығының даму қиын кезеңінде, сонымен бірге ақпараттың, жаңа технологиялардың өте көп болуынан әр түрлі деңгейдегі қауіптер үнемі туындайды. Бұл өз кезегінде ішкі аудит жүйесінің үнемі дамуына әкеліп соғады [65].

Сонымен қоса, банктер үшін жылдан жылға киберқауіпсіздік мәселесі де маңызды болып отыр. Ішкі аудиторлардың функционалдық қызметіне осы қауіпсіздікті алдын-алу да жатады [66]. Бірақ біз өз зерттеуімізде ішкі аудит қызметімен іске асатын несие тәуекелін зерттеу, талдау, бағалау және төмендетуді ең тиімді моделін ұсынамыз.

Жоғарыда көрсетілген екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит жүйесін жетілдірілуі бойынша туындаған бірқатар мәселелердің шешімі ретінде зерттеу жұмысының келесідей гипотезаларын ұсынамыз:

– екінші деңгейлі банктердің тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесі банктердің қаржылық тұрақтылығын арттырады;

– несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалау моделі ЕДБ-де мүмкін несиелік жоғалтуларды (шығындарды) болдырмауға немесе алдын алуға әсер етеді;

– тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексеру банкті басқарудың тиімділігін арттырады.

Көрсетілген гипотезалардың жан-жақты зерделенуі төмендегі бөлімдерде қарастырылады. Енді жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша ұсыныстарды дайындау үшін ішкі аудитордан банктің стратегиялық басымдықтары анықталған бұзушылықтардың себептерін мұқият талдау талап етіледі. Ішкі аудитор мәселені неғұрлым тиімді және оңтайлы шешуге немесе кемшілікті жоюға ықпал ететін стандартты емес шешімдерді ұсынуға дайын болуы керек.

Осылайша, 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-ына (IFRS) сауатты көшу және осы үшін арнайы жасалған талдамалық шешімдерді ашу жекелеген банктердің қаржылық тұрақтылығын арттырады. Сонымен бірге Қазақстанның барлық банк жүйесін тұрақтандыруға да мүмкіндік береді.

Ішкі аудит ЕДБ-нің тиімді жұмыс атқаруына, тәуекелдерді басқаруға, қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге әсер ететін басты жүйе болып табылады.

1 - бөлім бойынша тұжырымдама

Жалпы бұл бөлімде ішкі аудиттің даму эволюциясы көрсетіліп, әр түрлі зерттеуші ғалымдармен қарастырылған анықтама берілген. Ішкі аудиттің даму эволюциясын R статистикалық пакетте екі жүздей мақалаға мәтіндік талдау арқылы анықтадық. Салыстырмалалы түрде Қазақстандық және Ресейлік авторлармен жазылған мақалалармен қатар алыс шетел ғалымдарының мақалалары алынды. Нәтижесінде олардың арасында дамуы бойынша біраз айырмашылықтарды байқады. Атап айтсақ, ол шетелдік авторлармен ішкі аудит жүйесі бойынша тәуекелдерді басқару, IT аудит бағыты бойынша зерттеулерді жиі жүргізген. Ал, Қазақстандық және Ресейлік авторлармен ішкі аудит бойынша жазылған ғылыми еңбектерінде 2005-2018 жылдарда тақырыптарында өзгерістер болмағанын байқадық.

Жалпы банктегі ішкі аудит жүйесінің теориялық аспектілерін талдау және қорыту негізінде «банктердегі ішкі аудит» және «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымдарының мазмұнын нақтыланған авторлық көзқарас ұсынылған: «банктердегі ішкі аудит» бұл қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін банкпен жүзеге асырылатын операциялардың дұрыстығын, тәуекелдердің бағалануын, корпоративтік басқару сапасын тексеруге бағытталған тәуекелге бағытталған тексеру, «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымына банк қызметіне қатысушы тараптардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, банк қызметтерін және бақылау процедураларын, тәуекелдерді басқару жүйелерінің нәтижелілігін үздіксіз тексерудің тиімді әдістерін біріктіретін жүйе ретінде нақтыланған анықтама берілді.

Сонымен қоса, ҚР ЕДБ-нің ішкі аудит жүйесінің жалпы бүгінгі жағдайын білу мақсатында эксперттік сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама сұрақтарының нәтижелері бойынша келесідей тұжырымдар жасауға болады: ішкі аудит жүйесінің өзгерістеріне сыртқы факторлардың, атап айтсақ АТ саласындағы технологиялық өзгерістер мен тәуекелдердің әсері маңызды деп санаймыз. Сонымен қатар ішкі аудиторлардың кәсіби біліктілігі де маңызды болып отыр;

Біздің ойымызша аталмыш кемшіліктер ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс атқаруына кедергі келтіреді. Сол себепті екінші деңгейлі банктердің тиімді жұмыс атқаруы үшін жоғарыдағы кемшіліктерді ескере отырып, жүйені жетілдіру үшін тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүргізудің бағытын қолдануды ұсынамыз. Бұл бағыт 9 «Қаржы құралдары» Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандартының (IFRS) шарттарын қажетті деңгейде орындалуын қамтамасыз етеді.

2 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ

2.1 Ішкі аудиттің негізгі объектісі ретінде ЕДБ несиелік портфельін бағалау

Экономиканың тұрақты өсуі үшін маңызды шарттардың бірі банк жүйесінің жұмыс істеу тұрақтылығы болып табылады. Ол өз кезегінде экономиканың нақты секторына, банктік салымдардың тиімділігіне байланысты болады.

Несиелік портфель банк активтерінің және жалпы банк пайдасының 50% астамын қамтамасыз етеді. Сондықтан біз несиелік портфельді ішкі аудиттің басты объектісі ретінде қарастырып отырмыз. ҚР Президентінің Жолдаулары шеңберінде экономиканың басым секторларын несиелендіру үшін 600 млрд. теңге беру тетігі іске қосылды [67].

Жобаларды қаржыландыру тетіктері анықталып, банк несиелеу үшін қаражаттарды игере бастады. Алайда бұл 600 млрд. теңге ЕДБ-ге беру бағдарламасынан басқа, Ұлттық банктің ақша-несие саясатының тиімділігін жоғарылату үшін нақты секторды сауықтыру бойынша жүйелі іс-шаралар қажет.

Президенттің таптапсырмасы бойынша Ұлттық банк банк секторын әлсіз және тиімділігі төмен қатысушылардан тазарту бойынша жұмыстарды жүзеге асырды. Бұл қаржы секторы экономиканың нақты секторын қаржыландырудың толыққанды құралына айналуы үшін жасалды. Алайда нақты секторды сауықтырмай, бізде өткен жылдардағы жағдай қайталануы мүмкін. Мысалы, соңғы 10 жылда банктердің экономикаға берген несиелері 5,5 трлн. теңгеге немесе 70%-ға өсті.

Алайда, дәл осы уақытта 7 банктің лицензиясын тоқтату және 2 банкті сауықтыру есебінен 4,6 трлн. теңге нашар несиелер есептен шығарылды. Яғни барлық дерлік несиелерді несиеле алушылар қайтармаған. Несиелерді қайтармаған ұйымдардың көпшілігі қазір де жұмыс істеп жатыр, әсіресе бұл шағын бизнеске қатысты. Олардың несиеле төлеу қабілеттілігі төмен және өз капиталы жеткілікті емес, сонымен қоса олар ЕДБ-ден арзан несиелер беруін талап етеді.

Көп жағдайда олар банктермен қайта несиелендірілген және несиелері әрі қарай өсуде. Қайтарылмаған несиелердің пайда болуының негізгі себебі несиелік тәуекелдің жоғары деңгейде бағаланбауы немесе несиеле алушы ұйымдарының қаржылық жағдайының нашарлауы болып табылады. Жалпы несиелік портфельдің динамикасын қарастыратын болсақ, 2000-2005 жылдары заңды тұлғалардың несиелік портфельінің өсуі жалпы несиелік портфельдің өсуінің негізгі факторы болған.

Ұлттық және шетел валюталарында бизнесті несиелеу айтарлықтай өсті. Бизнесті несиелендірудің мұндай серпінді өсуі банктерге шетелдік капиталға еркін қол жеткізуімен түсіндіріледі. Тартылған шетелдік капиталды банктер заңды тұлғаларды қаржыландыру үшін белсенді пайдаланған [68].

Келесі елеулі өсім 2006 жылдан бастап 2008 жылға дейін ипотекалық көлемінің аса жоғарлауы байқалды. Жеке тұлғаларға жылжымайтын мүлікті сатып алу мен салуға және құрылыс саласында жұмыс істейтін бизнеске берілген несиелер жалпы несиеле көлемінің өсуіне елеулі үлестерін қосты.

Алайда одан кейінгі оқиғалар 2007-2008 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысынан кейін жұмыс істемейтін несиелер деңгейінің 35%-ға дейін айтарлықтай өсуі байқалды. 2009 жылы несиелердің теңгелік баламада өсуі 2009 жылдың басында ұлттық валютаның құнсыздануы нәтижесінде несиелердің теңгедегі валюталық несиелерді қайта бағалауымен байланысты болды.

Ұқсас жағдай 2015-2016 жылдарда ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбас бағамы тәртібіне көшкенінен кейін құнсыздануы нәтижесінде болды. 2017 жылдың басында шетел валютасындағы несиелерді қайта бағалау тоқтатылып, несиелер нарығы тұтынушылық несиелеумен қамтамасыз етілген өсімді көрсете бастады.

2017 жылы Ұлттық Банк өзінің күшін банк секторының құрылымдық мәселелерін шешуге шоғырландырды. Басты мәселелердің бірі екінші деңгейлі банктердің нақты жағдайдағы нашар несиелерін жасыруымен байланысты болған. Осыған байланысты, банк жүйесін сауықтыру бойынша бағдарлама шеңберінде екінші деңгейлі банктердің жұмыс істемейтін несиелерін есептен шығару басталды. Нәтижесінде, қалыпты және проблемалы банктерді есепке алатын Қазақстанның несиелік нарығы бойынша статистикалық көрсеткіштер несиелеуде болып жатқан оң өзгерістерді толық көлемде көрсетпеді. Мәселен, 2018 жылғы маусымда банктердің несиелік портфелінің жылдық өсімі тек - 1%-ды, ал қайта құрылымдау үдерісінде болған және лицензиядан айырылған банктер портфелін есепке алмағанда 11,6%-ды құрады. 2004-2007 жылдары Қазақстанның банк жүйесінің белсенді дамуы көбінесе сыртқы қорландыруды тартумен байланысты болды. Бұл жеке тұлғалардың тұрғын үй құрылысы мен сатып алуына және тұтынушылық мақсаттарға несиелердің айтарлықтай өсуімен ұштасты. Несиелеу үрдістері өзекті мәселелерге шолуды және несиелеу нарығын дамытудың негізгі үрдістеріне талдау жасау қажеттілігін көрсетеді.

2018 жылы Ұлттық банк реттелетін банктердің балансындағы қайтарылмайтын несиелерді анықтау және шешу бойынша жұмыстарын жалғастырды. Ұлттық Банк «келісім-шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны», сондай-ақ, «пруденциалдық нормативтерді жүйелі түрде бұзғаны» үшін кейбір банктердің лицензияларын тоқтатты [69, 70].

Салыстырмалы талдау үшін банктер екі белгі бойынша бөлінді: портфельдің алдыңғы 12 айдағы өсуі және лицензияны қайтарып алу немесе тоқтата тұру фактісі.

Өсу қарқыны бойынша банктерді үш топқа бөлуге болады:

- бағдарламалық – бұл банк секторының тұрақтылығын арттыру бағдарламасына қатысатын банктер;
- қысқартылатын – бұл лицензиялары тоқтатылған банктер;
- өсіп келе жатқан – несиелік портфелі осы уақыт ішінде өскен банктер.

Несиелік портфельдің өсуі берілетін несиелердің сапасын, банктің тұрақтылығын немесе оның тиімділігін анықтайтын бір ғана индикатор болып табылмайды.

Енді төмендегі кестеде 2014-2018 жылдар аралығына ЕДБ-дің несиелік портфелінің құрылымы берілген (кесте 1)

Кесте 1 – 2014-2018 жылдар аралығына ЕДБ-дің несиелік портфелінің құрылымы

Банктің атауы	01.01.2015		01.01.2016		01.01.2017		01.01.2018		01.01.2019	
	Сомасы млрд.теңге	Үлесі %	Сомасы млрд.теңге	Үлесі %	Сомасы млрд.теңге	Үлесі %	Сомасы млрд.теңге	Үлесі %	Сомасы млрд.теңге	Үлесі %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 289,90	16,14	3 972,10	25,31	3 703,80	23,6	2 650,10	19,2		
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 788,40	12,61	2 279,30	14,53	2 369,00	15,1	1 601,00	11,6	3 954,80	28,24
"БТА Банк" АҚ	2 185,60	15,41	-	-	-	-	-	-	-	-
"ЦЕСНАБАНК" АҚ	1 069,10	7,54	1 536,10	9,79	1 641,80	10,46	1 703,70	12,34	1 406,70	10,05
"Ресей Жинақ банкі" АҚ ЕБ	1 019,40	7,19	1 093,90	6,97	971,9	6,19	1 154,10	8,36	1 266,90	9,05
"Банк ЦентрКредит" АҚ	917,6	6,47	984,5	6,27	889,7	5,67	921,6	6,68	1 084,20	7,74
"KASPI BANK" АҚ	843,8	5,95	809,7	5,16	787,9	5,02	939,8	6,81	1 151,30	8,22
"АТФБанк" АҚ	704	4,96	705	4,49	710,5	4,53	805,9	5,84	922,9	6,59
"Еуразиялық Банк" АҚ	588,5	4,15	655	4,17	690,8	4,4	628,8	4,55	655,3	4,68
"Альянс Банкі" АҚ	256,9	1,81	-	-	-	-	-	-	-	-
"Банк "РВК" АҚ	359,4	2,53	663,6	4,23	753,4	4,8	280,4	2,03	268,6	1,92
"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	222	1,57	303,5	1,93	329,3	2,1	465,2	3,37	670,5	4,79
"Ситибанк Қазақстан" АҚ	92,3	0,65	84,7	0,54	79	0,5	87,9	0,64	117,9	0,84
"Нұрбанк" АҚ	201,9	1,42	193,7	1,23	223,3	1,42	214,6	1,55	239,6	1,71
"Темірбанк" АҚ	274,6	1,94	-	-	-	-	214,6	1,55	239,6	1,71
"Delta Bank" АҚ	255,1	1,8	371	2,36	410,7	2,62	-	-	-	-
"Альфа-банк" ЕБ АҚ	165,8	1,17	162,3	1,03	128	0,82	191,2	1,38	266,7	1,9
"AsiaCredit Bank ББ" АҚ	117,5	0,83	132,3	0,84	128,6	0,82	100,6	0,73	65,9	0,47
"Банк ВТБ (Қазақстан)" АҚ ЕҰ	119,9	0,85	99,4	0,63	77,7	0,5	83,6	0,61	103,1	0,74
"Qazaq Banki" АҚ	106,1	0,75	232,6	1,48	318,1	2,03	306,7	2,22		-
«Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ЕБ)	54,6	0,38	83,9	0,53	108,7	0,69	117,5	0,85	155,8	1,11
АҚ ЕБ "Қазақстандағы Қытай Банкі"	11,7	0,08	17,9	0,11	12,5	0,08	12,7	0,09	16,3	0,12
"Астана-Финанс банкі" АҚ	85,8	0,6	138,2	0,88	182	1,16	-	-	-	-


1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
"Банк Хоум Кредит " АҚ ЕБ	109,9	0,77	104,5	0,67	121,3	0,77	195,2	1,41	286,5	2,05
"Казинвестбанк" АҚ	72	0,51	74,3	0,47	-	-	-	-	-	-
"RBS (Kazakhstan) ЕБ" АҚ	9,4	0,07	-	-	-	-	-	-	-	-
"Банк Kassa Nova" АҚ	51,9	0,37	58,1	0,37	64,8	0,41	71,4	0,52	75,7	0,54
"Capital Bank Kazakhstan" АҚ	48,2	0,34	78,4	0,5	72,3	0,46	55,4	0,4	65,6	0,47
"ForteBank" АҚ	29,8	0,21	520,2	3,32	515	3,28	581,8	4,21	728,8	5,2
"Эксимбанк Қазақстан" АҚ	39,5	0,28	46,2	0,29	56,2	0,36	53,4	0,39		-
"Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі" АҚ	10,4	0,07	38,7	0,25	34,1	0,22	25,3	0,18	61	0,44
"КЗИ БАНК" ЕБ АҚ	23,9	0,17	34,4	0,22	42,5	0,27	42	0,3	48,6	0,35
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	10,1	0,07	13,9	0,09	12,5	0,08	11,4	0,08	10,2	0,07
"Банк Позитив" АҚ	14,1	0,1	15,3	0,1	-	-	-	-	-	-
"PNB - Қазақстан" АҚ ЕҮ	9,2	0,06	-	-	-	-	-	-	-	-
"Al-Hilal" Ислам Банкі" АҚ	8,5	0,06	10,2	0,07	3,8	0,02	7	0,05	8,9	0,06
"Заман-Банк" АҚ	11,7	0,08	12,8	0,08	12,8	0,08	12,6	0,09	13,7	0,1
"Тәжікстан Ұлттық банкісінің" Қазақстандағы ЕБ АҚ	5	0,04	4,5	0,03	4,5	0,03	4,2	0,03	3,9	0,03
АО "Банк ЭкспоКредит"	-	-	0,1	0	0,1	0	-	-	-	-
АО "Tengri Bank"	-	-	23,4	0,15	54,3	0,35	85,7	0,62	102,9	0,73
АО "Банк "Астаны"	-	-	138,2	0,88	182	1,16	179,6	1,3	-	-
АО "First Heartland Bank"	-	-	-	-	-	-	0,1	0	10,4	0,07
Барлығы	14 185,00	100	15 553,70	100	15 551,80	100	13 590,50	100	14 002,30	100
<p>Ескерту</p> <p>1 - активтер > 1,5 трлн. теңге;</p> <p>2 - активтері 1,0 - 1,5 трлн. теңге;</p> <p>3 - активтері < 1,5 трлн. теңге;</p> <p>4 [71] Ұлттық банк мәліметтері негізінде автормен жасақталды</p>										

Жоғарыдағы кесте мәліметтерінен байқағанымыздай, 2014-2017 жылдар аралығында ЕДБ-нің несиелік портфелі біраз өзгерістерге ұшыраған. ЕДБ-дің 2014-2018 жылдар аралығына несиелік портфелінің құрылымы бойынша ең жоғары үлесі 28,24 %-ды құрады. Мысалы, қарастырылып отырылған уақыт аралығында Казкоммерцбанк (бұдан әрі – ККБ), RBK Bank, Qazaq Banki, Delta Bank, Казинвестбанк, Астана Банкі және Эксимбанктерден лицензиялары қайтарылып алынды. Шын мәнінде, бұл банктердің портфелінің елеулі бөлігі 2017 жылға дейін де жұмыс істемейтін несиелер болды және сол кезде расталуы тиіс еді. Бірақ банктердің есептілігінде бұл несиелер қалыпты ретінде есепке алынды.

Жүйеден бұл банктерді алып тастау 2017 жылға және 2018 жылдары несиенің деңгейі мен өсуі туралы шынайы көріністі ұсынуға мүмкіндік береді. Астана Банкі, Эксимбанк және Qazaq Banki 2018 жылдың 1-жартыжылдығында осы банк істерінің лицензиялары тоқтатылды. Қайтарылмайтын несиелерді мойындау және проблемалық банктерді банк жүйесінен шығару несиелеуді қысқартуға тигізді.

Ары қарай 11 суретте несиелік портфельдің 2014-2018 жылдар аралығына құрылымы қарастырайық (сурет 11).



Сурет 11 – 2014-2018 жылдар аралығындағы ЕДБ несиелік портфельнің құрылымы

Ескерту - [71] Ұлттық банк мәліметтері негізінде автормен жасақталды

Суреттен көріп отырғанымыздай, банк жүйесінің кейбір бөлігі тұрақты қарқынмен өсуде. 2014 жылы несиелеу нарығы 2013 жылмен салыстырғанда жоғары белсенділікпен сипатталды: экономикаға берілген несиелер көлемі бір жыл ішінде 15,2%-ға артты. Сонымен қоса жекелеген банктердің еншілес ұйымдарға несие беруімен, ШОБ-ке қолдау көрсетулері бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру шеңберінде ШОБ секторы тарапынан сұраныстың артуымен қамтамасыз етілді.

2017 жылы несиелік портфельдің айтарлықтай төмендеуінен кейін (-12%) ЕДБ-нің жиынтық активтері 2018 жылы 4,5%-ға дейін өсті. Несиелік портфель көлемінің ұлғаюымен байланысты несиелік портфель қалыпты өсуді көрсетті (+1,5%), ал жаңа несиелер беру 2017 жылға қарағанда 24,4%-ға артты. Кәсіпкерлік саласында, әсіресе ШОБ-тің несиеге деген сұраныстың артуы мемлекеттік бағдарламаларға бөлінген қаражатты белсенді пайдалану есебінен болды [72]. Бұдан басқа, Ресей рублі айтарлықтай әлсірей бастады. Соның салдарынан туындаған баға теңсіздігі нәтижесінде бағалық параметрлері бойынша ресейлік өнімдерді сатып алу үшін қазақстандық бизнестің несиелік ресурстарына сұраныс едәуір артты.

Несиелендірудің өсуі экономиканың салыстырмалы тұрақты жағдайының аясында және теңгеде ұзақ мерзімді қаржыландырудың қолжетімділігімен байланысты болды. Сонымен бірге, NPL көлемі қысқаруды жұмыстарын көрсете отырып, банк секторының несиелік портфелі сапасының жоғарылауына әсерін тигізді. Жалпы NPL дегеніміз мерзімі өткен бастапқы несиелік келісім шарттары орындалмайтын (жарамсыз, қолайсыз) несие (сондай — ақ: "уытты активтер") несие. Банктік ұғым бойынша NPL ағылшын тілінен аударғанда: non — performing loan, сөзбе-сөз — «жұмыс істемейтін несие» деген мағынаны білдіреді.

2018 жылы ЕДБ-нің несиелік портфель деңгейінің өсуі 12%-ды құрады. Банктердің пікірінше, несие ұсыныстарының шектеулілігі қарыз алушылардың несиелік қабілеттерімен ғана емес, сонымен қатар олардың шектеулі қабілетімен де байланысты.

2012 жылдан 2014 жылға дейінгі кезеңде басымдылықпен несиелендірілген барлық банктер активтер сапасының төмендігімен және несиелік портфельдегі ақша ағымдарының нашарлығымен ерекшеленді. Бұл банктердің тұрақтылығының негізгі көрсеткіштері (капиталдың жеткіліктілігі, өтімділік және т.б.) пруденциалдық нормативтердің бекітілген деңгейлерінде болды.

Активтер сапасының төмендігі жаңа несие тәуекелдерін қабылдауға қабілеттілігін шектеуді талап етуді жалғастырды.

Банктер проблемалық несиелерді жасыру үшін қаржылық есептілік стандарттарының әртүрлі әдістерін қолданған. Проблемалық несиелерді мойындаудағы мәселелер есептік кезеңде несие портфелі айтарлықтай нашарлауға әкеп соқтырған жалған әсерді тудырды. 2015 жылы шығарылған күмәнді шетел валютасындағы несиелердің төмендеуі «БТА Банкі» АҚ сату талаптарымен байланысты болды.

Проблемалық несиелер деңгейі 2016 жылы төмендей бастады. 2017 жылы жұмыс істемейтін қарыздар деңгейінің төмендеуі және оларға қарсы резервтерді жабу деңгейінің жоғарылауы болды. Аталған өзгеріс 2016 жылдың аяғынан

бастап екі банктің (Казинвестбанк және Delta Bank) лицензиясынан айырылуы, сондай-ақ, бұрын танылмаған проблемалық қарыздарды тану және олардың кейіннен сатылуымен байланысты болды. Алайда, олардың қызмет көрсетуі үшін ақшалай қаражат ағындарының төмен деңгейі бар несиелердің бөлігі және првизиямен қамтудың төмен деңгейі банктердің экономикаға несие беру қабілетін шектейді. Мұндай қарыздардың негізгі бөлігін (жұмыс істемейтін және күмәнді) корпоративтік сектор портфелі құрады. Осылайша, несиелік тәуекелдер банктердің нақты бар портфелімен қатар, жаңадан берілген несиелер бойынша да жоғары болып қалуда. 2016 жылы жұмыс істемейтін несиелердің төмендеуіне қарамастан, объективті бағалаулар бойынша банктер портфелінің сапасы төмен күйінде қалды. 2016 жыл бойы банктер портфелінде стандартты несиелер үлесінің төмендеуі байқалды.

Төмендегі суретте 2014-2018 жылдар аралығына ЕДБ-дің төлем мерзімдері 90 күннен астам күнге кешіктірілген несиелердің үлес салмақтары көрсетілген (сурет 12).



Сурет 12 – 2014-2018 жылдар аралығына ЕДБ-дің төлем мерзімдері 90 күннен астам күнге кешіктірілген несиелерінің үлес салмағы

Ескерту – [71] Ұлттық банк мәліметтері негізінде автормен жасақталды

Суреттен байқағанымыздай, 2015 жылдың ортасында «Қазкоммерцбанк» АҚ-да Р & А транзакциясы шеңберінде «БТА Банкі» АҚ-на талап қойылды. Нәтижесінде, «БТА Банкі» АҚ кредитор банк жүйесінің ірі қатысушысынан «Қазкоммерцбанк» АҚ-ның ірі қарыз алушысына айналды (несиелік портфелінің 50%-ынан астамы) (Қосымша В).

2015-2016 жылдары берілген несиелердің сапасы экономиканың бәсеңдеуі кезіндегі проблемалық несиелердің қайта қаржыландырылуымен байланыстырылды. Провизия есебінен толық жабылған жағдайдағы жұмыс істемейтін қарыздардың жоғары деңгейі айтарлықтай мәселе болып табылмайды. Дегенмен, есеп беру үшін жауапкершіліктің жеткіліксіздігі жағдайында, шығындарды толық мойындау бойынша үшін капитал жеткіліксіз болған жағдайда, банктер мұндай несиелердің тәуекелдерін жабу үшін провизияларды жиі құрады.

2015 жылы банк секторының «улы» активтерден тазарту жөніндегі жүргізілген шараларға қарамастан, несиелік портфель бойынша 2013-2014 жылдары берілген несиелердің сапасы несиелендірудің жоғары қарқынымен түсіндірілді.

2014-2015 жылдардағы NPL90+ қарыздары есептен шығарылғаннан кейін, сондай-ақ, қайта құрылымдаудың белсенді қолданылуынан кейін NPL90+ үлесі мен провизиялау деңгейі айтарлықтай төмендеді. 2015 жылы 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жаңа қарыздардың өсуі жоғары болды.

Осымен бірге мүмкіндіктердің қысқаруымен байланысты кезінде банк активтері сапасының нашарлауы оның несиелеу нарығының күрт өзгеруіне әкелді. 2017 жылы NPL90 + несиелері несиелік портфелінің айтарлықтай бөлігін алды, сонымен бірге күмәнді несиелер аз болды.

2017 жылы NPL90+ қарыздарын провизиялармен жабу коэффициенттер жүйесі бойынша оның көлемі бұрынғы 2014 жылғы деңгейінен артты.

Провизияның қажетті деңгейін есептеу кезінде қарыздар бойынша ағындардың дәлме-дәл бағалануы маңызды элемент болып саналады. Аталған ағындар бойынша әділетсіз бағалаулар қажетті көлемнен кем провизиялар жасауға мүмкіндік береді.

«БТА Банкі» АҚ-ның несиелік портфелінің басым бөлігі проблемалы болған келісім шеңберінде берілген несиелер бойынша табысты түрлендіру қабілетіне тікелей байланысты болды (Қосымша Г).

Аталған талап шын мәнінде ақшалай қаражаттардың түрленуін тудырмады және күмәнді деп саналды. «БТА Банк» АҚ-ына қойылған талаптар бойынша провизиялар өте төмен деңгейде құрылған. Бұдан өзге 2015-2016 жылдары белсенді несиелендіру кезеңінде 2012-2014 жылдары берілген қарыздар бойынша қызмет көрсетудің әлсіз белгілері пайда болды. Бұл қаржы есептілігінде көрсетілмеді, бірақ күмәнді несиелердің ұлғаюына әкелді.

Төмендегі 2014-2018 жылдар аралығына ЕДБ-дің ХҚЕС талаптарына сәйкес несиелік портфель бойынша қалыптастырылған провизиялар көрсетілген (сурет 13).



Сурет 13 – 2014-2018 жылдар аралығына ЕДБ-дің ХЖЕС талаптарына сәйкес несиелер портфель бойынша қалыптастырылған провизиялардың құрылымы

Ескерту – [71] Ұлттық банк мәліметтері негізінде автормен жасақталды

ЕДБ несиелік портфелімен бірге басты қаржылық институт ретінде ҚР Қазақстан Даму Банкінің де (ҚДБ) несиелік портфелінің жағдайы талданған болатын. Жалпы айтқанда, ҚР ҚДБ тәуекелдерінің деңгейі бірнеше жылдар бойы қолайлы деңгейде сақталып келген. Алайда, банк секторының тұрақты жұмыс істеуі үшін несиелік тәуекелдің жоғары деңгейі сақталып отыр. Экономика саласына берілген несиелер 2014 жылы 2015 жылмен салыстарғанда 5%-ға жоғары, бірақ 2016-2017 жылдары қалыпты жағдайда болған. Тек 2018 жылы бұл көрсеткіш 3%-ға артқан.

Сонымен бірге «ҚДБ» АҚ несиелік қызметіне ұқсас қаржылық институттармен 2013-2017 жылдар аралығындағы кезеңге салыстырмалы талдау жүргізілді. Банктердің несиелік портфеліндегі жұмыс істемейтін несиелердің жоғары деңгейінің олардың нақты секторға белсенді түрде қарыз беруіне мүмкіндік бермейді.


Уақыт қатарында тенденция болған жағдайда оны уақыт функциясы ретінде қарастыруға болады:

$$y_t = f(t), \quad (1)$$

мұндағы

y_t - t уақытына тиісті аналитикалық теңдеу бойынша есептелген динамикалық қатардың деңгейлері.

Динамикалық қатар деңгейлерінің t уақыт факторына тәуелділігін білдіретін теңдеуді тренд теңдеу деп атайды. 2013-2017 жылдар бойынша экономиканың маңызды секторы ретінде шикізаттық емес саланы несиелендірудің өсу қарқынына талдау жүргізіліп, трендтік модель құрылды (сурет 14).



Сурет 14 – Экономиканың шикізаттық емес секторына ұзақ мерзімді несиелендірудің жылдық өсуі бойынша сызықтық функцияның трендтік моделі

Ескерту – [68] Ұлттық банк мәліметтері негізінде автормен жасақталды

Сызықтық функцияны ескере отырып, трендтік модельдің құрылуынан туындаған есептеулерге сәйкес алдағы жылдарда экономиканың шикізаттық емес саласына ұзақ мерзімді несие берілетіні болжанды.

Сонымен қатар, Ұлттық банк енгізген арнайы банк теңгерімдерін жұмыс істемейтін қарыздардан «тазарту» механизмдері бұл мәселені шешуге біршама үлес қосты. Осы мақсатқа сәйкес, ішкі аудиттің келесі міндеттерін атап көрсетуге болады:

- қолданыстағы заңнамалардың сақталуын қадағалау;
- бухгалтерлік есептердің жай-күйін тексеру;
- жалпы басқару сапасын тексеру;
- несие саясаты мен несиелік тәуекелдерді басқару сапасын бағалау және

т.б.

Ашықтық пен айқындылыққа және қаржы институтының шешім қабылдау жүйесіне тікелей ықпал ететін дұрыс құрылған корпоративтік басқармаға аса назар аударылуы маңызды. Ал ішкі аудит жүйесінің жүйелі және сапалы жұмыс істеуі бұл жұмыстағы жетістіктің негізгі тетігі [73].

Барлық банк құрылымдарындағы жұмыстың тиімділігі ішкі аудиттің жүйелілігіне байланысты. Ішкі аудиттің қолданыстағы халықаралық стандарттарын тиімді пайдалану қажет. Сонымен қоса, үнемі үздік әлемдік тәжірибелерді зерттеп, уақыт талап етіп отырған қажеттіліктерді үздіксіз жетілдіріп отыру керек.

2.2 Ішкі аудит - банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда банк секторының тәуекелді бағытталған қадағалауы енгізілді. Ол Ұлттық Банк тарапынан банк өз қаражаттарымен банк клиенттеріне қызмет көрсетпейтін төлемдердің кідіртуін немесе уытты (токсичные) несиелерді жабу қабілеттілігін талдауды қарастырады.

Ұлттық банк банктердің барлық қызметін заңнама талаптарын сақтау бойынша құқығына ие болды, корпоративтік басқару тәуекелдері, капиталдың жеткіліктілігі және тәуекелдерді жабу өтімділігі бағаланды. Қиын жағдайдағы төлем қабілеті жоқ банктердің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау тетігі енгізілді. Реттеушінің өзі тәуекелге бағытталған қадағалауға көшу шешімін, оның мақсаты – проблемалардың туындауын күтпестен, дағдарыстық құбылыстардың превентивті алдын алу бойынша жұмысты күшейту екенімен түсіндірді.

2018 жылдың 1 қаңтарына банк секторының жиынтық активтері - 24,9 трлн. теңгені, ал жиынтық міндеттемелер 21,9 трлн. теңгені құрады. Бірінші тәуекел анық – банк секторының меншікті капиталының төмен деңгейі. Сонымен қатар 2018 жылдың 11 айында банк секторының меншікті капиталы 1,6%-ға төмендеді. Жиынтық меншікті капитал өте төмен – 3 трлн. теңгеге жуық мөлшерді құрады. «Шок сценарийі» жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан үшін әлеуетті тәуекел теориялық тұрғыдан шамамен 17 трлн. теңгені құрауы мүмкін. Бұл жағдайда Қазақстандағы банктермен жалпы жағдай бұрынғысынша алаңдаушылық туғызды.

Соңғы жылдары Қазақстанның банк секторы үшін жеңіл болмады. 2009 жылдан бастап банк жүйесіне 2 трлн. теңгеден астам қаржы құйғанымен, бұл қандай да бір жақсартуларға әкелмеді. Ұлттық банк тарапынан әрекеттердің кешірек болуы және бұрын қабылданған ережелер бойынша банктердің жағдайының нашарлауын болдырмаудың алдын алуға қажетті деңгейде әсер етпеді. Сондай-ақ, XX және XXI ғасырлардағы дағдарыстардың басым бөлігі банктермен байланысты болғанын ұмытпау керек, және 1929 жылғы «Ұлы депрессия», және 2008 жылғы дағдарыс дәл осы банктерден басталды. Бұл оқиғалар бизнес-модельдің өміршеңдігін және оған тән тәуекелдерді бағалау әдіснамасын, тәуекелдерді басқару және банктердің ішкі бақылау жүйелерін қарастыруды талап етеді. Сондай-ақ, капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігін

анықтаудың ішкі жүйелерін айқындауды қамтитын жаңа қадағалау моделін әзірлеуді қарастырды. Нәтижесінде, бұл жағдайлар тәуекелдер негізінде ішкі аудиттің рөліне үлкен назар аударуға және корпоративтік басқарудың әртүрлі құрамдас тетіктерінің жауапкершіліктерінің артуына алып келді.

Тәуекелге бағытталған ішкі аудит тәуекелдерді басқару мен бақылаудың тиімділігін арттырады, ол өз кезегінде банктердегі қаржылық көрсеткіштерге ықпал ете отырып, қаржылық есептіліктің дәлдігін арттырады. Зерттеу барысында тәуекелдерді басқару, ішкі аудитті жоспарлау, ішкі аудит көлемі және ішкі аудит стандарттары қарастырылды. Сондай-ақ, несиелік тәуекелдерді бағалаудағы ішкі аудит әдістерін қолданудың ҚР ЕДБ-нің қаржылық көрсеткіштеріне әсер ете алған, алмағандығы қарастырылды.

Біздің зерттеуімізде ұсынылып отырған зерттеу үшін мақсатты аудитория екінші деңгейлі банктердің ішкі аудиторлары, сондай-ақ, ЕДБ-нің 2018 жылындағы есептері болды.

Алғашқы мәліметтер сауалнаманы пайдаланыла отырып жиналды, олар өз бетінше енгізілді, респонденттерден сауалнамаларды алғаннан кейін жиналған мәліметтер зерттеліп, толықтығы және түсініктілігі тексерілді. Бұл зерттеулерде мәліметтерді талдаудың сандық әдістері қолданылды. Статистикалық регрессия мен корреляция тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің екінші деңгейлі банктердің қаржылық нәтижелеріне әсерін анықтау үшін жасалды. Банктердегі корпоративтік басқарудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде тәуекелдерді басқару 2007-2009 жылдардағы қаржылық дағдарыс контекстінде ерекше көзге түсті. Расымен, тәуекелдерді басқару бүкіл әлемдегі қаржы дағдарысынан кейін банктің қаржылық реформасы мен сенімді басқаруының тетігі болды.

Тәуекел деп біреуге зиян немесе залал әкеле алатын тікелей болжамды оқиғаны айтуға болады. Бұл белгілі бір нәтижелер әкелуі мүмкін болашақ оқиғалардың белгісіздігіне немесе ықтималдығына қатысты. Кең мағынада, алайда, тәуекел жаман нәтижеге ғана әкелуі міндетті емес, себебі тәуекел деңгейінің жоғары болуы, пайда көлемінің өсуіне әсер етеді.

Банк саласында тәуекел тек қана қаржылық және қаржылық емес, бизнес-тәуекелдер мен басқару тәуекелдерін қамтиды. Біріншісі несиеге, нарыққа және өтімділікке қатысты тәуекелдер сияқты банктің операциялық қызметінен шығады. Соңғысы банк қолданатын бақылау тетіктеріндегі кемшіліктерден туындайды. Жалпы алғанда, тәуекелдердің төрт негізгі тобы банктердің корпоративтік басқаруы шеңберінде бөлінеді, атап айтқанда, несиелік тәуекел, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекел және операциялық тәуекел. Нарық жағдайының өзгеруінен пайда болатын тәуекелдерден, алаяқтықтан, әлемдік экономиканың дағдарысы баяу қалпына келетін банктердің өз мақсаттарына қол жетуі қиындаған болатын. Сәйкесінше, бизнес-тәуекелдерді сәтті басқару корпоративтік мақсаттарға қол жеткізуде басты орын алады.

Нәтижесінде бұл жағдайлар ішкі аудитпен тексерулер барысында тәуекелдерді есепке алуды, оның рөліне үлкен назар аударуға және корпоративтік басқарудың әртүрлі құрамдас тетіктерінің жауапкершілігіне алып келді. Демек, осы белгісіз жағдайда тәуекел негізінде аудит қызметінің тиімділігі (RVA) және тәуекелдерді басқару қызметі (RMF) банктің тиімді жұмыс

атқаруына септігін тигізеді. Сонымен қатар неғұрлым жоғары пайдаға қол жеткізуге ұмтылатын көптеген мүдделі тараптардың, атап айтқанда реттеушілердің, рейтингтік агенттіктердің, акционерлердің және корпоративтік менеджерлердің назарын аудару жалғастыруда [74].

Соңғы жылдары тәуекелдерге бағытталған ішкі аудитке аса назар аударылуда. АҚШ-тағы Сарбейнс-Оксли Заңы, Базель III капиталы туралы келісімі бойынша басқару реформалары ішкі бақылау жүйесін реттеуді күшейту мақсатында қабылданды. Тәуекелге бағытталған аудит тиімді корпоративтік басқарудың басты тетігі ретінде қарастырылады және сәйкесінше қаржылық нәтижелердің жақсаруына әкеледі [75].

Сондай-ақ, тәуекелге негізделген аудит бизнес-тәуекелге және осы тәуекелдерді бақылау үдерістеріне негізделеді. Тәуекелді бағалауға негізделген ішкі аудиттің әсері қаржылық есептілік сапасын арттыру, жоғалтуларды азайту және жалпы ұйымның қаржылық көрсеткіштерін жақсарту есебінен тәуекелдердің туындауын жеңілдететіні анықталды [76].

Жан-жақты тәуекел негізіндегі ішкі аудит қаржылық жағдайдың тұрақтылығына әсер етеді. Тәуекелдер негізіндегі ішкі аудит коммерциялық банктер үшін жедел басқаруда оның сапасын күшейтетін маңызды құрал болып табылады. Сонымен қатар тәуекелдерді басқару жүйесі заманауи басқарудың маңызды бөлігі, сондай-ақ, коммерциялық банктер қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізе алатын маңызды тәсіл болып табылады [77].

Ішкі аудит стандартына сәйкес, банктерді басқару үрдісіндегі аудиттің рөлі ол корпоративтік басқару, тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару үдерістерінің тиімділігін бағалауға тиіс. Сондай-ақ кепілдік, рәсімдер мен іс-әрекеттері, ақпараттың толықтығы мен шынайылығы және коммуникациялық жүйелері, мониторинг пен бағалау бойынша қызметті басқару тиімділігін бағалап отырылу қажет.

Тәуекелдер негізінде жыл сайынғы жоспарлау біздің ойымызша, ішкі аудиттің басты маңызды қызметі болып табылады және стратегиялық жоспарды дайындауды, сондай-ақ, жеке тәуекел негізінде жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды қамтиды.

Корпоративтік тәуекелдер жылдам қарқынмен өсуде, ал осы тәуекелдерді басқару қабілеті мен деңгейі қажетті деңгейде емес. Тәуекелдерді бағалау ішкі аудиттің жыл сайынғы жоспарын құрудағы негізгі элемент болып табылады. Жоспарлау, әдетте, ішкі аудиттің маңызды қызметі болып саналады және тәуекелдер негізінде стратегиялық жоспарды, жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауды қамтиды. Осы ретте дұрыс жоспарланған ішкі аудиторлық тесеру ЕДБ-дің тұрақтылығын арттырады. Ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс жасауының басты бағыттардың бірі ЕДБ-нің қаржылық тұрақтылығын талдаумен көрсетіледі [78].

М.С.Бислей ішкі аудитке инвестициялар тиімді болғанын анықтады, өйткені ішкі аудиторлары бар ұйымдар ішкі аудиторларсыз ұйымдарға қарағанда қаржылық алаяқтыққа аз ұшырайды [79].

Жалпы барлық басқару жұмысының басты мақсаттарының бірі ол-ұйымның тәуекелдерін тауып, оны бағалап және төмендетуге бағытталған [80].

Аудитор біліктілігі бойынша 1210 «Кәсібилік» ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарты ішкі аудиторлардың өз міндеттерін орындау үшін қажетті білімді, дағдылары мен құзыреттіліктерінің бар болуын талап етеді.

Банктерде ішкі аудиторлық тексерудің тәуекелге бағытталған әдісі жоғарыда айтқандай бүгінгі таңда жиі қолданылуда. Мысалы Т.В. Нгуен өзінің зерттеуінде ішкі бақылау мен ішкі аудитті зерттеп оларды салыстырған болатын [81].

Қаржылық көрсеткіштер банк активтерден табыс алу үшін өзінің негізгі қызмет түрінен қаншалықты жақсы пайдалана алатындығының субъективті шарасы ретінде анықталуы мүмкін. Сондай-ақ, берілген уақыт кезеңі ішінде банк қаржылық жағдайының жалпы шарасы ретінде қолданылады. Қаржылық көрсеткіштер банктің ақша көрінісіндегі саясаты мен операцияларының көрсеткіші болып табылады

Пайданы барынша көбейту үшін, банк өзінің жеке қажеттіліктерімен қатар, сондай-ақ, өз клиенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа өнімдер ұсынады. Сонымен бірге басқару үдерістерінің тиімділік, кепілдік, ақпараттың толықтығы мен шынайылығын, коммуникациялық жүйелерді, мониторинг пен бағалау бойынша қызметті басқару тиімділігін бағалауы қажет. Тәуекелдер негізінде жыл сайынғы жоспарлау ішкі аудиттің маңызды қызметі болып табылады. Стратегиялық жоспарды дайындауды, сондай-ақ, жеке тәуекел негізінде жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды қамтиды [82].

Банктерде корпоративтік тәуекелдер жылдам қарқынмен өсуде, ал осы тәуекелдерді басқару қабілеті үлгермеуде. Осыған байланысты А. Модар Абдуллатиф және Ш.Кавук ішкі аудиторлар үшін тәуекелдерді бағалау тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің жыл сайынғы жоспарын құрудағы негізгі элемент болып табылатынын айтқан болатын [83].

Жоспарлау, әдетте, ішкі аудиттің маңызды қызметі болып саналады және тәуекелдер негізінде жеке аудит үшін стратегиялық жоспарды, жылдық жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауды қамтиды. Тәуекелдерді бағалау, басқару, тәуекелдер негізінде жыл сайынғы жоспарлау, ішкі аудит стандарттары және несиелік тәуекелдерді бағалау сияқты тәуекелге негізделген аудиторлық тәжірибелер ЕДБ-де жүргізіледі. Ал ол өз кезегінде қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында есептіліктің ашықтығына және тиісті басқаруға әсер етеді.

Сондықтан гипотезаға сәйкес тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесі екінші деңгейлі банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты - тәуекелге негізделген ішкі аудиттің қаржы көрсеткіштеріне әсерін анықтау. Зерттеу жұмысының өзектілігіне сәйкес зерттеу жұмысы құнды деп саналады. Себебі, ол аяқталған соң ішкі аудиторлардың корпоративтік басқаруды жоғарылатудағы тәуекелге негізделген ішкі аудиттің маңыздылығы зор және нәтижесінде банктердің қаржылық көрсеткіштері жақсарады.

Зерттеу жұмысының жұмыс гипотезасына сәйкес ішкі аудит жүйесі шеңберінде талқыланатын теорияларды қарастырамыз: тәуекелдер негізіндегі ішкі аудит теориясы, агенттік теория және трансакциялық шығындар теориясы. Тәуекел аудитінің теориясы аудит кезінде аудиторды бағалау нақты клиенттің

тәжірибесін ескерсе тиімдірек болатынын тұжырымдайды.

Осы теорияға сәйкес тәуекелдерді анықтау мен басқару үшін жауапкершілік басшылыққа тиесілі. Ал ішкі аудиттің негізгі рөлдерінің бірі бұл тәуекелдердің тиісті дәрежеде өңделгеніне сенімділікті қамтамасыз ету. Ішкі аудит бойынша кәсіби қызмет өз миссиясын банк тәуекелдерін басқарудың өзіндік құрылымы контекстінде айқындай отырып, басқарудың негізі ретінде жақсырақ орындай алады. Бұл менеджерлердің тәуекелдерді қалай анықтайтынын, бағалайтынын, жауап беретінін және олар туралы хабарлайтынын, сондай-ақ, менеджерлердің тәуекелдерге ден қою жұмысын қаншалықты жақсы бақылайтынын қарастырады.

Зерттеу тақырыбы бойынша әлемде бірнеше зерттеулер жүргізілген. Көптеген ғалымдар тәуелсіз айнымалылар ретінде ішкі аудит көлемі, ішкі аудит стандарты, ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары, тәуекелдердің басқарылуы алынған.

Ал, біздің зерттеуіміздің ерекшелігі тәуелсіз айнымалы ретінде тағы бір көрсеткіш - несиелік тәуекелін бағалау факторын алумен байланысты. Бұл факторды алу себебіміз жұмыстың зерттеу саласының бірі екінші деңгейлі банктердің болуымен байланысты. Себебі, кез келген қызмет саласында пайда алу мүмкіндігімен қатар әрдайым жоғалту (тәуекел) қаупі бар.

Банктің тәуекелдер жүйесінің әртүрлі жіктелерде ұсынылған көптеген түрлері бар. Негізгі банктік тәуекел, әсіресе қазақстандық тәжірибеде, несиелік тәуекел болып табылады.

Несиелік тәуекел – бұл банк қарызы бойынша қайтарылмау (төлемей) немесе төлем мерзімін өткізіп алу тәуекелі. Осы тәуекелді басқару – банк қызметінің тиімділігін анықтайтын негізгі фактор. Әсіресе қаржы дағдарысы, көптеген банктер мен банктік өнімдердің арасында қатаң бәсекелестік жағдайында несиелік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесінің болуы өте маңызды. Заманауи банктер өз әрекетінде осындай проблемалармен жиі кездеседі [84].

S&P Global Ratings рейтинг агенттігі ЕДБ тағы бір күрделі жылды бастан өткеруі тиіс деп есептейді. Себебі олар операциялық қызметті ЖІӨ-нің төмен өсу қарқыны, теңгенің құбылмалылық бағамы және шикізат тауарларының төмен бағалары жағдайында жүзеге асыратын болады. Бұл банк секторының өсу болашағына, активтердің табыстылығы мен сапасының көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етеді деп есептейді.

Агенттіктің пікірінше, Қазақстанның банк жүйесінің негізгі кемшілігі - несиелік тәуекел деңгейінің жоғары болуында. Бұл өткен кезеңде банк жүйесі деңгейінде берілген проблемалық несиелердің барынша көп көлеміне байланысты.

Енді жұмысымыздың зерттеу әдістемесіне көшейік. Зерттеу жұмысының мақсаттарына қол жеткізуге көмектескен процедураларды қарастырамыз. Атап айтқанда:

- зерттеу дизайны;
- мәліметтерді жинау құралдары;
- мәліметтерді жинау процедуралары және талдау мәліметтері.

Зерттеу дизайны. Зерттеуде сипаттамалық сауалнама қабылданды. Сипаттамалық сауалнаманы зерттеу ақпарат алуға бағытталған, бұл қызметкерлерден олардың қабылдауын, қатынасын, тәртібін немесе құндылықтарын сұрай отырып, болып жатқан құбылыстарды сипаттайды. Сипаттамалық зерттеу адамдардың, оқиғалардың немесе жағдайлардың нақты профилін бейнелейді.

Бұл зерттеу тәуекелді бағалауға негізделген ішкі аудит пен қаржылық өнімділігі арасындағы өзара байланыстың нақты бейнесін көрсетеді деп болжануда.

Респонденттер. Статистикадағы мақсатты жиынтық және ақпараттың талап ететін нақты жиынтық болып табылады. Респонденттер дегеніміз зерттелетін адамдардың, қызметтердің, элементтердің нақты анықталған жиынтығы [84].

Ұсынылған зерттеу үшін респонденттері болып мақсатты тобы ішкі аудиторлар, екінші деңгейлі банктердің тәуекел-менеджерлері алынды.

Мәліметтер жинау. Зерттеу барысында бастапқы және статистикалық мәліметтер алынды.


Бастапқы мәліметтер өз бетінше енгізілген сауалнамалар көмегімен жиналды. Сауалнама аяқталған сұрақтардан тұрды. Құрылымдалған сұрақтар уақытты үнемдеу үшін, сондай-ақ, талдауды жеңілдету үшін қолданылды, өйткені олар қолдануға ыңғайлы нысанда болды. Сауалнамалар қолданылды, өйткені олар аудиторлар мен банк қызметкерлері болып табылатын респонденттерге еркін ортада өз жауаптарын беруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар Ұлттық банктің банк секторы бойынша қаржылық көрсеткіштері алынды. Барлық алынған мәліметтер 1-5 аралығындағы шкала бойынша белгіленді (код (Қосымша F)).

Мәліметтердің шынайылығы. Шынайылықты тексерудің үш түрі бар, олар шынайылықтың мазмұнынан, критериінен және байланысты конструкциясынан тұрады. Зерттеуде контенттің негізділігі қолданылды, себебі ол элементтердің үлгісі өлшем үшін арналған тест мазмұнын көрсететін дәрежені өлшейді.

Мәліметтерді талдау, нәтижелер және талқылау. Берілген гипотезаларды растау үшін корреляциялық-регрессиялық модельдің SmartPLS 3 пакеттік бағдарламасында құрылымдық модельдері құрылды. Smart PLUS жартылай ең аз шаршылармен құрылымдық теңдеулерді модельдеу үшін белгілі бағдарламалық қосымшалардың бірі болып табылады (PLS-SEM). Оны К.Ригджл, Д.Уенди және О.Уил 2005 жылы жасаған [85].

Құрылымдық теңдеулерді моделдеу (SEM) – бұл екінші буындағы көп өлшемді мәліметтерді талдау әдісі. Ол маркетингтік зерттеулерде жиі қолданылады, себебі ол теориялық қолдаудағы сызықтық және аддитивті себеп-салдарлық модельдерді тестілей алады [86].

Біздің бұл зерттеу тәуекелді бағалауға негізделген ішкі аудит пен коммерциялық ұйымдардың қаржылық өнімділігі арасындағы өзара байланыстың нақты бейнесін көрсетеді деп болжаймыз. Біздің зерттеуімізде 5 экзогенді және 1 эндогенді айнымалылар қарастырылған (сурет 15).



Сурет 15 – Тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің концептуалды құрылымдық моделі

Ескерту – Жинақталған сауалнама деректері және Ұлттық банктің банк саласы бойынша қаржылық көрсеткіштері негізінде SmartPLS 3 статистикалық пакеттік бағдарламада автормен жасақталған

Құрылымдық модельді құру үшін берілген ақпараттар жиынының бөлігін Г қосымшасыда берілген. Жоғарыдағы суретте бес тәуелсіз фактордың (төмендегі ішкі гипотезаларда берілген) бір тәуелді айнымалыға әсерін байқадық. Берілген гипотезаларды растау үшін корреляциялық-регрессиялық модельдің SmartPLS 3 статистикалық пакеттік бағдарламасында құрылымдық модельдер құрылды.

15-суреттегі концептуалды құрылымдық модель бойынша зерттеу жұмысының гипотезасы бойынша 5 ішкі гипотеза қарастырылды. Берілген гипотезаларды жеке-жеке қарастырсақ:

Гипотеза 1. Несие тәуекелін бағалауының қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 2. Ішкі аудит стандартының қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 3. Ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 4. Тәуекелді басқарудың қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 5. Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарының қаржылық нәтижеге әсері.

Бірінші гипотеза бойынша мәліметтері Ұлттық банктің мәліметтері және қазақстандық қаржыгерлер ассоциациясымен жасалынған екінші деңгейлі банктерге шолу ақпараттары бойынша 2018 жылғы есептемелерінен алынды [87].

Қалған төрт гипотеза бойынша мәліметтер сауалнама сұрақтары арқылы Г қосымшасында жинақталды. Төмендегі 2-кестеде тәуелсіз айнымалылардың сауалнама сұрақтары берілген.

Кесте 2 – Тәуелсіз айнамылыларды бағалауға арналған индикаторлар бойынша сұрақтар тізімі

Қысқартулар	Тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің концептуалды құрылымдық моделінің айнаымалылары (сауалнама сұрақтары мен көрсеткіштері)
Ішкі аудит көлемі (IAK)	
IAK 1	Банкте ішкі аудиторлардың жеткіліктілігі
IAK 2	Сапалы аудиторлық есептемелердің бар болуы
IAK 3	Техникалық адекватты және кәсіби дағдылар / аудиторлардың біліктілігінің деңгейі
Ішкі аудит стандарты (IAC)	
IAC 1	Ішкі аудиторлар кәсіби этика мен стандарттарды ұстанады
IAC 2	Ішкі аудит қызметкерлері жұмысының тиімділігін бағалаңыз
IAC 3	Аудиторлық есеп берудің айқындығын бағалаңыз
IAC 3	Аудит комитетінің тәуелсіздігін бағалаңыз
Несие тәуекелін бағалау (NPL, NPL>90, k3, Несиелік портфель)	
NPL	Жұмыс істемейтін несиелер портфелі
NPL>90	90 күннен артық жұмыс істемейтін несиелер портфелі
k3	Банкпен белгілі бір қатынастағы емес (инсайдерлер) бірнеше несие алушыға тәуекелдің максималды мөлшерінің коэффициенті
Несиелік портфель	Несиелік портфель
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жұмыс жоспары (ТБЖЖ)	
ТБЖЖ1	Тәуекелге негізделген аудитті жоспарлау деңгейін көрсетіңіз
ТБЖЖ2	Жеке аудиторлық тапсырмаларға тәуекелдерді ескере отырып жасалынған жұмыс бағдарлама деңгейін көрсетіңіз
ТБЖЖ3	Директорлар Кеңесімен талқыланған, тәуекелге бағытталған аудиторлық жұмыс жоспар деңгейін бағалаңыз
ТБЖЖ4	Аудиторлық сұраныстар бойынша мезгілінде ұсынылуының орын алуы
Тәуекелдерді басқару (ТБ)	
ТБ 1	Тәуекелдерді бағалау деңгейін көрсетіңіз
ТБ 2	Тәуекелдерді басқару деңгейін көрсетіңіз
ТБ 3	Тәуекелдерді басқару қаржылық есептіліктегі қателерді анықтау үшін жүргізіледі
Ескерту – Жинақталған сауалнама деректері және Ұлттық банктің банк саласы бойынша қаржылық көрсеткіштерінің деректері бойынша автормен жасақталған	

Сауалнама сұрақтары Ішкі аудиторлардың халықаралық кәсіби стандартына сәйкес жасалынды. Кестеде сауалнама сұрақтарымен бірге тәуекелдерді бағалаудың тәуелсіз айнаымалысы берілген. Сонымен қатар тәуелсіз айнаымалылардың индикаторларының қысқартылған нұсқадағы түрі көрсетілген.

Құрылымдық теңдеулерді моделдеу (SEM) – бұл екінші буындағы көп өлшемді мәліметтерді талдау әдісі болып табылады. Ол маркетингтік зерттеулерде жиі қолданылады, себебі ол теориялық қолдаудағы сызықтық және аддитивті себеп-салдарлық модельдерді тестілей алады.

16-суретте зерттеу жұмысы гипотезасы бойынша ақпараттар базасы

берілген (суреттегі мәліметтер бағдарламадан жүктелінген).

Data file Settings	
Data file	ішкі аудит[80 records]
Missing value marker	none
Data Setup Settings	
Algorithm to handle missing data	None
Weighting Vector	-
PLS Algorithm Settings	
Data metric	Mean 0, Var 1
Initial Weights	1.0
Max. number of iterations	5000
Stop criterion	7
Use Lohmoeller settings?	No
Weighting scheme	Path
Bootstrapping Settings	
Complexity	Basic Bootstrapping
Confidence interval method	Bias-Corrected and Accelerated (BCa) Bootstrap
Parallel processing	Yes
Samples	500
Significance level	0.05
Test type	Two Tailed
Construct Outer Weighting Mode Settings	
Ішкі аудит көлемі	Automatic
Ішкі аудит стандарты	Automatic
Несие тәуекелін бағалау	Automatic
Тәуекелге бағытталған ішкі аудитордың жылдық жоспары	Automatic
Тәуекелдерді басқару	Automatic
Қаржылық нәтиже	Automatic

Сурет 16 – Зерттеудің ақпараттық базасы


Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Суреттен көріп отырғанымыздай, респондеттер саны 80 және ол ішкі аудиторлар мен ішкі бақылау орталығы қызметкерлері құрамынан алынды. Сонымен қатар, байқап отырғанымыздай, барлық модельдер бағдарламада автоматты түрде орындалған.

Smart PLS 3 бағдарламасына мәліметтерді енгізгеннен кейін корреляция-регрессия моделі үшін факторлардың байланыс тығыздығын корреляция индексі (R) бойынша анықтаймыз.

Факторларды таңдап және мәліметтеріне өңдеу немесе түзету енгізілгеннен кейін олардың арасындағы өзара тәуелділік барын анықтаймыз. Экономикалық теория бойынша факторлардың арасында тәуелділік болуы мүмкін, бірақ тәжірибеде зерттелетін нысанға байланысты нәтижелі көрсеткіш басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

Төмендегі суретте қарастырылып отырған гипотезаларда айнымалылар арасында байланыс тығыздығы көрсетілген (сурет 17).



Сурет 17 – Айнымалылар арасындағы байланыс көрсеткіштерінің тығыздық моделі (R²)

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Суреттен көріп отырғанымыздай қаржылық нәтиже айнымалысының детерминация коэффициенті (R) 0,951 құрады. Бұл дегеніміз бес тәуелсіз айнымалылардың жоғары деңгейде қаржылық нәтижесінің 95,1%-да ауытқуын түсіндіреді.

Факторларды таңдап және мәліметтеріне өңдеу немесе түзету енгізілгеннен кейін олардың арасындағы өзара тәуелділік барын анықтаймыз. Экономикалық теория бойынша факторлардың арасында тәуелділік болуы мүмкін, бірақ тәжірибеде зерттелетін нысанға байланысты нәтижелі көрсеткіш басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан таңдалған факторлардың статистикалық мәліметтеріне міндетті түрде корреляциялық талдау жүргізу қажет.

Талдау корреляциялық коэффициенті бойынша анықталады. Корреляция коэффициенті жалпы факторлардың тенденциясының сәйкестігін көрсетеді. Корреляция коэффициенті төмендегі формуламен есептелінеді.

$$r_{xy} = \frac{\sum(d_x \times d_y)}{\sqrt{(\sum d_x^2 \times \sum d_y^2)}} \quad (2)$$

мұндағы

r_{xy} – корреляция коэффициенті;

d_x – x қатары мәнінің өзінің орташа мәнінен ауытқуы;

d_y – y қатары мәнінің өзінің орташа мәнінен ауытқуы;

$\sum d_x^2$ – x бойынша квадраттар ауытқуларының қосындысы;

$\sum d_y^2$ – y бойынша квадраттар ауытқуларының қосындысы.

Корреляция коэффициентінің шамасы айнымалылар арасындағы (x,y) байланыс күшін көрсетеді. Айнымалылар арасындағы (x,y) корреляция коэффициенттерінің байланыс күшін бағалау кезінде Чеддок шкаласы қолданылады. Ол корреляция коэффициентінің 0,1-0,3-ке тең кезінде айнымалылардың өзара байланысы әлсіз, 0,3-0,5 – орташа, 0,5-0,7 – елеулі, 0,7-0,9 – жоғары, 0,9-0,99 – өте жоғары дегенді білдіреді. Корреляция коэффициенті -1-ден +1-ге дейінгі мәндерді қабылдайды. Теріс корреляция коэффициенті көрсеткіштердің (x, y) кері байланысын көрсетеді. Корреляция коэффициентінің нөлдік шамасы кезінде айнымалылардың өзара байланысы болмайды.

Факторлардың өзара байланысы 3-кестеде көрсетілген, ал 4-кестеде факторлар индикаторларының арасындағы өзара байланысы қарастырылған.

Кесте 3 – Факторлар арасындағы корреляция коэффициенттері (Latent Variable Correlations)

Айнымалылар	Ішкі аудит көлемі	Ішкі аудит стандарты	Несие тәуекелін бағалау	Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары	Тәуекелдерді басқару	Қаржылық нәтиже
Ішкі аудит көлемі	1,000					
Ішкі аудит стандарты	0,799	1,000				
Несие тәуекелін бағалау	0,885	0,782	1,000			
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары	0,748	0,905	0,719	1,000		
Тәуекелдерді басқару	0,764	0,628	0,860	0,610	1,000	
Қаржылық нәтиже	0,885	0,938	0,776	0,879	0,667	1,000
Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған						

Жоғарыдағы кестеде барлық факторлар арасындағы корреляция коэффициенті елеулі және жоғары екенін байқаймыз, яғни алынған факторлар өзара тығыз байланыста.

Факторлар арасындағы корреляция коэффициенттерін анықтағаннан кейін детерминация коэффициентін есептейміз. Корреляциялық талдауда

детерминация коэффициентінің орны ерекше.

Детерминация коэффициентінің шамасы корреляция коэффициентінің квадратына ($R=r^2$) тең.

Корреляция коэффициенті факторлардың өзара байланысын көрсетсе, ал детерминация коэффициенті бір тәуелді айнымалының өзгеруі, екінші тәуелсіз айнымалылардың өзгеруінен болатынын көрсетеді. Детерминация коэффициенті екінші кестеде көрсетілген (кесте4).


Кесте 4 – Тәуелді айнымалыға әсер етуші тәуелсіз айнымалылардың тәуелділік тығыздығы (Path Coefficients)

Айнымалылар	$R=r^2$
Ішкі аудит көлемі	0,556
Ішкі аудит стандарты	0,632
Несие тәуекелін бағалау	-0,364
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары	0,091
Тәуекелдерді басқару	0,103

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Кестеден көріп отырғанымыздай, ішкі аудит стандарты қаржылық нәтиженің өзгеруіне елеулі әсер етеді (0,632). Ал ішкі аудит көлемі (0,556) және несие тәуекелін бағалау (- 0,364) орташа әсер етеді. Бұл несие тәуекелінің көбеюі қаржылық нәтиже көрсеткішінің төмендеуіне ықпал ететіндігін білдіреді. Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары (0,091) және тәуекелдерді басқару (0,103) тәуелсіз айнымалылардың байланысы әлсіз болып отыр.

Осы тәуелділік тығыздылығы 18-суретте берілген.



Сурет 18 – Тәуелді айнымалыға әсер етуші тәуелсіз айнымалылардың тәуелділік тығыздығы (Path Coefficients)

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Суреттегі тәуелді айнымалыға әсер етуші тәуелсіз айнымалылардың тәуелділік тығыздығы бойынша келесі тұжырымдарды жасауға болады:

- ішкі аудит стандарты мен қаржылық нәтиженің өзара байланысы статистикалық мәнді;

- ішкі аудит көлемі мен қаржылық нәтиженің өзара байланысы статистикалық мәнді;

- несие тәуекелін бағалау мен қаржылық нәтиженің өзара байланысы статистикалық мәнді болып табылады.


Дегенмен ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары және Тәуекелдерді басқару мен қаржылық нәтиженің өзара байланысы статистикалық мәнсіз деп айта аламыз. Ары қарай төмендегі кестеде тәуелді айнымалының «Қаржылық нәтиже» детерминация коэффициентін қарастырайық (кесте 5).

Кесте 5 – Тәуелді айнымалының детерминация коэффициенті R Square

Тәуелді айнымалы	R Square	R Square Adjusted
Қаржылық нәтиже	0,951	0,947
Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған		

Тәуелді айнымалының детерминация коэффициенті 0,951 құрады. Бұл тәуелсіз айнымалылар (жоғарыда қарастырылған бес фактор) мен тәуелді айнымалы (қаржылық нәтиже) арасындағы тығыздығының өте жоғары деңгейдегі екенін байқаймыз.

Smart PLS 3 бағдарламасы бойынша бұл коэффициентті сурет түрінде келесідей беруге болады (сурет 19).



Сурет 19 – Тәуелді айнымалының (қаржылық нәтиже) детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Суреттен және жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай зерттеудегі

тәуелді айнымалының детерминация коэффициенті 0,951-ге тең . Бұл дегеніміз модель 95,1 пайызға мәнді дегенді білдіреді.

Енді әр айнымалылардың жеке индикаторлармен сенімділік байланысын қарастырайық (кесте 6).

Кесте 6 – Айнымалылардың жеке индикаторларының сенімділігі (Outer Loadings)

Индикаторлар	Ішкі аудит көлемі	Ішкі аудит стандарты	Несие тәуекелін бағалау	Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары	Тәуекелдерді басқару	Қаржылық нәтиже
NPL			0,799			
NPL>90			0,830			
ROA						0,815
ROE						0,910
k3			0,752			
IAK1	0,728					
IAK2	0,878					
IAK3	0,801					
IAC1		0,683				
IAC2		0,879				
IAC3		0,887				
IAC4		0,886				
Активтер						0,837
Несиелік портфель			0,755			
ТБ1					0,899	
ТБ2					0,799	
ТБ3					0,714	
ТБЖЖ1				0,514		
ТБЖЖ2				0,881		
ТБЖЖ3				0,896		
ТБЖЖ4				0,892		
Ескерту - Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған						

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай барлық айнымалылардың жеке индикаторларымен сенімділік көрсеткіші ең төменгі қолайлы мәнінен 0,7-ге артық. Бұл жерде тек «Ішкі аудит стандарты (IAC1)» және «Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары (ТБЖЖ 1)» қосылмаған.

Дж. Хюлэндтің пайымдауынша бұл мәндер 0,4 немесе одан жоғары деңгейде болуы қажет [88]. Сондықтан, модельді тестілеу үшін барлық айнымалылардың индикаторларын қолданамыз.

Кесте мәліметтері бойынша айнымалылардың жеке индикаторларының сенімділігі жеткілікті деңгейде көрсетілген. Тек ішкі аудит стандарты (ІАС) мен тәуекелге бағытталған жылдық жоспар (ТБЖЖ) факторлары қажетті деңгейде ықпал етпеді.

Айнымалылардың жеке индикаторларының сенімділік коэффициенті 0,4-тен жоғары болса мәндер қабылданады. Барлық басқа зерттеулер секілді, құрылымдық модельді сараптауды аяқтау үшін тәуелсіз айнымалылардың сенімділігі мен жарамдылығын анықтау қажет. PLS-SEM талдауын жүргізу барысында модельдің факторлары мен индикаторларының сенімділігі мен жарамдылығын тексеру қажет.

7- кестеде барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндері көрсетілген.

Кесте 7 – Барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндері

Latent Variable	Indicators	Loadings	Indicator Reliability (i.e., loadings ²)	Cronbach's alpha	AVE
Ішкі аудит көлемі	IAK1	0,728	0,534	0,729	0,648
	IAK2	0,878	0,815		
	IAK3	0,801	0,747		
Ішкі аудит стандарты	IAC1	0,683	0,594	0.856	0,703
	IAC2	0,879	0,910		
	IAC3	0,887	0,760		
	IAC4	0,886	0,837		
Несие тәуекелін бағалау	NPL	0,799	0,668	0.794	0,616
	NPL>90	0,830	0,594		
	k3	0,752	0,671		
	Несиелік портфель	0,755	0,453		
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары	ТБЖЖ1	0,514	0,455	0.813	0,660
	ТБЖЖ2	0,881	0,848		
	ТБЖЖ3	0,896	0,709		
	ТБЖЖ4	0,892	0,776		
Тәуекелдерді басқару	ТБ1	0,899	0,668	0.732	0,652
	ТБ2	0,799	0,455		
	ТБ3	0,714	0,453		
Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған					

Кестеден байқағанымыздай AVE мәндерінің барлығының 0,5 қолайлы шегінен асып кеткені анықталды, сондықтан сенімділігі мен жарамдылығы


расталды.

Cronbach's alpha көптеген зерттеулерде сауалнама сұрақтарының сенімділігі мен жарамдылық мәнін көрсетеді .

Cronbach's alpha мәніне түсінік берсек: [0,9-1] - өте жақсы, [0,8- 0,9] - жақсы, [0,7-0,8] - қанағаттанарлықтай, [0,6 0,7] - күдікті, [0,5-0,6] - төмен, [0-0,5] - жеткіліксіз.

Жиынтықтың дұрыстығын тексеру үшін әр тәуелсіз айнымалы мен олардың индикаторларының көрсеткіштерінің орташа мәнін шығаруды (AVE) бағалайды. Ол 0-ден 1-ге дейін өзгеріп отырады. AVE мәні 0,50-ден жоғары болу керек .

20-сурет мәліметтері барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылық көрсеткіштері мәнді болып отырғандығын көрсетеді және олар бағалаудың барлық шарттарын орындайды.



Сурет 20 – Барлық факторлардың сенімдік пен жарамдылық мәндері

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Суреттен байқағанымыздай барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылық көрсеткіштері мәнділік деңгейіне тең. Оны жүргізілген көк сызықтан байқауға болады. Бұл дегеніміз модельді жасау барысында жинақталып қолданылған көрсеткіштердің мәнді екендігін білдіреді.

Сонымен қатар айнымалылардың арасындағы өзара байланысы дискриминанттың дұрыстылығына тексерілді және барлық көрсеткіштер талап етілген критерилерге сәйкестігі анықталды. Бұл критерилер С.Форнелла және Д.Ф. Ларкердің пайымдауынша

Яғни модельдің айнымалылардың кез-келген басқа айнымалымен ең жоғары корреляциясынан әр айнымалының AVE-нің квадрат түбірінің жоғары екенін көреміз.

Бақыланбайтын айнымалы және өлшеу қателігі бар құрылымдық теңдеулердің модельдерін С. Форнелла және Д.Ф. Ларкердің критерінің

дискриминанты дәлділігі арқылы бағаланады.

Әрбір айнымалының AVE-нің квадрат түбірінің конструкцияның кез-келген басқа конструкциямен ең жоғары корреляциядан жоғары болғандығы анықталды (кесте 8) [89].

Кесте 8 – Форнелла - Ларкердің критерінің дискриминанты дәлділігі Discriminant Validity. Fornell-Larcker Criterion


Айнымалылар атаулары	Ішкі аудит көлемі	Ішкі аудит стандарты	Несие тәуекелін бағалау	Тәуекелге бағытталған ішкі аудитордың жылдық жоспары	Тәуекелдерді басқару	Қаржылық нәтиже
Ішкі аудит көлемі	0,805					
Ішкі аудит стандарты	0,799	0,838				
Несие тәуекелін бағалау	0,885	0,782	0,785			
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары	0,748	0,905	0,719	0,812		
Тәуекелдерді басқару	0,764	0,628	0,860	0,610	0,808	
Қаржылық нәтиже	0,885	0,938	0,776	0,879	0,667	0,855
Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған						

Әр жасырын (индикаторлар) айнымалылардағы AVE-нің квадрат түбірі тәуелсіз айнымалылар арасында басқа корреляция мәндерінен үлкен болған жағдайда дискриминанттың дұрыстығын анықтау үшін қолданыла алады. Fornell-Larcker кестеде Форнелла-Ларкер критерилерінің нәтижесі көрсетілді.

Құрылымдық моделінің адекваттылығы мен маңыздылығы. Модельдеудегі ең басты көрсеткіш тәуелді айнымалы мен оның тәуелсіз айнымалылар арасындағы өзара қатынасы болып табылады. Жоғарыда біз зерттеу гипотезалар бойынша бір қатар талдаулар жүргіздік. Яғни, құрылымдық моделі үшін факторлардың байланыс тығыздығын корреляция индексі (R) бойынша анықтадық.

Сонымен қатар, тәуелді айнымалыға әсер етуші тәуелсіз айнымалылардың тәуелділік тығыздығын есептеп, барлық факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндерін тексердік. Берілген бес гипотезаның үшеуінің адекваттылығы мен маңыздылығы мәнді. Ішкі аудит стандартының, ішкі аудит көлемі мен несие тәуекелін бағалау мен қаржылық нәтиженің өзара байланысы статистикалық мәнді болып отыр.

Енді PLS-SEM бағдарламасының шарты бойынша құрылымдық модельдің адекваттылығы маңыздылығын бағалаймыз (сурет 21).



Сурет 21 – Құрылымдық моделінің адекваттылығы мен маңыздылығы

Ескерту - Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Жоғарыда берілген гипотезалардың адекваттылығы мен маңыздылығы жуан бағытты сызықпен айқын көрініп тұр.

Құрылымдық модельдің маңыздылығын бағалау критерийлерінің деңгейін бағалау модельдеудің келесі міндетті кезеңі болып табылады.

P Values, T Statistics (O/STDEV), Standard Deviation (STDEV), Sample Mean (M), Original Sample (O) құрылымдылық модельдің маңыздылығын бағалаудан басқа да статистикалық математикалық модельдерді бағалауда кеңінен қолданылады.

Құрылымдық модельдің маңыздылығын бағалауда келесідей критерийлер қолданылады: стандартты ауытқу, T - статистика және P-Values - маңыздылық деңгейі (кесте 9).

Кесте 9 – Құрылымдық модельдің маңыздылығын бағалау критерийлерінің деңгейі

Айнымалылар арасындағы байланыс	Original Sample (O)	Sample Mean (M)	Standard Deviation (STDEV)	T Statistics (O/STDEV)	P Values
1	2	3	4	5	6
Ішкі аудит көлемі → Қаржылық нәтиже	0,556	0,559	0,066	8,380	0,000

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Ішкі аудит стандарты → Қаржылық нәтиже	0,632	0,687	0,143	4,421	0,000
Несие тәуекелін бағалау → Қаржылық нәтиже	-0,364	-0,393	0,112	3,250	0,001
Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары → Қаржылық нәтиже	0,091	0,040	0,126	0,722	0,471
Тәуекелдерді басқару → Қаржылық нәтиже	0,103	0,129	0,061	1,703	0,089
Ескерту $p < 0.10$; $p < 0.05$; $p < 0.01$ Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған					

SmartPLS 3 бағдарламасында T statistica 1.96 коэффициентін құрау қажет. Егер статистикалық маңыздылық талаптары толық орындалса, онда модель адекватты деп танылады және керісінше талаптардың біреуі орындалмаса, онда модель адекватты болмайды. Жоғарыдағы кестедегі құрылымдық моделінің маңыздылығын бағалау критерийлерінің нәтижелері бойынша тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық жылдық жоспары, тәуекелді басқару тәуелді айнымалыға әсер етпейтінін байқадық. Себебі, ішкі аудит көлемі ($\beta = 0,556$, t-мәні $(7,800) > 1,96$) критерий көрсеткіштері бойынша маңызды және қаржылық нәтижеге жоғары әсер ететінін көрсетіп тұр (сурет 22).



Сурет 22 – Ішкі аудит көлемі мен қаржылық нәтиженің детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Ішкі аудит стандарты айнымалысының мәндері (IAC) $\beta = 0,632$, $t = (4.552)$, яғни PLS бағдарламасы бойынша белгіленген критерий 1,96-дан жоғары, бұл

көрсеткіштер маңызды және қаржылық нәтижеге жоғары әсер ететінін көрсетеді.


Ішкі аудит стандарты мен қаржылық нәтиже арасындағы детерминация коэффициенті 23-суретте қарастырылған.



Сурет 23 – Ішкі аудит стандарты мен қаржылық нәтиженің детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Несие тәуекелін бағалау факторына келетін болсақ, ол $\beta = -0,364$, $t = 3,179$, бұл модельдеу бағдарламасының коэффициентінен (1,96) жоғары, яғни маңызды. Бірақ бұл фактор (несие тәуекелін бағалау) кері ықпал етуде, 24-суретте несие тәуекелін бағалау мен қаржылық нәтиже айнымалылары арасындағы детерминация коэффициенті берілген.




Сурет 24 – Несие тәуекелін бағалау мен қаржылық нәтиженің детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Соңғы екі айнымалыға келетін болсақ, ТБЖЖ - $\beta = 0.091$, $t = 0,718 < 1.96$, бұдан t -мәнінің PLS бағдарламасы бойынша белгіленген критерийден кіші екенін көрсетеді.

Сонымен бірге ТБ - $\beta = 0,103$, $t = 1.623 < 1.96$ бағалау критерийінен төмен. Нәтижесінде бұл көрсеткіштердің қаржылық нәтижеге ықпалы жоқ екенін байқаймыз (сурет 25).



Сурет 25 – Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары, тәуекелді басқару мен қаржылық нәтиженің детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS 3 бағдарламасында автормен жасақталған

Сонымен зерттеу нәтижесі бойынша ұсынылған бес гипотезаның үшеуі расталып, екеуі расталмады (кесте 10).

Кесте 10 – Гипотезаларды тестілеу

Гипотезалар	Гипотезалардың расталуы
H1 - Несие тәуекелін бағалау → Қаржылық нәтиже	Иә
H2 - Ішкі аудит стандарты → Қаржылық нәтиже	Иә
H3 - Ішкі аудит көлемі → Қаржылық нәтиже	Иә
H4 - Тәуекелдерді басқару → Қаржылық нәтиже	Жоқ
H5 - Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары → Қаржылық нәтиже	Жоқ
Ескерту – Жинақталған деректер негізінде автормен құрастырылды	

Сонымен, жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеу жұмысының гипотезасына сәйкес бес ішкі гипотеза ұсынылған болатын. Ұсынылған гипотезалардың үшеуі расталып, екеуі расталмады. Банктердің

қаржылық жағдайына әсер ететін бес тәуелсіз айнымалыларды қарастырып, әрбір айнымалыны өзіне тән сұрақтармен бағаладық.

Жоғарыдағы 15-суретте концептуалды құрылымдық модель бойынша зерттеу жұмысының гипотезасы 5 ішкі гипотезада қарастырылған:

Гипотеза 1. Несие тәуекелін бағалаудың қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 2. Ішкі аудит стандартының қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 3. Ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 4. Тәуекелдерді басқарудың қаржылық нәтижеге әсері.

Гипотеза 5. Ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарының қаржылық нәтижеге әсері.

Бірінші гипотеза бойынша несие тәуекелін бағалау қаржылық нәтижеге (-0,364) орташа кері әсер етті. Бұл несие тәуекелінің көбеюі қаржылық нәтиже көрсеткішін төмендететіндігін білдіреді.

Екінші гипотеза нәтижесінде ішкі аудит стандарты қаржылық нәтиженің өзгеруіне елеулі әсер етті (0,632). Яғни екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит стандартын жеткілікті деңгейде қолданылатынын байқаймыз.

Сонымен қатар расталған гипотезаның үшіншісі гипотезасы ол - ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтиженің өзгеруіне айтарлықтай әсер еткенін (0,556) білдіреді. Яғни көлемі бойынша ішкі аудит жүйесі ауқымды жұмыс атқаратындығын көрсетеді.

Дегенмен, қалған төртінші және бесінші гипотезалар расталмады. Олардың детерминация коэффициенттері (0,091) және (0,103) әлсіз болып отыр. Яғни ол гипотезалардың расталмау себебі, ҚР ЕДБ-де ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары мен тәуекелдерді басқару жүйесінің жеткіліксіз деңгейде жұмыс атқаратындығын білдіреді.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, ЕДБ ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарын құруға және 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) өзгерістері мен Ішкі аудиторлардың халықаралық кәсіби стандарттарына сай тәуекелдерді басқаруға негізделуі тиіс. Себебі, ішкі аудит қызметінің әрекетін неғұрлым жүйелі және тиімді жүргізу арқылы ҚР ЕДБ-нің тұрақты жұмыс атқаруына елеулі ықпалын тигізеді.

Берілген модельді ЕДБ-мен қатар басқа да ұйымдардың өздерінің ішкі аудит жұмысын тиімді ұйымдастыру үрдісінде қолдана алады.

2.3 Ішкі аудитті жүргізілу үрдісінде тәуекелге бағытталған әдістің қолданылу ерекшеліктері

Ішкі аудит жүйесі банкті бақылау жүйесінде маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге ішкі аудит жүйесінің тиімділігі банктің оңтайлы жұмыс атқарылуына әсер етеді.

Бүгінгі таңда жалпы әлем бойынша ішкі аудит жүйесін жетілдіруге тұрған басты мәселелердің бірі ол тәуекелдерді басқару. Нарықтың және қаржы құралдарының дамуымен байланысты банктер көптеген тәуекелдерге ұшырауда. Осыған сәйкес соңғы уақыттарда тәуекелге бағытталған тәсіл ішкі аудит саласындағы мамандардың басты құралы болып табылуда [90].

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары бойынша тәуекел - бұл

белгілі мақсаттарға жетуде қандай да бір жағдайдың туындау мүмкіндігі. Тәуекел себеп-салдарды бағалау жолымен және жағдайдың туындау мүмкіндігімен өлшенеді.

Сонымен, аудиторлық тексерудегі тәуекелге бағытталған тәсіл аудиттің қандай да бір жағдайдың туындау мүмкіндігін анықтау және оның туындауының салдарын бағалауға бағытталғанын көрсетеді. Осы бағытты ұстану арқылы ішкі аудит жүйесі өзінің жұмысының тиімділігін арттырады [91].

ҚР ҰБ қабылдаған тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшу жөніндегі шара дұрыс шешім болды және Қазақстанның ЕДБ-ге интеграцияланған тәуекел-менеджментін енгізу жолындағы алғашқы қадам болып табылады [92]. Ішкі аудит пен сыртқы аудиттің арасындағы дилеманы көптеген ғалымдар зерттеп көрсеткен [93].


2010 «Жоспарлау» Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарты бойынша ішкі аудит басшысы ұйымның мақсаттарына байланысты тәуекелге бағытталған жоспар құруы тиіс. Сонымен қатар аталған жоспарды құру үшін ішкі аудит қызметінің департаментінің басшысы банкпен қабылданған тәуекелді басқару тұжырымдамасын ескеруі қажет.

Егер аталған тұжырымдама банкте болмаса, ішкі аудит департамен басшысы тәуекел туралы өзінің пікірін, жоғары орындаушы басқарушылар мен директорлар Кеңесінің ұсыныстарын ескере отырып қолданады.

2201 «Аудиторлық тапсырманы жоспарлау кезінде нені ескеру қажет». Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) стандартында аудиторлық тапсырманы жоспарлау кезінде ескерілетін аспектілер көрсетілген:

- аудиторлық тапсырманың объектісінің міндеттері;
- аудиторлық тапсырманың объектісіне, оның мақсаттарына, қызметіне, ресурстарына жататын маңызды тәуекелдер, сонымен қатар қолайлы деңгейде тәуекелдерді ұстау әдістері;
- сәйкес сызбалар мен модельдерді салыстыруда тәуекелдерді басқару;
- аудит объектісін басқару;
- корпоративтік басқару үрдістерінің шынайылығы және тиімділігі;
- тәуекелдерді басқару және аудит объектісін басқару, корпоративтік басқару үрдістерінің маңызды жетілдірілуінің мүмкіндігі . Сонымен қоса жоспарлау барысында АХС 300 «Қаржылық есептіліктің аудитін жоспарлау» стандартын басшылыққа алады [94].

Әрбір аудиторлық есепте аудиторлық тапсырманың мақсаттары, оның көлемі мен мазмұны туралы ақпарат, аудиттелетін бөлімшенің тексерісі бойынша қорытындылары, ұсыныстары мен жоспары, сондай-ақ анықталған тәуекелдерді азайту үшін ұсыныстар қамтылу қажет. Сонымен қоса аудиторлық есеп қажет болған жағдайда фактілерді баяндаудың қарапайымдылығы мен дәлдігі үшін түзетіледі. Есептің дер мезгілінде ұсынылуын ішкі аудит қызметінің басшысы қадағалайды. Сондай-ақ мүдделі тараптардың назарына жеткізілген аудиторлық есепте елеулі қателер анықталған жағдайда, ішкі аудит департаментінің басшысы дұрыс ақпаратты алғашында дұрыс емес ақпарат алған барлық тараптардың назарына дереу жеткізуі қажет. Аудиттің бұл үрдістері Ішкі аудиттің кәсіби халықаралық стандарттарымен реттеледі (сурет 26) [3].



Сурет 26 – Аудиторлық қызметтерді жүзеге асыру стандарттары

Ескерту – Ішкі аудиторлардың халықаралық кәсіби стандарттары негізінде автормен жасалды

Келтірілген стандарттарға сәйкес, тәуекелге-бағытталған тәсіл аудиторлық циклдің әр түрлі кезеңінде қарастырылған. Сонымен, ішкі аудиттегі тәуекелге-бағытталған тәсіл – бұл ішкі аудитте қолданылатын ішкі аудит жүйесінің барлық кезеңінде келесідей қызметтерді атқаратын тәсіл:

- үрдіске немесе ұйым қызметіне қатысты тәуекелдерді бағалайды;
- тәуекелді төмендету үшін бірінші және екінші «қорғаныс желісінде» қолданылатын бақылаудың толықтығы мен сапасын бағалайды;
- орын алған тәуекелдер мен бақылау үрдістерін бағалау қорытындыларын ескере отырып, аудиторлық тексерістердің басымдылығын және аудиторлық үрдістердің көлемі мен жобасын анықтайды.

Тәуекелге-бағытталған тәсілдің тәуекелге бағытталмаған тәсілден негізгі айырмашылығы бар. Атап айтсақ, ішкі аудитор тәуекелге-бағытталған тәсілді қолдану кезінде үрдістердің, келісімдердің 100%-дық жиынтығының талдауы мен бағалауын бірдей көлемде жүргізбейді.

Тәуекелдері жоғары деп танылған бірінші және екінші «қорғаныс желісіндегі» басқару процедурасындағы жеткіліксіз элементтер жиынтығын бағалап зерделейді. Сонымен бірге тәуекелге бағытталған тәсілді қолдану кезінде аудиторлық процедурамен (процедураның көлемі мен саны) қамтуына тәуелді болады. Сонымен қатар процедураға қатысты тәуекел деңгейі мен бірінші және екінші «қорғаныс желісіндегі» басқару процедурасының сапасына тәуелді болады [95].

Тәуекелге негізделген тәсіл кезінде барлық элементтерге қатысты бірдей аудиторлық процедуралар қамтылып және 100%-дық жиынтық көлемінде тексеріліп, тестілеуден өткізіледі. Тәуекелге негізделмеген тәсіл, көбінесе банктерде келесідей жағдайларда қолданылады:

- заңға сәйкестілікті тексеру кезінде (комплаенс - тексеру), яғни барлық элементтер жиынтығы 100% көлемде заңға сәйкес екендігіне көз жеткізу қажет;
- егер жиынтық саны аз болса (мысалы, келісімдер портфелі 5 келісімнен құралғанда), яғни жағымды көрсеткішке жету үшін, барлық элементтерді 100% көлемде толық жиынтықта бағалау қажет.

Н. Каштаньейра, Л. Родригес және Р.Крейг өз зерттеулерінде Тәуекелге-бағытталған тәсіл – аудиторлық ресурстар мен уақыт бюджетінің шектеулі, сонымен қатар тексерілетін аудитор өзінің іріктеу аумағын құру үшін тәуекел-өлшемдерін анықтауы қажет. Сонымен бірге олардың негізінде аудиторлық іріктеуді құрып, ішкі аудиторлық жоспар құруға болатынын пайымдаған [96].

Бір жағынан, тәуекелге-бағытталған тәсілді қолдану ішкі аудитордың тәжірибесі мен оның біліктілігіне қосымша талаптарды анықтап көрсетеді. Себебі, аталған жағдайда тексеріске жататын белгілі бір элементтерді іріктеу орын алып, кейбір элементтерге аудиторлық тексерістер мүлдем жүргізілмейді. Әдетте осы элементтерге қателіктерді анықтау немесе үрдістер мен жүйелердің жеткіліксіздігінен анықтау аудиторлық тәуекелді тудырады.

Осындай аудиторлық тәуекелді азайту үшін, бар тәуекелдер мен бірінші және екінші «қорғаныс желісінде» басқару процедурасын тереңдете талдау қажет. Бұл келесідей жағдайды айқындайды, яғни тәуекелді бағалау жылдық жоспарлау кезеңінде ережеге сәйкес, ішкі аудит қызметінің менеджментімен,

яғни оның басшысы, басшысының орынбасарымен іске асырылады. Аудиторлық тексеруді жоспарлау кезінде тәуекелге бағытталған тәсілді қолдана отырып аудит бағдарламасы дайындалады. Бұл бағдарлама ішкі аудитормен дайындалып, оның басшысымен келісіледі және бекітіледі.

Тәуекелге бағытталған тәсіл оны дұрыс қолдану кезінде тексеру үшін бірінші кезекте ЕДБ-дің ең маңызды тәуекелді аумақтарды анықтауға, маңызды жағдайларға, операцияларға көңіл аударуға мүмкіндік береді. Және керісінше, төмен тәуекелді аумақтар мен операциялар, екінші кезекте (жоғары басымдылық аумақтардың аудиторлық тексерісі аяқталған кезде) шектелген аудиторлық процедураларды қолдану арқылы тексеріледі.

Келесі қарастыратынымыз аудиторлық циклді егжей-тегжейлі қарастыра отырып, оның әр кезеңінде тәуекелге бағытталған тәсілдің қолданылу ерекшелігі айқындалады. Сонымен, аудиторлық циклдің келесідей 5 кезеңіне тоқталып өтсек:

- ішкі аудит қызметін жылдық жоспарлау;
- аудиторлық тексеруді жоспарлау;
- аудиторлық процедураларды жүргізу, ішкі аудит қызметінің жұмысын құжаттау;
- аудиторлық есепті дайындау және шығару;
- ішкі аудит қызметі ұсыныстарының орыдалуының мониторингін жүргізу (қадағалау).

Жылдық жоспарлау бұл ең маңызды кезең. Осы кезеңде ішкі аудит қызметі өзінің қызметінің басымдылығын анықтайды және алдағы жылға (жылдық жоспар) немесе бірнеше жылға (стратегиялық жоспар) қызметтің аудиторлық жоспарын құрады


А.М. Нургалиеваның пайымдауынша несие тәуекелдері бойынша операциялардың аудитін жүргізу барысында осы жылдық жоспарлау маңызды үрдіс деп пайымдаған. Себебі ішкі аудиторлық тексерудің жылдық жоспары негізінде барлық тексеру үрдісі жоспарланады [97].

Аудиторлық жоспарды құру үрдісі тәуекелге-бағытталған тәсілді іске асыруды көрсетеді. Кейбір ірі банктерде ішкі аудит қызметі бірден 2 жоспар құрады: стратегиялық (әдетте 3 жылға) және жылдық (1 жылға). Стратегиялық жоспарды жыл сайын қайта қарастыру қажет.

Стратегиялық жоспардың бар болуы меншік иелері мен топ менеджменті үшін ішкі аудит қызметінің бойынша банктің қызметіне әсер ететін негізгі тәуекелдер туралы негіздемелерді береді. Бұл банктің деңгейінде жалпы жоспарлау кезінде тәуекелдер туралы аудиторлардың ойларын ескеруге мүмкіндік береді.

Әрбір банкте ішкі аудит өз қызметін аудиторлық цикл аумағында іске асырады. Осындай циклдің ұзақтығы 2 жыл, 3 жыл немесе 5 жыл болуы мүмкін. Аудиторлық цикл ұзақтығы банк әр қызметінің бағыты, бөлімше немесе бизнес-үрдісі кем дегенде бір мәрте аудиторлық цикл мерзімінде тексерілуі қажет. Қазіргі жаһандық экономикалық күйзеліс жағдайында экономикалық тұрақсыздық уақытында ішкі аудитті стратегиялық жоспарлау аса маңызды болып саналады [98].

Аудит қызметінің алдағы жылға басымдылығы анықталмай, сапалы жылдық жоспар құру мүмкін емес. Жылдық жоспарлаудың бірнеше маңызды әдістері бар, алайда егер банк тәуекелге бағытталған тәсілді қолданса, барлық әдістердің бірдей екенін ескеру қажет. Аталған тәсіл төмендегі 27-суретте көрсетілген.



Сурет 27 – Ішкі аудит қызметінің жұмыс бабын жылдық жоспарлаудың кезеңдері

Ескерту – [81] Дереккөздер нәтижесінде автормен жасалған

Біздің ойымызшы, стратегиялық жоспар құру – бұл белгілі бір банкте пайда болуы мүмкін макроэкономикалық тәуекелдер мен ішкі ортаны болжау мүмкіндігі деп айтуға болады. Сонымен қатар, банктің осындай тәуекелдерге мүмкін «әсерін» болжау. Құбылмалы және тұрақсыз экономика шарттарында ішкі аудитті стратегиялық жоспарлау қажет емес деген ойлар қазіргі таңда жоққа шығарылуы тиіс.

Сұхбат ретінде кездесулердің маңызды екендігіне көңіл аудармауға болмайды. Осындай кездесулер басшылар мен қызметкерлерді жақсырақ тануға, олардың бөлімшелердегі үрдістерді, мәселелерді, тәуекелдерді қалайша көретіндерін түсінуде, болашақ аудиторлық тексерулер туралы ұсыныстарын естуде көп септігін тигізеді.

Біздің ойымызша, қызметкермен жүргізілген сұхбат хаттамасын қызметкерге мақұлдау үшін жіберілудің қажеті жоқ. Ішкі аудит қызметінің жоспары тексеруге жататын бағыттар мен басымды сұрақтарды анықтау кезінде әрбір банкте өзіндік жеке қызметтің жұмысын бейнелеуі тиіс. Бұл ішкі аудит қызметіне аталған тізімді жоспарлау кезінде ескеруге болатынын көрсетеді. Аталған хаттама ішкі аудит қызметінің құпия құжаты болып табылады. Себебі бұл құжатты аудитордан басқа да үшінші тұлғаларға ашуға болмайтын, аталған жағдайда аудиторлық тексеруге жатқызылған бөлімшелерге ашуға болмайтын қорытындылар орын алады. Тәжірибеде кездесулер хаттамасында, сонымен бірге сұхбат нәтижесінде аудитордың өзі жасаған қорытындыларды, нәтижелерді көрсеткен жөн.

Талданып отырған жағдай жылдық жоспарлау туралы болғандықтан, бұл жерде басты қорытынды ретінде сұхбатқа қатысушы қызметкерлердің тәуекелге ұшыраған бизнес-үрдісі бөліміндегі негізгі тәуекелдер тізімі алынады. Бұрынғы кездері банктерде ішкі аудит қызметінің даму кезеңінде банктің бөлімшелері мен қызметтерінің бағыттарын тексеру тәсілі қолданылған еді. Қазіргі кезде ішкі аудит қызметі көбінесе үрдістік бағытты қолданады, яғни аудиторлық тексерістің бірлігі ретінде бизнес үрдісі алынады. Үрдістік тәсілдің артықшылықтары өте көп.

Сұхбат жүргізуде өз алдына сәйкес құжаттамамен, оның ішінде кездесулер хаттамасымен құжатталады. Осылайша, аудиторлық жоспарды дайындаудың бірінші кезеңінің қорытындысы болып ішкі аудит қызметінің банктің немесе бөлімшенің сәйкес бағытының бизнесі туралы ақпараттары табылады. Осы қызметке сәйкес тәуекелі туралы толық сипаттаманы көрсету қажет.

Екінші кезеңде ішкі аудит объектілерінің каталогы құрылады, латын тілінен (Audit Universe) тікелей аударғанда бұл термин «Әлем аудиті» деген мағынаны білдіреді [99].

Банкте қабылданған тәуекел каталогын да қолдануға болады, алайда ішкі аудит қызметіне оның мақсаттарын айқындау үшін ыңғайлы, өзіне қажет деңгейде бөлшектелген өзіндік тәуекел каталогы құрылғаны дұрыс. Мысалы, ол келесідей тәуекел каталогы болуы мүмкін:

- несеиелік және ағымдылық тәуекел;
- пайыздық тәуекел мен валюталық тәуекел;
- стратегиялық және салықтық тәуекел;

- бухгалтерлік есеп жүйесінің тәуекелі мен операцияндық тәуекел;
- құқықтық тәуекел және беделділік тәуекелі;
- сәйкестік тәуекелі мен IT тәуекелі.

Аудит объектісінің каталогы дегеніміз не және оның қолданылу ортасы мен мәні қандай? Ішкі аудит қызметіне аудиторлық жоспарды құру үшін аудиторлық тексерудің бірлігін анықтау керек. Кейбір банктер зерделеуге жататын келесідей операциялар мен келісімдерді көрсетеді:

- жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың ақша қаражаттарын салым салуға (белгілі бір мерзімге және талап етілген мерзімге дейін), сонымен қатар қарыз түрінде де тарту;
- өз атынан немесе өз шотынан ақша қаражаттарын орналастыру;
- жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға банктік шоттар ашу;
- банктік шоттары бойынша банктік шотты ашусыз жасалған ақша қаражаттарының, оның ішінде электронды ақша қаражаттарының (пошталық аударымдарды қоспағанда) аударылуы;
- ақша қаражаттарының инкассациясы және жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға кассалық қызмет көрсету;
- қолма-қол түрде шетел валютасын сату-сатып алу;
- банктік кепілдемелер беру және банктік кепілдемелер бойынша талаптар ұсыну, ақшалай түрде міндеттемелердің орындалуын көздейтін және үшінші тұлғалардан талап ету құқығын алуға ақшалай түрде міндеттемелердің орындалуын көздейтін кепілдіктер беру;
- бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметі (брокерлік, дилерлік, депозитарлық, бағалы қағаздарды басқару бойынша);
- орталық депозитарий қызметі;
- жеке және заңды тұлғаларға құжаттар мен құндылықтарды сақтау үшін сейфтерді жалға беру;
- лизингтік операциялар;
- ақпараттық және кеңестік қызметтер көрсету.

Аталған сұрақтар банктің барлық бағыттарын қамтиды. Бұл сұрақтардың ішінде банктің шаруашылық операцияларымен байланысты қызметкерлерді басқару туралы сұрақтар көрсетілмеген және бұл көрсетілген сұрақтар тізімінің үлгі ретінде екендігін атап өткен жөн.

Ішкі аудит қызметінің жоспары тексеруге жататын бағыттар мен басымды сұрақтарды анықтау кезінде әрбір банктерде өзіндік жеке қызметтің жұмысы рәсімделуі тиіс. Бұл дегеніміз ішкі аудит қызметіне аталған тізімді жоспарлау кезінде ескеруге болатынын көрсетеді. Тағы да атап өтетін жайт, егерде банктің филиалдары немесе басқа да ішкі құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда, олар да аудит объектілерінің каталогына бөлімше ретінде қосылуы тиіс.

Сонымен қоса ішкі құрылымдық бөлімше қызметінің бағыты ретінде қарастырылуы қажет.

Аудит каталогы тұрақты болып табылмайды. Ол жылдық жоспарлау кезінде әр жыл сайын қайта қарастыруды талап етеді.

Мысалы, банк бизнесін зерделеу кезінде ішкі аудиторға келесідей ақпараттар белгілі болды (1 шілде 2018 жылға). Банк «ААА» АҚ жеке тұлғаларға

да, заңды тұлғаларға да қызмет көрсететін әмбебап банк болып табылады. Банк Алматы қаласында тіркелген.

Банктің Қарағанды қаласында 1 филиалы жән 4 қосымша кеңсесі бар. Банк қызметкерлерінің саны – 200 адам, 2017-2018 жылдарға банк кадрларының (қызметкерлерінің) айналымы 13%-ды құрап, жоғары болып танылды. Банк бойынша статистика келесідей:

- жеке тұлғалар ретіндегі клиенттер саны – 4000 адам;
- ШОБ субъектілері ретіндегі клиенттер саны – 200;
- бөлшек несиелік портфельдің көлемі – 100 млн. теңге; мерзімі өткен берешек үлесі - 10%;
- ШОБ несиелік портфелінің көлемі – 300 млн. теңге; мерзімі өткен берешек үлесі - 7%;
- корпоративті несиелік портфельнің көлемі – 400 млн. теңге; мерзімі өткен берешек үлесі - 5%;
- жеке тұлғалар депозитінің портфелінің көлемі – 500 млн. теңге.

Соңғы жылға банктің несиелік портфелі 10%-ға өскен. 2017-2018 жылдары операциянды тәуекелдің іске асырылуы туралы 20 жағдай тіркелген. Оның 15-і банктің корреспонденттік шотын басқа банктерде уақыты кешіктіріліп тіркелгендіктен орын алған. Ал 5-еуі корпоративті несиелік бойынша қарыз алушылардың несиелік құжаттарын жоғалту бойынша орын алған (5-еуі де мерзімі өткен берешектер).

Соңғы рет банкті кешенді тексеру 2016 жылы шілдеде болған. Тексеру қорытындысы бойынша банк міндетті бақылауға жататын операциялары бойынша есептілікті уақытылы және толық жібермегені үшін айыппұл төледі. 2018 жылдың аяғында банкпен басқа да банктің акцияларын бизнесті бекіту мен синергияны қамтамасыз ету мақсатында сатып алу жоспарланған.

Үшінші кезеңде ішкі аудит қызметі ішкі аудит объектілері бойынша тәуекелдерді бағалауды жүзеге асырады және тәуекелдердің аудиторлық матрицасын құрады. Осындай матрицаны құру үшін тәуекелдер каталогы пайдаланылады, яғни аудиторлық жоспарды құрудың мақсаты үшін ішкі аудит қызметімен құрылған тәуекелдер жіктелімі құрылады.

Үрдістік бағыт негізінде банк аудиті объектілерінің каталогын құру қажет (кесте 11).

Кесте 11 – Ішкі аудит объектілерінің каталогы

№	Аудит объектілері
1	2
1	Банктің әкімшілік-шаруашылық операциялары
2	Валюталық операциялар және бақылау
3	Бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар
4	Кассалық қызмет көрсетумен байланысты операцияларды тексеру
5	Филиал қызметін кешенді тексеру
6	Бухгалтерлік, салықтық және басқарушылық есепті ұйымдастырылуы
7	Жеке және заңды тұлғаларға банктік шоттар ашу мен жүргізілуі

11 кестенің жалғасы

1	2
8	Жеке және заңды тұлғалардың ақша қаражаттарын салымға тарту (белгілі бір мерзімге және талап етілген мерзімге)
9	Несиелік портфель
9.1	Мерзімі өткен және проблемалы берешектерін тексеру
10	Қылмыстық жолында, терроризмді қаржыландыру жолымен алынған табыстарды жылыстауға қарсы тұруға бағдарламаларды іске асыру
11	Банктегі тәуекелдерді басқару жүйесі
12	Банк өтімділігін басқарылуы
13	Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі мен адекваттылығын бағалау мен тексеру
14	Тәуекелдерді басқару үрдісінің тиімділігін және тәуекелдерді бағалау әдіснамасын тексеру және ұсыныстар беру
15	Активтердің сақталуын тексеру
Ескерту – автормен жасалған	

Бір жылдан кейін қызметін жоспарлау кезінде бизнес-үрдістер, банк тәуекелі туралы ішкі аудитордың кәсіби шешіміне әсер ететін ақпарат пайда болған кезде каталогқа өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұнда орын алатын аудиторлық жоспарды құру мақсаты үшін ішкі аудит қызметімен жүргізілетін тәуекелдерді бағалауға назар аударған жөн.

Н.М. Боброваның пайымдауынша ішкі аудит қызметі тәуекелдерді бағалау кезінде банктің басқа бөлімшелерімен жүргізілген, мысалы тәуекел-менеджмент қызметімен жасалған тәуекелдерді бағалау нәтижесін қолданулары мүмкін. Дегенмен, ішкі аудит қызметінің аталған рәсімді өткізудегі тәсілі тәуекел-менеджменті қызметінің қолданатын тәсілінен ерекшеленуі мүмкін. Себебі ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты – аудит объектісінің әрқайсысына қатысты аудит қажеттілігінің деңгейін бағалау және аудиторлық жоспарды дайындау [100].


ЕДБ-терде тәуекелдерді басқарудың тиімді құралы ретінде тәуекелге бағытталған аудит негізгі фактор болып отыр. Банктер ішкі аудит объектілеріне қатысты тәуекелдердің бағалауын жүргізу үшін әр түрлі модельдер әзірлейді [101].

Жалпы бүгінгі таңда банк нарығында қатаң бәсекелестік жағдайында клиенттер банк өнімдері мен қызметтерін таңдаған кезде оның тұрақтылығы мен сенімділігіне және банктің іскерлік беделіне ерекше назар аударады. Осыған байланысты тиімді басқару үшін және тұтастай алғанда банк қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін екінші деңгейдегі банктердің менеджменті банк қызметінің жекелеген бағыттары бойынша да, тұтастай алғанда да банктің жағдайы туралы шынайы, жедел және басқарушылық есептілікті алуды қажет етеді. Аудиторлық тексерулер жүргізу кезінде тәуекелге бағытталған тәсілді қолдану мәселелері ішкі аудиторлар үшін аса маңызыды болып табылады.

Жалпы алғанда тәуекелдерді бағалау – бұл тәуекелдің және потенциалды жоғалтулардың болу ықтималдығын өлшеу үрдісі. Осындай бағалаудың мақсаты 100%-дық нақтылық болып табылады: үрдіс көбінесе тәуекел масштабын

бағалауға бағытталған. Жалпы, тәуекелдерді бағалау модельдері сапалы және сандық көрсеткіштерге негізделген.

Аталған модельдер банктік операцияларға тән тәуекелдерді бағалаумен және ішкі бақылау жүйесін бағалауды көздейді. Үлгі мысалы 28-суретте көрсетілген.



Сурет 28 – ЕДБ ішкі аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалау үлгісі

Ескерту - [81] Дерек көзі негізінде автормен жасалған

Банктік операцияларға тән тәуекел ішкі аудит объектісінің маңыздылығының негізінде бағалануы мүмкін және ішкі аудит объектісіне тәуекелдің әсері қатысты болуы мүмкін. Аудит объектісінің маңыздылығы бизнес-үрдістің күрделілігі, реттеуші органдардың талаптарына бизнес-үрдістің бейімделуі, бизнес-үрдістің өзгеруі сияқты сапалы факторлар негізінде бағаланады. Көрсетілген факторларды бағалау үшін келесідей балдардың сапалы ауқымы қолданылуы мүмкін (өте жоғары деңгей, жоғары деңгей, орта деңгей, төмен деңгей).

Тәуекелге бағытталған ішкі аудит – бұл қызметінің жұмысының барлық кезеңінде келесідей қызметтерді біріктіретін тәсіл:


- үрдіске немесе банк қызметіне қатысты тәуекелдерді бағалайды;
- тәуекелді төмендету үшін бірінші және екінші «қорғаныс желісіндегі» коданылатын бақылаудың толықтығы мен сапасын бағалануы;
- орын алған тәуекелдер мен бақылау үрдістерін бағалау қорытындыларын ескере отырып, аудиторлық тексерудің басымдылығын және аудиторлық процедуралардың көлемі мен жобасын анықтайды.

Тәуекел әсерін бағалау үшін сапалы да, сандық та факторлар қолданылуы мүмкін. Аудит объектісінің әр біреуіне тәуекел әсерін бағалау үшін ішкі аудит қызметі банк үшін релевантты тәуекел каталогын (Risk Library) құруы қажет [102].

Ары қарай, ішкі аудит объектілері каталогын құру кезеңіндегі анықталған аудиттің барлық объектілерін қарастырамыз. Сонымен бірге мүмкін қаржылық

жоғалтулар ықтималдығы кезіндегі тәуекелдің белгілі түрлерінің негізінде бағаланады. Сондай-ақ келесідей екі сапалы бағалауға ие болады: қаржылық жоғалтулардың болу ықтималдығын және мүмкіндігін бағалау. Ықтималдылықты бағалау қандай да бір анықталған тәуекелді жағдайдың болу ықтималдығын сипаттайды.

Ішкі аудит қызметі қаржылық жоғалтулар ықтималдығы мен тәуекелді жағдайдың болу ықтималдығын анықтау үшін келесідей логарифмді шкаланы қолдана алады (сурет 29).



Сурет 29 – Тәуекелді жағдай әсерінің күшін бағалау шкаласы

Ескерту - [80, 102, с.39] Әдебиеттер негізінде автормен жасалған

Суретте болу ықтималдылығы мен мүмкін қаржылық жоғалтуларды бағалау нәтижесінде алынған көрсеткіштер бір жылға анықталған тәуекелмен байланысты болған қаржылық жоғалтудың шамамен орта деңгейін көрсетілген.

Енді 12-кестеден тәуекелді жағдайдың болу ықтималдығын анықтау шкаласы көрсетілген.

Кесте 12 – Тәуекелді жағдайдың болу ықтималдығын анықтау шкаласы


Шегі	Ықтималдылықтың бағалануы	Тәуекел жағдайының болу жиілігі
1	Өте төмен	5 жылда 1рет
2	Төмен	3 жылда 1рет
3	Орташа	2 жылда 1рет
4	Жоғары	1 жылда 1рет
5	Өте жоғары	тоқсанына 1рет

Ескерту – [80, 102, с.30-31] Ұлттық банк деректерінің көзі негізінде жасалған

Он екінші кестеде көрсетілген тәсіл келесідей түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ішкі аудиттің әрбір объектісі мүмкін болатын қаржылық жоғалтулар және тәуекелдік жағдайлардың басталуы мүмкіндіктері тұрғысынан бағаланады. Бұндай тексерулер банктердегі өткен есептілік кезеңде жинақталған мүмкін болатын (нақты орын алған) жоғалтуларды бағалаумен байланысты.

Қаржылық жоғалтуды бағалау кезінде несиелік тәуекелге қатысты көрсеткіштердің бірі ретінде ішкі аудит қызметі тәуекел құны COR (cost of risk) көрсеткішін қолдануы мүмкін. Бұл көрсеткіш провизияны құрумен байланысты шығындардың несиелік портфельдің орташа деңгейіне қатынасымен есептеледі. Алайда жоғарыда сипатталған үлгі кейбір банктердің ішкі аудиті үшін сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл жағдайда тәуекел әсерін бағалау үшін тәуекелді бағалаудың сапалы көрсеткіші де қолданылуы мүмкін (мысалы: өте жоғары, жоғары, деңгей, төмен деңгейлері).

Тиісті деңгей 30-суретте көрсетілген түсіндірме негізінде тағайындалуы мүмкін.



Сурет 30 – Тәуекелді бағалаудың сапалы шкаласы

Ескерту – [80,81] Әдебиеттер негізінде автормен жасалған

Осылайша, банктік операцияларға тән тәуекелдерді бағалау олардың маңыздылығын және әсер етулерін бағалаудан құралады.

Енді ішкі бақылау жүйесін бағалауға тоқталайық. Негізінен, ішкі бақылау жүйесін бағалау тәуекелдерді талдау кезеңінде ішкі аудиторларға қол жетімді ақпараттардың шынайылығын және ішкі бақылаулар жағдайын зерттеу арқылы жүргізіледі.

Ақпараттардың шынайылығы келесі факторлардың негізінде бағалануы мүмкін:

– соңғы өткізілген аудиторлық тексеру (ішкі және сыртқы аудит) мен реттеуші органдармен өткізілген тексерулердің мерзімдеріне тәуелді шынайылық деңгейі;

– тәуекелдерді бағалау кезеңінде ішкі аудит қызметіне ұсынылған құжаттар мен ақпараттардың уақыттылығы мен толықтығы.

Ішкі бақылаулардың жағдайы келесі факторлардың негізінде бағалануы мүмкін: сызықтық бақылаудың (кросс-бақылау) толықтығы мен жеткіліктілігі және аудит объектісінің ішкі бақылаудың қажетті деңгейде бар екендігіне хабардар болуы.

Несие беру - заңды және жеке тұлғалардың тұтынушылық пен инвестициялық қаржыландырылуын жүзеге асыратын банктердің негізгі экономикалық қызметтерінің бірі.


Банктердің несиелік міндеттерін атқару сапасы олардың қызметін пайдаланатын өңірлердің экономикалық жағдайына тікелей байланысты. Себебі банк несиелері жаңа ұйымдардың пайда болуына, жұмыс орындарының артуына және олардың экономикалық икемділігінің артуына ықпал етеді. Негізінен банк жүргізетін несие саясаты тәуекелдермен байланысты. Себебі сыртқы (негізінен экономикалық жағдайлар) және ішкі факторлар (соның ішінде қате басқару шешімдерін қабылдау және тәуекелді несиелік операцияларды жүргізу) себеп болады. Оған банктегі берілген несиелерді қайтару мүмкін болмайтын күрделі қаржылық қиындықтардың туындауына себеп болуы мүмкін. Ішкі аудиттің банктер үшін маңызы зор.

Ішкі аудит банк акционерлері мен салымшыларының мүддесіне орай банктің қаржылық және шаруашылық қызметін тексеруді қарастырады. Сонымен, несиелік портфельдің тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексеру банктің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ішкі аудиттің негізгі міндеті баланстың сенімділігін, банктің қаржылық жай-күйі туралы объективті қорытындыны беру болып табылады. Сонымен бірге оның пайдалылығын, жүргізілген саясаттың тәуекел дәрежесін, активтердің өтімділігін және міндеттемелерді уақытылы өтеу қабілеттілігін растау болып табылады.

Біздің ойымызша жалпы банктегі тәуекелдердің ең жоғары шоғырланған тұсы несиелік портфель болып табылады.

Диссертациялық жұмыста жүргізілген зерттеулер нәтижесі төмендегі тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексерудің концептуалды әдіснамасын ұсынуды негіздейді (сурет 31).



Сурет 31 – ЕДБ – де тәуекелге бағытталған аудит процедуралары бойынша несиелік тәуекелдерді тексеру әдіснамасы

Ескерту – [3; 54] Дерек көздер негізінде автормен құрастырылған

Суреттен көріп отырғанымыздай, банктерде басқару үш желі арқылы жүзеге асырылады. Үшінші желісі болып ішкі аудит департаменті болып табылады.

Түрлі аудиторлық қызметтерге деген қажеттілік келесілермен анықталуы мүмкін. Біріншіден, басқару органдарына аудиторлық есеп беруді ұсыну, екіншіден, экономикалық, заңгерлік және қаржылық мәселелер бойынша құзыретті кеңес беру қажеттілігі жатады. Ал үшіншіден, банктердің бәсекелестігін қамтамасыз ету мақсатында керекті ақпараттармен қамтамасыз ету үшін қаржылық аудиторлық есеппен расталған есептілік. Сондықтан несие тәуекелін төмендету мақсатында ішкі аудит қызметінің тиімді жұмыс атқаруы маңызды болып саналады. 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-ында (IFRS) банктерде қолданылуымен байланысты ішкі аудиторлық тексеру мен қорытынды беру және тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған әдіснама ұсынылып отыр.

Әдетте ішкі аудит қызметі аудиторлық тексерудің аспектілері мен мақсаттарының құрылу мәніне көңіл аудармай, оның ресми сипатымен ғана шектеледі.

Бірақ біздің ойымызша, мұндай ұстаным дұрыс емес және ол жағымсыз жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Егер мақсат дұрыс көрсетілмесе, тексерілетін аспектілердің шектелген сипатқа ие болуы, акционерлер, реттеушілер тарапынан банктің аудиторлық тексерілумен толық қамтылғандығы туралы сұрақтар туындауы мүмкін. Онымен қоса, мақсаттың нақты және толық құрылымы мен мәні тексерілетін бөлімшеге тексеруге (барлық қажетті құжаттар мен ақпараттарды дайындау) тиісті түрде дайындауға мүмкіндік береді.

2 - бөлім бойынша тұжырымдама

Сонымен біз жоғарыда жүргізілген зерттеуде R статистикалық бағдарламасында мәтіндік талдау арқылы ішкі аудит жүйесінің даму эволюциясын анықтап, жалпы осы сала бойынша даму мәселелеріне тоқталдық. Атап айтсақ, банктің ішкі аудиторлары арасында експерттік сауалнама алынып, қазіргі жағдайы айқындалды. Банк саласындағы кездесетін ең үлкен тәуекелдері жоғары бағыттың бірі несиелік портфель болып табылады. Жалпы осыған байланысты ЕДБ-дің несие портфеліне талдау жүргізілді. Талдау нәтижесі бойынша ЕДБ-де қайтарылмайтын несиелердің үлесі жылдан жылға жоғарылағандығымен байланысты бірнеше банктердің лицензиясы тоқтатылғанын көрсетеді. ЕДБ-дің қайсында болмасын несие портфелі бойынша өтелмеген қарыздардың ұлғайюы несие тәуекелінің жоғарылауына әкеліп соғады. Сол себепті біз осы бағыт бойынша жүргізілетін ішкі аудиторлық тексерудің тиімділігін арттыру мақсатында жүргізілген талдау мен зерттеу нәтижесінде келесідей қорытындыларға келдік.

Біріншіден, экономиканы несиелендіру бойынша банк жүйесінің дамуына жұмыс жасамайтын, яғни мерзімі 90 күннен аса қайтарылмайтын несиелер кедергі келтіруде. Әрине бұл мәселе макро деңгейде Ұлттық банк және мемлекет тарапынан шешілу қажет. Мысалы, экономиканы несиелендіруге төмен пайызбен несие беру қажет. Ал, ЕДБ-тер деңгейінде ол мұндай тәуекелдерді алдын алу, болдырмау шараларын жүргізумен айқындаймыз.

Екіншіден, несие тәуекелін азайту үшін немесе оны болдырмау мақсатында

банктерде тәуекелге бағытталған аудиторлық тексеруді нығайту қажет. Нәтижесінде тәуекелге бағытталған аудиторлық тексеру банктердің қаржылық тұрақтылығына ықпал етеді.

Үшіншіден, тәуекелге бағытталған ішкі аудит банктік тәуекелдерді тиімді бағалау мен басқару үшін банктік қызметтің табыстылығын арттыруға, оның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған кеңес беру қызметін атқарады. Яғни ол - несиелік портфельді тексеру барысында құрылатын тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық жоспар мен бағдарламада негізделеді. Нәтижесінде ішкі аудиторлық тексерудің бұл тәсілі несие тәуекелін болдырмауға немесе оны төмендетуге ықпал етеді. Бұл бөлім бойынша ЕДБ-терде тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді деген гипотезасы бойынша зерттеу жүргізген болатынбыз. Зерттеудегі гипотезаға сәйкес алынған бес тәуелсіз айнымалының екеуі (тәуекелдерді басқару, ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарының) расталмай, үш гипотеза (несие тәуекелін бағалау, ішкі аудит стандарты, ішкі аудит көлемі) расталған болатын. Бұл дегеніміз банктерде жүргізілетін ішкі аудиттің несие тәуекелін бағалап, оларды төмендету бойынша ұсыныстар беру бойынша жүргізілетін жұмыстың жеткіліксіз деңгейде ұйымдастырылуын байқаймыз. Сәйкесінше бізбен осы несие тәуекелін басқару мен оларды төмендетуге бағытталған ЕДБ – де тәуекелге бағытталған аудит процедуралары бойынша несиелік тәуекелдерді тексеру әдіснамасы ұсынылды.

3 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕ ІШКІ АУДИТТІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖҮЙЕСІН МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Несиелік тәуекелді төмендету құралы ретіндегі ішкі аудиттің әдістемелік моделі (Logit модель)

Қазіргі уақытта ел экономикасына сыртқы соққы әсерінің салдарын жеңілдете алатын шараларды іздестіру қарқынды жүргізілуде. Мұнда ақша-несие саясатына үлкен орын беріледі. Несие ақша ағындарының күрт ауытқуы, экономикалық циклдің жеке кезеңдерінде ұйымдардың табыстылығының төмендеуі жағдайында өндіріс үдерісінің үздіксіздігін қолдауға мүмкіндік беретіндігін ұмытпау керек. Үмітсіз қарыздар, бұл қарыз алушылардың нашар қаржылық жағдайына байланысты банкпен өндіріліп алына алмаған қарыздары. Экономикаға несие салымдарының көлемін одан әрі қысқарту шаруашылық жүргізуші субъектілерге орны толмас зиян келтіруі мүмкін.

Үлкен және болжамды тұрақты несиелік қарызы бар ұйымдарды несиелік қолдауды шектеу күйреуге әкеліп, экономикадағы жағдайды ушықтыруы мүмкін. Несиелік тәуекелдердің өсуі жағдайында несиелеу мәселелерінің шешімдерінің бірі, біздің ойымызша, банктердегі несиелік тәуекелдерді басқару сапасын жақсарту болып табылады. Бірінші кезекте бұл қарыз алушының қаржылық жағдайын, оның несие қабілеттілігін, қаржы саласының ерекшеліктерін ескеру қажет. Сонымен қатар дефолт ықтималдығын бағалау тетігін әзірлеуді қоса бағалау жүйесін жетілдіру қажеттілігіне қатысты.

9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) қабылдаумен байланысты жаңа несиелік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін ішкі аудиттің рөлін белсендендіру қажет. Сонымен қатар корпоративтік басқару мен тәуекел-менеджмент жүйесінің элементі ретінде оның мәнін арттыру қажет. Банк несиелік тәуекелдерді бағалауда жаңа әдіснаманың пайда болуын күтуде, сондықтан ішкі аудит қызметіне де белгілі бір міндеттер жүктеледі. Осы қызметтерді несиелік тәуекел аудиті бағдарламасына қалай енгізуге болатынын қарастырайық. Банкте несиелеу ауқымында басқару органдарының шешімдері банктің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілуі мүмкін. Атап айтқанда, Несиелік саясат, Шектеу саясаты, Тәуекелдерді басқару бойынша саясаты және т.б. Басқару органдары шешімдерінің орындалуын бағалау қызметін іске асыру шеңберінде банктің ішкі аудиторларының несиелік портфельді тексергенде келесідей міндеттердің жүзеге асырылуына ықпал етеді:

1. Несиелік саясаттың жалпы мақсаттарының орындалуын тексеру:

- банк үшін тиімді және қолайлы табыстылық пен тәуекелдің арақатынасымен серпінді өсіп келе жатқан сапалы несиелік портфельді қалыптастыру;
- банкті несиелік нарықтың жаңа секторларында бекіту;
- қолданыстағы банктің несие өнімдерінің тиімді баға саясаты мен бағасыз факторларды іске асыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту есебінен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- бәсекеге қабілеттілікті арттыру, уақыт шығындарын және несиелік

операциялардың өзіндік құнын төмендету, операциялық тәуекелдерді азайту мақсатында несиелік үдерісті автоматтандыруды жетілдіру.

2. Несиелік шешімдерді қабылдауда және несиелеудің бекітілген шектерін сақтауды бақылау жүйесін тексеру. Несиелеу тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында банктің шектеулі саясатымен несиелік шешімдерді қабылдау кезінде құзыреттіліктерді бөлу мен шектеулерді бекіту қарастырылады. Банктің басқару органдары шешімдерінің сақталуын тексеру барысында ішкі аудит келесі мәселелерді тексеруі тиіс:

- банктегі несиелік шешімдерді қабылдау кезінде құзырлықтарды бөлу жүйесінің өзектілігі;

- несиелеуге жеке шектеулердің өзектілігі және жеке шектеулерді сақтауға бақылау жүйесінің тиімділігі.

Осылайша, ішкі аудиттің міндеті болып құзырлықтарды бөлуді және несиелеуге шектеулерді сақтауға бақылау жүйесінің жалпы тиімділігін тексеру табылады. Біздің ойымызша, осымен қатар, ішкі бақылаудың міндетіне өкілетті органмен, банк қызметкерімен бекітілген шектеулерді сақтай отырып, несиелік портфельді несиелік шешімнің дұрыс рәсімделуіне ішінара тексеру жатады.

3. Банк тәуекелдерін бағалау әдіснамасын және банк тәуекелдерін басқару рәсімдерін яғни, банк мәмілелерін жасауды, банк тәуекелдерін басқару әдістемелерінің, бағдарламаларының, қолдану толықтығын және тиімділігін тексеру [103]. Көрсетілген қызметтерді жүзеге асыру шегінде несиелік операцияларды тексеру барысында келесідей мәселелерді қарастыру керек:

3.1. Несиелік тәуекелдің мақсатты көрсеткіштерінің орындалуын бақылау жүйесін тексеру. Несиелеу тәуекелін басқарудың тиімді жүйесі, біздің ойымызша, мақсатты көрсеткіштер мен олардың сақталуына бақылау жүйесін қамтуы тиіс.

Тексеру барысында ішкі аудитор банкте несиелік тәуекел көрсеткіштерінің бекітілген жүйесі бар және ол өзекті екендігіне, көрсеткіштердің мақсатты мәндері үнемі қайта қаралатындығына назар аударуы қажет [104].

Несиелік шешімді қабылдауда және берілген несиенің мониторингінде несиелік тәуекелді, қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау сапасын тексеру қажет. Банкте өтінім бойынша несиелік тәуекелді бағалау мен қарыз алушының несие қабілеттілігін талдаудың әртүрлі процедуралары қарастырылуы мүмкін. ЕДБ-тер жеке тұлғаларға шағын сомаға несие берген кезде скорингтік жүйелерді (сандық статистикалық әдістерге негізделген несие қабілеттілігін (несиелік тәуекелдерді) бағалау жүйесі) жиі қолданады. Жеке тұлғаларды ірі сомаға, шағын және орта бизнес клиенттерін несиелеу кезінде андеррайтинг жүйесі қолданылады. Сонымен қоса несиелік шешімдер андеррайтерлердің несие қабілеттілік туралы қорытындылары негізінде қабылданады. Ішкі аудитор несиелік тәуекелдерді талдау сапасын бақылау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігіне көз жеткізуі тиіс.

Бұның барлығы жинақтай келе банкті тиімді корпоративті басқаруды білдіреді. Базель комитетімен шығарылған «Банкті қадағалаудың негізгі тиімді қағидалары» құжатында осы басқарудың тәуекелге негізделуін пайымдайды [105]. Яғни бұл дегеніміз несие портфелін ішкі аудиторлық тексеру барысында

тәуекелдер тиісті деңгейде бағаланып және оның алу шараларын тиімділігін бағалау қажет.

4. Көрсетілген қызметті іске асыру аясында ішкі аудиторлар несиелеуді тексеру барысында келесі мәселелерді қарастыруы керек:

4.1. Несиелеу кезінде пайдаланылатын автоматтандырылған банк жүйелеріне қолжетімділікті тексеру.

4.2. Несиелеу кезіндегі операциялық тәуекел аудиті.

4.3. Төтенше жағдайлар кезінде қабылданған іс-әрекеттер мен шаралардың үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын тексеру.

5. Қаржылық есеп пен есептіліктің шынайылығын, толықтығын, объективтілігін және мерзімдерінің сақталуын тексеру және оларды тестілеу қажет. Сондай-ақ, ақпарат пен есептіліктің сенімділігі (шынайылығын, толықтығы мен объективтілігін қоса алғанда) мен жинақтау және ұсынылуының мерзімдерінің сақталуын тексеру [106].

Сондықтан, біздің ойымызша, аталған қызметті іске асыру аясында ішкі аудитор несиелік операцияларды әрі қарай бақылау жүйесінің тиімділігін тексеруі керек, нақтырақ айтқанда келесідей сұрақтар қамтылуы тиіс:

- банкте бекітілген кейінгі бақылауды тексеру жоспары орындала ма;
- несиелік операциялардың бухгалтерлік есебін және несиелеу бойынша есептілікті тексерудің жиілігі қандай;

- бекітілген жоспар жеке және заңды тұлғаларды несиелеудің бухгалтерлік есебімен байланысты несиелік операциялар/сұрақтардың барлық спектрін қамтиды ма;

- несиелерді келесі тексеру жүргізгенде іріктеме қаншалықты репрезентативті болып табылады;

- кейінгі тексерулердің сапасы қандай, несиелік операцияларды кейінгі тексерулердің нәтижелері қалай рәсімделген;

- кейінгі тексерулерді жүргізу кезінде, сондай-ақ, сыртқы аудиторлар мен реттеуші органның (Ұлттық Банктің) тексерулері кезінде анықталатын несиелеуге байланысты қателер саны.

6. Банкпен жасалатын операциялардың экономикалық мақсаттылығы мен тиімділігін бағалау. Ішкі аудиттің көрсетілген қызметін орындау шегінде тексерілетін кезеңдегі несиелік операциялардың табыстылығын және несиелеуге шығындардың қарқынын талдаған дұрыс. Сондай-ақ несиелеуге шығындарды қысқарту мен үдерісті тиімдендірудің мүмкін жолдарын талдау тұрғысынан несиелеудің бизнес-үдерісін талдаған дұрыс. Қарыз алушының несиелік тәуекелін сандық бағалау жүйесінде дефолт ықтималдығын бағалау әлі де жеткілікті деңгейде жүргізілмеуде [107].

Отандық банк тәжірибесінде «дефолт» ұғымы жеткіліксіз деңгейде зерттелмеген болып отыр. Сонымен қатар бұл соңғы жылдары қабылданған банктік қадағалау бойынша Базель III комитетінің материалдарына негізделген нормативтік құжаттарға сәйкес әдістемелер мен модельдерді жасау үшін негіз болды.

ХҚЕС (IFRS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартын алмастыру мақсатында ХҚЕС бойынша Кеңеспен әзірленген 9 «Қаржы

құралдары» ХҚЕС (IFRS), бәрімізге белгілі. Сонымен бірге банктер құнсыздануды (стандарттың терминдерінде – күтілетін несиелік залалдар) залал шеккенде емес (залал оқиғасы болғанда), алдын ала несиелік тәуекелдің ұлғаюы болған кезде тануға бағытталған. Бұрынғы ұстаным бойынша залалдың болуын растайтын жағдай болғанда ғана залалды тану, яғни шығындарды болуы мүмкін кезде емес, болған кезде мойындайтындығында. Алайда, мұндай тәсілде елеулі кемшілік бар, яғни біз шығындарды олар болған кезде мойындаймыз. Ал инвесторлар мен қаржылық есептілікті пайдаланушылар қарыз алушының қаржылық есептілігіндегі қандай теріс өзгерістерге дайындалуға тиіс екенін алдын ала білген жөн. Жаңа стандартта мәселелердің бар болуы туралы нақты залалдар туындағаннан бұрын «тәуекелдерді болдырмауға» мүмкіндік беретін несиелік тәуекелді бағалау тәсілін қалыптастыру мақсаты бар. Стандартқа сәйкес әрбір есепті күнге банк несиелік тәуекелдің өзгерісінің мәнділігін бастапқы тану күнінен бастап бағалайды. Бұл бағалау орындалғанда, банк күтілетін несиелік залалдарды (ECL) емес, күтілетін несиелендіру кезеңі бойынша дефолт тәуекелін (яғни, ықтималдық PD) есептеу керек. Осы мақсатта компания PD-ны есепті күнге бағалайды.

Несиелік тәуекел – бұл залалдар емес, дефолт тәуекелі. Несие 200% қамтамасыз етілген несиелік тәуекелдің елеулі өзгеруіне байланысты екінші сатыға өте алады. Қаржы құралы қамтамасыз етілген жағдайларда, осы құралды ұстаушы қамтамасыз етуді ескертпестен құрал бойынша несиелік тәуекелдің өзгеруін бағалайды. Ал ECL есептеу үшін қамтамасыз етуді іске асырудан күтілетін түсім есепке алынатыны айтылған болатын. Б.И. Лисактың пайымдауынша банктердегі тәуекел интеграцияланған тәуекел-менеджмент несиелік қызметпен және несие қабілеттілігінің төмендеуімен өзара байланысы бар [108].

Аудиторлық стандарттың В 5.5.1 тармағына сәйкес несиелік тәуекелдің өзгеру дәрежесін бағалау үшін тек жеке негізде бағалауды ғана қолдану жеткіліксіз екендігін ескеруі тиіс. Жеке негізде «мониторлауы» қымбат әрі күрделі бөлшек несиелеудің мысалы жиі келтіріледі, бұл үшін құралдар жиі жеткіліксіз болып қалуы мүмкін. Мұндай активтер үшін несиелік тәуекелдің айтарлықтай нашарлау фактісі тым кеш болуы мүмкін, яғни несие шын мәнінде дефолтты болған кезде. Осы фактінің, яғни қаржы активтерін талдай отырып, алдын алуға болады. Стандарт бойынша дефолт ықтималдығы күтілетін келісім шарт мерзімінің белгілі бір сәтінде шоғырландырылмаған қаржы құралдары үшін маңызды. Сонымен қатар, дефолт ықтималдығының жақын 12 айда өзгеруі құралдың келісім шарт мерзімінде дефолт ықтималдығы өзгерісінің сенімді бағасы бола алады. Бұл тармақта аудиторлар ықтималдықтың өзі туралы емес, ықтималдықтың өзгеруі туралы айтылып жатқанына назар аудару керек, жақындағы 12 айға PD мен Lifetime PD (бұдан әрі – It-PD), әрине, өзгеше болады. Сондай-ақ, тармақта мұндай аппроксимация әрқашан орын алмайтыны және мұны назарға алу қажеттігі көрсетілген. Іс жүзінде несиелік тәуекелдің өзгеру мәнділігін келесідей бағалауға болады:

– есепті күнге анықталатын ағымдағы PD, сондай-ақ, жоспарланған ықтимал дефолт мүмкіндігі табылады;

- алынған PD мәндері үшін орташа және дисперсия анықталады;
- бастапқы тану күніне PD есептеледі;
- бастапқы тану күніне дефолт ықтималдығының мәні ағымдағы жағдайға келтіріледі;

- бастапқы тану күніне алынған нақтыланған PD мәндері үшін орташа және дисперсия анықталады;

- есепті күнге және бастапқы тану күніне несиелік тәуекелдің шамасы арасындағы айырмашылық елеулі ме екенін анықтау қажет. Ол үшін орташалардың айырмашылығын дисперсиялар сомасының түбіріне бөлуден жеке есептеледі және 1,64 шамамен (95 %-пайыздық сенімділік үшін стандартты қалыпты бөлу дәлелінің шамасы) салыстырылады. Егер 1,64 көп болса, онда несиелік тәуекелдің елеулі өзгерісіке ұшырағандығын білдіреді. Бағалау күніне және бастапқы тану күніне PD шамаларын салыстырғанға дейін оларды салыстырмалы ету қажет екенін атап кеткен жөн. Яғни PD – бұл активтің өмір сүру басында дефолт ықтималдығы, ал бағалау күніне PD – активтің қандай да бір жасы болған кездегі дефолт ықтималдығы. Әрине, дефолт ықтималдығы несие жасына сәйкес өзгереді, және мұндай тәуелділік несие түріне байланысты мүлдем әртүрлі болуы мүмкін. Жеке тұлғаларды несиелендіру бойынша дефолт ықтималдығының несие мерзіміне тәуелді болады. Стандарт несие алушылар дефолт ұғымын өздері анықтайтынын көрсетеді. Стандартты жасаушылар қандай да бір әмбебап терминді анықтауға тырыспай, несие алушылар өз ішіндегі тәуекелді басқару тәжірибесінен шыға отырып дефолт терминін анықтау маңызды екеніне сүйенді.

Мұндай тәсіл ХҚЕС (IFRS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» талаптары шеңберінде болғанға қарағанда құнсызданудан болған залалдарды ертерек тануға ықпал ететін болады. Бір банктің әр түрлі өнімдеріне дефолттың әр түрлі анықтамалары сәйкес келуі мүмкін екені логикалық тұрғыдан дұрыс. «Базель III» құжатының 454 тармағында дефолттың келесі анықтамасы бойынша келесі жағдайдың ең болмағанда біреуінің бар болуымен айқындалады:

- несие алушы банк тарапынан қамтамасыз етуді жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттерді қолданбай, банк тобы алдындағы несиелік міндеттемелерді толық көлемде орындайтыны екіталай деп санайды;

- борышкер банк тобы алдындағы өзінің кез келген елеулі міндеттемесін 90 күннен астам уақытқа кешіктірген. Дефолттың анықтамасы келесідей болуы мүмкін: негізгі қарыз және (немесе) пайыздық төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімде үздіксіз кешіктіру пайда болады. Комиссияларды төлеу бойынша мерзімі өткен берешек мәнсіз болғандықтан ескерілмейді.

Бірінші сатыдан екіншісіне ауысқан кезде несиелік тәуекелдің өзгеру мәнділігі қаржы құралының мойындау күнінен, яғни қаржылық құралдың басынан бастап бағалау күніне талданады. Мұнда бір қиындықтар туындайды, яғни егер өнім бұрыннан шығарылған болса, онда оның тәуекелін бастапқы тану күніне бағалау қиын болады, себебі қажетті деректер жоқ.

Несиелік тәуекелдің өзгеру мәнділігін шынайы шамамен салыстыру арқылы бағалауға болады. Бұл жағдайда шынайы шаманы таңдалуын негіздеу керек. Шынайы шама ретінде 12 айлық PD- ді қолдануға болады. Егер құнсыздануды

есептеу үшін реттеуші деректер (мысалы, «Базель III» шеңберіндегі сияқты) қолданылса, онда оларды нақтылау керек. Себебі стандарттағы және реттеуші талаптардағы ұғымдар әртүрлі қағидаларға негізделеді. Осылайша, реттеушілік талаптар шегіндегі PD бағалау модельдері үшін ішкі рейтингтер негізіндегі озық тәсіл 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) қағидаларынан кем дегенде екі қатынаста ерекшеленеді.

«Базель III» негізіндегі реттеуіш консервативті тәсілді қолдануды талап етеді. Мысалы, бағалау жүргізу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда бұл мәселе консерватизм қағидасын негізге ала отырып, қарапайым PD ұлғаюымен шешіледі. Мұндай тәсіл, өз кезегінде, консерватизм емес, нақты бағалау қажет 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) мақсаттарында құнсыздануды есептеу үшін қолайсыз. Берілген зерттеу жұмысында 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) талабы бойынша, сондай-ақ, диссертацияның құрылған гипотезасы бойынша несиелік тәуекелді бағалау бойынша Logit модель құрылды, яғни қарыз алушының дефолт жағдайын бағалау (қарыз алушылардың қаржылық нәтижелері негізінде).

Бұл модель несие тәуекелін төмендету мақсатында несие алушылардың дефолт ықтималдылығын бағалау мақсатында жасалды. Сонымен бірге ол тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық жұмыс жоспары мен бағдарламаны ұсынуда қолданылды.

Зерттеу жұмысымда несиелік тәуекелдің анықтаушы факторларын зерттеуі мүмкін жоғалтуларды бағалау үшін ғана қажет емес. Сондай-ақ, сыртқы да, ішкі де жағымсыз әсерлерді болдырмау мен банк секторының қаржылық тұрақтылығын сақтау бойынша іс-шаралар жоспарын жасау үшін де қажет. Көптеген әдебиеттерде нарықтық және несиелік тәуекелдерді жүзеге асыру салдарынан несиелік жоғалтуларды қамтитын кешенді көрсеткіш ретінде М. Соржа жұмысында ашылған VaR-Value-at-Risk көрсеткіші болады [109].

Сонымен қатар, М. Соржа интеграцияланған тәсілді несиелік активтердің (мысалы, корпоративтік облигациялардың) белсенді саудасы бар қаржы жүйелерімен қолдану орынды екенін атап өтті.

Сонымен қатар активтерді ағымдағы нарықтық бағаларға сәйкес қайта бағалауды көздейтін «mark-to-market» қағидасы жұмыс істейді. Алайда өтпелі экономикасы бар көптеген елдердің қаржы жүйелері қаржы активтерінің сауда нарығы жеткілікті дамымағандығымен және бағалардың құбылмайтындығымен ерекшеленеді. Нарықтық пен несиелік тәуекелдердің корреляциясының төмен деңгейі байқалатын банктердің тұрақтылығын бағалау үшін қолайлы болып несиелік тәуекелдің нақты көрсеткішін таңдаумен ішінара тәсіл саналады. Сонымен қатар, жүзеге асырудың қарапайымдылығының, статистикалық деректер мен есептеу жүктемесіне қажеттіліктің төмен деңгейі арқасында ішінара тәсіл зерттеушілер тарапынан көбірек қарастырылған.

Ішінара талдау қаржылық тұрақтылық индикаторлары, макроиндикаторлар, сондай-ақ, қаржы институттарының ерекше көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты бағалау үшін эконометриялық модельдер негізінде жүргізіледі. Сонымен қатар бағалау уақытша қатарлар мен панельді деректер үшін модельдерді пайдалана отырып жүргізіледі. Банктерге дефолтты, несиелік

міндеттемелердің мәнділігін анықтаудың неғұрлым қатаң критерийлерін қалыптастыру құқығы берілген. Бұл банк қарыз алушылардың жекелеген санаттарына неғұрлым сараланған түрде қарауларына мүмкіндік береді. Соңғы дағдарыстық жылдары ғылыми зерттеулерде несиелік тәуекелдерді бағалау әдістеріне, тәсілдеріне және модельдеріне көп көңіл бөлінді. М.Сорж жұмысында атап кеткендей, панельді деректердің артықшылығы елдердің немесе жекелеген банктердің сапалы сипаттамаларының несиелердің сапасына әсерін зерттеу мүмкіндігінің болуында.

Панельді деректерді қолданған жұмыстардың бірі жұмыстарының бірі Дж. Песоленикі. Автор 1980 жылдан 2002 жылға дейінгі деректерді пайдалана отырып, Скандинавтық және басқа да еуропалық елдердегі проблемалық несиелерге макроэкономикалық индикаторлардың әсерін зерттейді [110].

Нәтижесінде, осы елдерде банктердің несиелік жоғалтуларының негізгі көзі несиелердің ЖІӨ-ге қатынасы ретінде өлшенетін клиенттердің жоғары берешегі, кірістердің құбылмалылығы және нақты пайыздық мөлшерлеме болды.

А. Пестовамен және О. Солнцеппен 38 ел бойынша панельді 1997-2009 жылдардағы жылдық деректерді пайдалана отырып, проблемалық несиелерге зерттеу жүргізілген [111]. Осыған орай авторлар қайтарылмайтын проблемалық берешекті қалыптастырудағы факторларды анықтады. Ол бизнес - және несиелік циклдардың бірдей бағыттылығын, номиналды айырбас бағамының әлсіреуі мен несиелік тәуекелдерге нақты пайыздық мөлшерлеменің төмендеуінің теріс әсері.

Жалпы қызмет етуші ұйымдардың барлығында тәуекелдерді басқарудың негізгі құралы ретінде ішкі аудит қызметі болып табылады [112]. Несиелік тәуекелдерді бағалаудан басқа, панельді деректер әдісі коммерциялық банктердің зерттеулерінде қолданылады.

Ұлттық банктің анықтамасы бойынша үмітсіз қарыздар қарыз алушылардың нашар қаржылық жағдайына қарай өндіріп алу мүмкін емес қарыздары. Экономикаға несие салымдарын одан әрі қысқарту шаруашылық жүргізуші субъектілерге орны толмас зиян келтіруі мүмкін. Үлкен және мүмкін тұрақты несиелік берешегі бар ұйымдарға несиелік ресурстар беруді шектеу күйреуге әкеліп, экономикадағы жағдайды ушықтыруы мүмкін. Несиелік тәуекелдердің өсуі жағдайында несиелеу мәселесінің шешімдерінің бірі, біздің ойымызша, банктердегі несиелік тәуекелдерді басқару сапасын жақсарту болып табылады. Бірінші кезекте бұл қаржы саласының ерекшеліктерін ескере отырып, дефолт ықтималдығын бағалау тетігін әзірлеуді қоса алғанда, қарыз алушының қаржылық жағдайын, оның несие қабілеттілігін бағалау жүйесін жетілдіру қажеттілігіне қатысты. Қарыз алушының несиелік тәуекелін сандық бағалау жүйесінде дефолт ықтималдығын бағалау әлі де әлсіз орын болып қалуда. Отандық банк тәжірибесінде «дефолт» ұғымы әлі де қажетті деңгейде зерттелмеген.

Жалпы дефолт дегеніміз дефолт қарыз алушының банк алдындағы төлем міндеттемелерінің бұзылуын, қарыз міндеттемелері бойынша уақтылы төлем жүргізуге немесе қарыз шартының талаптарын орындауға қабілетсіздігін білдіреді. Сонымен қатар соңғы жылдары Ұлттық Банкпен қабылданған банктік қадағалау бойынша Базель комитетінің материалдарына негізделген нормативтік

құжаттарға сәйкес әдістемелер мен модельдерді жасау үшін негізді қалыптастырды. Жинақталған статистикалық мәліметтерді және дефолт ықтималдығын бағалау моделін қолдана отырып, несиелік тәуекел шамасын бағалау үшін қарыз алушылардың несиелік қабілеттілігінің өз рейтингтерін жасай алады. Несиелік тәуекелдерді бағалаудың берілген тәртібі бірінші кезекте капитал қажеттілігін оңтайландыруға арналған. Дефолт келесі жағдайларда пайда болды деп есептеледі:

- қарыз алушы мерзімі өткен кезең бойынша елеулі банк алдындағы несиелік міндеттемелерді өтеуді 90 күнтізбелік күннен астам кешіктірген;
- қарыз алушының өз міндеттемелерін өтеуі мүмкін еместігін куәландыратын мән-жайлар туындаған;
- несиелік талап сапасының айтарлықтай нашарлауын тану үшін негіз бар;
- қарыз алушының қаржылық жағдайы нашар деп бағаланады;
- банк борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінеді;
- сот қарыз алушыны банкрот деп таниды немесе банкроттық бойынша процедураларды жүзеге асырады (байқау, сыртқы басқару, қаржылық сауықтыру).

Банктерге дефолтты, несиелік міндеттемелердің мәнділігін анықтаудың неғұрлым қатаң критерилерін қалыптастыру құқығы берілген. Бұл банкке қарыз алушылардың жекелеген санаттарына неғұрлым сараланған түрде қарауға мүмкіндік береді. Соңғы 2008 жылғы дағдарыс болған жылы ғылыми зерттеулерде несиелік тәуекелдерді бағалау әдістеріне, тәсілдеріне және модельдеріне көп көңіл бөлінді. Сонымен бірге ықтималдықты бағалауға негізделген схемалар шектеулі қолданылды, себебі реттеуші тарапынан мұндай модельдерді тиісті тану болған жоқ [113].

Қазіргі уақытта бірінші орынға қарыз алушылардың әртүрлі топтарына, несиелік талаптарға қатысты несиелік тәуекелдерді бағалаудың дәлдігін, тиімділігі мен сенімділігін арттыру қажет. Ол үшін модельдерді әрі қарай өңдеу қажеттігі туындайды. Ұйымдардың жарияланатын қаржылық есептілігі негізінде қарыз алушының дефолт ықтималдығын бағалау мүмкіндігін зерттеу үшін біз қолайлы болжамды қабілеттерге ие тиісті модель құрдық. Қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалауға арналған көрсеткіштерді, біз олардың маңыздылығы туралы түсініктерін негізге ала отырып таңдадық.

Екі топқа арналған ұйымдар туралы мәліметтер жалпыға қолжетімді ақпаратқа сәйкес кездейсоқ таңдалған. Қаржылық жағдай туралы мәліметтер KASE мәліметтер базасының ұйымдардың қаржылық есептіліктерінен алынды [114].

Ақпаратт 2016-2018 жылдар аралығы бойынша алынды. Бұл болжам қарыз алушының дефолт ықтималдығын бір-екі жылға болжауға мүмкіндік береді. Регрессиялық талдау R статистикалық эконометрикалық пакетінде жүргізілді.

Базель ұсыныстарына сәйкес модель негізінде жатқан мәліметтер сенімді болуы тиіс. Бұл жағдайда сенімділік ең алдымен міндетті аудиторлық қорытындымен және салық органдарының тексеруімен расталады. Сонымен қатар ұйымдар өнеркәсіптік салаларға жатады, көпшілігінің қызмет ету мерзімі он жылдан асады.

Зерттеудің келесі кезеңі – мәліметтерді талдау. Көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты зерттеу үшін корреляциялар матрицасы құрылды.

Зерттеу жұмысының гипотезасына сәйкес қаржы тұрақтылығы бағалау коэффициенттерінің несие алушылардың дефолт ықтималдығын бағалауға әсер етеді.

Зерттеу жұмысының міндетіне сәйкес қаржы тұрақтылығын бағалау коэффициенттерінің дефолт ықтималдығын бағалауға әсер ететіндігін анықтау.

Зерттеу жұмысының өзектілігіне сәйкес банктер күтілетін несиелік шығындар залал шеккенде емес, оның алдын алуға негізделеді.

Енді зерттеу әдістемесіне көшейік. Зерттеу жұмысының міндетіне қол жеткізуде қамтамасыз ететін процедураларды қарастырамыз. Атап айтқанда:

- зерттеу дизайны;
- мәліметтерді жинау құралдары;
- мәліметтерді жинау процедуралары және талдау мәліметтері.

Зерттеу дизайны. Несие алушының дефолт ықтималдығын бағалау моделі банкпен бірқатар жылдарда немесе бірнеше экономикалық циклдер ішінде жиналған статистикалық мәліметтер базасына негізделуі керек. Зерттеуді жүзеге асыру барысында сыртқы пайдаланушыларға мұндай ақпараттар көп жағдайларда қол жетімді емес. Сол себепті мәліметтер Қазақстан қор биржасынан алынды.

Мәліметтерді жинау. Зерттеу барысында мәліметтер Қазақстан қор биржасынан қоспаниялар тізімінің қаржылық есептілігі бойынша коэффициенттерді есептеу арқылы жинақталды.

Мәліметтерді талдау, нәтижелер және талқылау. Берілген гипотезаны растау үшін Logit модель R статистикалық пакеттік бағдарламасында Logit модель құрылды.

Сонымен Logit model – бұл қарапайым регрессиялық талдау әдістерінде қолданылмайтын эконометрикалық модель. Оның басқа модельдеуден айырмашылығы тәуелді айнымалы мәндердің шектеулі санын ғана қабылдай алады, мысалы — 0 немесе 1. Яғни Банкротқа ұшырау ықтималдығын бағалаудың кең тараған моделін ашып көрсетейік. Бұл модельдер орын алуы ықтимал банкроттық тәуекелділікті нақты бағалауды анықтауға мүмкіндік береді. Банкроттық ықтималдылығын бағалау моделі логистикалық кері кетушілік теңдеу болып табылады. Сондықтан ол логистикалық кері кетушілік моделі деп аталады (Л-М) Л-М (Logit-модель).

А.В. Груздевтің пайымдауынша R статистикалық пакеттік бағдарламасы деректерді талдау үшін статистикалық бағдарламалық қамтамасыз ету ретінде кеңінен қолданылады және іс жүзінде статистикалық бағдарламалар үшін стандарт болып табылады [115].

Модельді тәуелді айнымалы ретінде құру үшін екі мүмкін мәннің бірін қабылдайтын, қарыз алушының PD дефолтының бинарлы ауыспалы ықтималдығы алынды:

- $PD = 0$, егер қандай да бір несие алушы ұйымның белгілі бір кезеңінде жақсы қаржылық жағдайы болса;

- $PD = 1$, егер қандай да бір несие алушы ұйымның белгілі бір кезеңінде

дефолт жағдайында болса.

Несие алушының дефолт ықтималдығының моделін құру үшін әртүрлі салалардағы 33 несие алушы ұйымдар іріктеліп, екі топқа бөлінді. Олардың 25 – сі жақсы және 8 – зі дефолт жағдайында. Екі топқа арналған кәсіпорындар туралы мәліметтер жалпыға қолжетімді ақпаратқа сәйкес кездейсоқ таңдалған. Қаржылық жағдай туралы мәліметтер KASE мәліметтер базасынан қаржылық есептіліктен алынды. Ақпарат 2016-2018 жылдар аралығында алынды. Бұл болжам қарыз алушының дефолт ықтималдығын бір-екі жылға болжауға мүмкіндік береді.

Регрессиялық талдау R статистикалық эконометрикалық пакетінде жүргізілді. Біз несие алушылардың қаржылық тұрақтылық деңгейін анықтайтын бірқатар параметрлерді іріктеп алдық. Көрсеткіштер Қосымша Д – да және төмендегі кестеде берілген формулалармен есептеліп, мәліметтер жинақталды (кесте 13).

Кесте 13 – Дефолт жағдайын бағалау моделін құру үшін таңдалған көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Атаулары	Экономикалық мазмұны
K_pokr	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	Ағымдағы активтер есебінен қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу мүмкіндігі
K_avt	Автономия коэффициенті	Сыртқы қаржыландыру көздерінен тәуелсіздік
K_ob_cc	Өз қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті	Кәсіпорынның меншік айналым қаражаттарының болуы
K_d_to_e	Қаржылық леверидж	Қарызға алынған және меншік қаражаттар қатынасын сипаттайды
Kap_oc	Меншікті қаражатты капиталдандыру	Меншік қаражаттар көзінен қаржыландырылатын негізгі құралдардың үлесін сипаттайды
K_obor_ta	Ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті	Ағымдағы кезеңге кәсіпорынның ағымдағы активтерінің айналымдылығының санын көрсетеді
K_ct_plat_o	Төлем қабілеттілік дәрежесі	Кәсіпорынның жалпы төлем қабілеттілігін сипаттайды
Ескерту – [116] Әдебиет негізінде автормен құрастырылды		

13 – ші кестеде ұсынылған көрсеткіштермен өтімділік, рентабельділік, іскерлік белсенділік және қаржылық тұрақтылықты бағалайды.

Осы көрсеткіштерді анықтау мақсатында төменде формулалар берілген:

1) Ағымдағы өтімділік коэффициенті

$$A_{\text{ө.т}} = \frac{A_a - K_{\text{к.с}}}{K_{\text{м.м}}}, \quad (3)$$

мұндағы

$A_{\text{ө.т}}$ – ағымдағы өтімділік коэффициенті

A_a – ағымдағы активтер

$K_{\text{к.с}}$ – қосылған құн салығы

$K_{м.м}$ – қысқа мерзімді міндеттемелер

2) Автономия коэффициенті

$$Авт_{к} = \frac{M_{к}}{B_{в}}, \quad (4)$$

мұндағы

$Авт_{к}$ – автономия коэффициенті

$M_{к}$ – меншік капитал

$B_{в}$ – баланс валютасы

3) Өз қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті

$$Өз. к_{к.м} = \frac{M_{к}}{A_{т.а}}, \quad (5)$$

мұндағы

$Өз. к_{к.м}$ – өз қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті

$M_{к}$ – меншік қаражаттар

$A_{т.а}$ – айналымнан тыс активтер

4) Қаржылық левиридж

$$K_{л} = \frac{K_{а.к}}{M_{к}}, \quad (6)$$

мұндағы

$K_{л}$ – қаржылық левиридж

$K_{а.к}$ – қарызға алынған капитал

$M_{к}$ – меншік қаражаттар

5) Меншікті қаражатты капиталдандыру

$$M_{к.кап} = \frac{K_{к.н.қ}}{M_{к}}, \quad (7)$$

мұндағы

$M_{к.кап}$ – меншікті қаражатты қаржыландыру

$K_{к.н.қ}$ – қалдық құны бойынша негізгі құралдар

$M_{к}$ – меншік капитал

б) Ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициентін

$$A_{а.а} = \frac{T}{A_{а}}, \quad (8)$$

мұндағы

$A_{a.a}$ – ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті

T – түсім

A_a – ағымдағы активтер

7) Төлем қабілеттілік дәрежесі

$$T_{к,д} = \frac{K_{у.м}}{T}, \quad (9)$$

мұндағы


$T_{к,д}$ – төлем қабілеттілік дәрежесі

$K_{у.м}$ – қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелер

T – түсім

Бүгінгі таңда шет елдерде банктік тәуекелдерді математикалық бағалау кеңінен қолданылады. Мұндай бағалаулар тәуекелдер болған уақытта емес оны алдын алуға септігін тигізеді, сонымен қатар болжамдар жасайды. Мысалы, Ф.Т. Алескеров ресейлік банктерде Базель II бойынша тәуекелдерді бағалаудың математикалық модельдерін ұсынған [117].

Зерттеудің келесі кезеңі – мәліметтерді талдау. Сонымен қатар ұйымдар өнеркәсіптік салаларға жатады, көпшілігінің қызмет ету мерзімі он жылдан асады. Қажетті мәліметтер жиыны Қосымша Д- да берілген. Модельді құру үшін Қосымша Е – де кодтар жиыны көрсетілген. Көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты зерттеу үшін корреляциялар матрицасы құрылды (сурет 32).



Сурет 32 – Факторлар арасындағы корреляциялық байланыс

Ескерту – Есептелген деректер негізінде R статистикалық пакеттік бағдарламасында автормен құрастырылды

Корреляциялық суреттен көріп отырғанымыздай X4 және X5 факторлары мультиколлинеарлы. Сол себепті біз бұл факторларды модельден алып тастаймыз. Мультиколлинеарлық түсінігі, қатаң емес сызықтық тәуелділік түсіндірмелі айнымалының арасындағы сызықтық тәуелділік регрессиясының сенімсіз болғанын алуға әкелген жағдайда орындалады. Мультиколлинеарлық факторлар арасындағы корреляция, мультиколлинеарлық параметрлердің бағаларын сенімсіз, тұрақсыз және мағынасыз тәуелділіктің болуына әкеледі. Ол параметрлерге қатысты дұрыс шешім шығара алмайды.

Базель ұсыныстарына сәйкес модель негізінде алынған мәліметтер сенімді болуы тиіс. Бұл жағдайда сенімділік ең алдымен міндетті аудиторлық есеппен және салық органдарының тексеруімен расталады. Егер барлық шарттар орындалып, бақылау сандарымен айнымалының таңдамалы дисперсиялары үлкен, ал кездейсоқ мөлшелерінің дисперсиялары кіші болса, онда нәтижесінде жақсы баға алуға болады.


Осы мәселені қарастыру регрессияның нәтижелі бағасына әсер етеді. Егер екі немесе одан да көп тәуелсіз айнымалының айқын көрсеткіші уақытша тренд болса, онда олар тығыз байланыста болады және бұл мультиколлинеарлыққа әкеледі.

Механизмнің параметрлерге әсер етуін түсіну үшін мынандай жағдайды қарастырамыз. Бірінші және екінші факторлардың арасында сызықтық-функционалдық тәуелділік бар [118].

Мультиколлинеарлықты болдырмаудың бірнеше әдістері бар:

- алып тастау әдісі.
- регрессиялық қадам.

Біздің жағдайда бірінші тәсілді қолданамыз. Төмендегі суреттен мультиколлинеарлы факторларды шегеріп тастағандағы корреляциялық байланысын берілген (сурет 33).



Сурет 33 – Факторлар арасындағы корреляциялық байланыс

Ескерту – Есептелген деректер негізінде R статистикалық пакеттік бағдарламасында автормен құрастырылды

Суреттен көріп отырғанымыздай тәуекелдерді басқару мақсатындағы несие алушы ұйымның дефолт жағдайына автономия коэффициентінің әсері жоғары екенін байқаймыз. Қалған басқа факторлардың да әсері бар, бірақ олар әлсіз. Енді осы корреляция негізінде Logit модельді тұрғызайық (кесте 14)

Кесте 14 – Модельдің маңыздылығын бағалау критериялары

Deviance Residuals:				
Min	1Q	Median	3Q	Max
-1.76205	-0.52145	-0.23519	-0.02412	2.38113
Coefficients:				
	Estimate	Std	Error z	value Pr(> z)
(Intercept)	1.12290	1.06782	1.052	0.2930
X1_K_pokr	-0.47052	0.47701	-0.986	0.3239
X2_K_avt	4.40686	1.41149	3.122	0.0018 **
X5_Kap_oca	0.60240	0.34719	1.735	0.0827.
X6_K_obor_ta	-0.56717	0.31491	-1.801	0.0717.
X7_K_ct_plat_o	-0.09600	0.05556	-1.728	0.0840.
Signif. codes: 0 '***' 0.001 '**' 0.01 '*' 0.05 '.' 0.1 ' ' 1. ' '				
Ескерту – Есептелген деректер негізінде R статистикалық пакеттік бағдарламасында автормен құрастырылды				

Кестеден көріп отырғанымыздай X2_K_avt айнымалылары ұйымның дефолтын анықтау үшін ең күшті статистикалық маңыздылығын көрсетті. Статистикалық маңыздылығы X5_Kap_oca, X6_K_obor_ta, X7_K_ct_plat_o, мәліметтердің кездейсоқ мүмкіндігімен түсіндірілуі мүмкін 10% ықтималдығы бар. Дефолт себептерін түсіну маңызды міндет болып табылады, бірақ қолда бар деректер негізінде оны болжай білу оданда маңыздырақ.

Басқаша айтқанда, Logit моделі қаншалықты несие алушы ұйымның дефолт жағдайын болжай алады? Бұл сұраққа жауап беру үшін біз модель бұрын көрмеген деректер негізінде несие алушы ұйымдардың дефолт ықтималдығын болжаймыз (4 ұйым негізінде).

Одан кейін болжам нәтижелері тестілік үлгінің нәтижелерімен салыстырылатын болады. Дегенмен Logit-модель 0 (дефолттың болмауы) немесе 1 (дефолттың болуы) ретінде шешім бермейді, ол осы ұйымның дефолтта болуы ықтималдығын береді.

Біз 0 мен 1 арасындағы шекара ретінде қандай ықтималдық шегі пайдаланылатынын шешуіміз қажет. Жоғары шегін таңдау жалған іске қосылулар санын азайтады (модель ұйымның дефолтын болжайды, ал ұйым дефолт болып табылмайды). Сондай-ақ, шынайы оң нәтижелер санын қысқартады (модель дефолт болып қалған ұйымдарға дефолт жағдайын болжайды).

Әрбір logit-модельде дефолт жағдайының ықтималдылығы логистикалық

функцияның жалпы формуласының көмегімен есептеледі:

$$P=1/(1+e^{-y}), \quad (10)$$

мұндағы


P – дефолт жағдайының болу ықтималдылығы (0 немесе 1 мәндерін қабылдайды)

e – логарифм негізі (Эйлер константасы 2,70828-ге тең)

y – құрылатын модельге байланысты интегралды көрсеткіш

Шегін төмендету жалған іске қосу санын, сондай-ақ, шынайы оң санын арттыру арқылы кері бағытта жұмыс істейді. Болжамның дәлділігін анықтау үшін орташа шекті белгілеу маңызды. Ол ROC- қисығы арқылы анықталады. Басқаша айтқанда қисық сызығы арқылы. Әлеуметтік ғылымдарда ROC-қисығы ықтималдық модельдердің сапасы туралы пікір білдіру үшін қолданылады.

Біз модельдің дәлділігін анықтау үшін тест ретінде басқа төрт кәсіпорын негізінде тестілеп көреміз. Тестілеу үшін есептелген коэффициенттер көрсеткіштері Қосымша Ж - да көрсетілген. Сондай-ақ, қисық сызықтар өнім сапасын басқару және несиелік скоринг мәселелерінде қолданылады. Бұл төмендегі суретте қисық сызығында көрсетілген (сурет 34).



Сурет 34 – Болжамның дәлділігін анықтаудағы ROC- қисығы

Ескерту – Есептелген деректер негізінде R статистикалық пакеттік бағдарламасында автормен құрастырылды

Жоғарыдағы Logit моделінің қисық сызығы тәуекелдерді басқару мақсатындағы несие алушы ұйымның дефолт жағдайын анықтау үшін жақсы қасиеттерге ие екенін көрсетеді. Ол шамамен 0,3 шегінде, ол 70% - ға жуық шынайы оң көрсеткішке жетті. Төмендегі кестеде модельдің дәлдігін есептеуге мүмкіндік беретін сәйкестік матрицасын келтіреміз (кесте 15)

Кесте 15 – модельдің дәлдігін есептеуге мүмкіндік беретін сәйкестік матрицасы

Көрсеткіштер	Болжам = 0	Болжам = 1
Факт = 0	3	3
Факт = 1	3	2
Ескерту – Есептелген деректер негізінде автормен құрастырылды		

Кестедегі нәтижеден көріп отырғанымыздай несие алушы компанияның қаржылық жағдайы жақсы деп берілген болжаммен факті сәйкес келді. Ал несие алушы ұйымның дефолт жағдайында деген болжам мен факт 1 бірлікке сәйкес келмеді. Ол дегеніміз бір несие алушы компанияның дефолт жағдайында деп күтілген нақты қаржылық жағдайы тұрақты дегеніміз. Жалпы алғанда болжамның дәлділігі 83% пайызға орындалып тұр. Бұл дегеніміз дефолт ықтималдығын есептеу нәтижесі ұсынылған модель тәжірибеде қолданылуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Біздің ойымызша, бүгінгі таңда 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) банктерде қолданылуы ішкі аудиторлардың алдына жаңа міндеттер қойды. Мысалы, енгізілген стандарт бойынша несиелендіру немесе тәуекел менеджмент бөлімшелеріне тәуекелдерді алдын алуға байланысты тиімді және сапалы әдістемелік кеңестер беру және т.б. Соның бірі, стандарт бойынша дефолт жағдайын талдау мен болжам жасау әдістемесі банктердің еркіне берілген.

Банкроттық ықтималдығын бағалау моделіне негізделген банктің ішкі рейтингтері негізінде несие алушылардың несиелік тәуекелдерін қарау мүмкіндігі өте маңызды. Ол – сөзсіз ішкі аудиторлардың банктерде несиелік тәуекелдерді басқарудағы жаңа, сапалы деңгейіне көтереді.

Қарыз алушының дефолт ықтималдылығын бағалау үшін модельдерді пайдалану, дефолтқа байланысты шығындар шамасы банктерге тек сенімді клиенттерге несие беруге, қолайлы тәуекелдерді қабылдауға, әлеуетті шығындардың орнын толтыру үшін жеткілікті резервтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3.2 Тәуекелге бағытталған аудиторлық тексеруді рәсімдеу және ішкі аудит жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар

Ішкі аудиторлар директорлар Кеңесі үшін ішкі аудиттің неғұрлым пайдалылығын қамтамасыз ету үшін қызметін тиімді басқаруы керек.

Ішкі аудиттің тиімділігін арттыру үшін ішкі аудиторлар тексерудің жұмыс жоспарын құруы қажет. Сонымен бірге корпоративтік басқаруды қамтитын тәуекелдерді басқаруда жан - жақты рәсімделген аудиторлық жоспар болуы қажет [119].

Аудитті жоспарлау-аудиттің стратегиясы мен тактикасын, тексеру көлемін айқындаудан, жалпы жоспарды құрудан, бағдарламаны және нақты аудиторлық рәсімдерді әзірлеуден тұратын міндетті кезеңдердің бірі. Ішкі аудит жүргізілетін аудиттің жиынтығын анықтағаннан кейін, ішкі аудиторлар қызметтің алдына қойылған міндеттер тұрғысынан әр облыстың маңыздылығын бағалауы қажет. Және жыл сайынғы аудиторлық жоспармен қамтылуы тиіс болатын салаларды

анықтауы керек. Сонымен қатар, директорлар Кеңесі мен ұйымдар тобы қызметіндегі ең жоғары тәуекелдер, ең сенімсіз ішкі бақылау жүйелерімен байланысты бағыттарға, бизнес үрдістерге назар аударылуы керек.

Аудиторлық жиынтық пен тәуекелдер жиынтығы 3 жылға арналған стратегиялық жоспар құрылымының негізі болып саналады. Ішкі аудиторлар жыл сайын стратегиялық жоспарды жаңартып, қайта қарап отыруы керек. Аудиторлық тексерудің жетекшісі жоспардың орындалуы үшін қызмет ресурстарын ескере отырып, ішкі аудитті жүргізуге жұмсалған уақытты және ішкі аудиторлардың дағдыларын жетілдіруге қажетті уақытты қадағалауы тиіс [120].

Аудиторлық жұмыс жоспардың тиісті көлемін анықтау үшін келесілер ескерілуі керек:

- тәуекелдерге тән бизнес үдерістер мен бағыттарға шоғырлануы тиіс;
- аудиторлық жоспарға рейтинг өлшемінің дәлме-дәлдігі мен тәуекелдер тобының дұрыстығын анықтау, аудиттің жан-жақты қамтылуын қамтамасыз ету үшін негізгі емес төменгі тәуекелдердің дәлме-дәл мөлшері қосылуы тиіс;
- директорлар Кеңесінің корпоративтік құрылымындағы өзгерістерін;
- қызметтің басқа да, мысалы ішкі аудиторлар, реттеуші және бақылаушы ұйымдардың, сарапшылар мен бағалаушылардың жұмысын пайдалану мүмкіндігінің деңгейін.

Бекітілген аудиторлық жұмыс жоспар негізінде қызметінің жетекшісі аудит жөніндегі комитетпен келісе отырып, егжей-тегжейлі күнтізбелік жоспар жасайды, оған мыналар кіреді:

- аудиторлық тапсырмалардың атауы;
- ішкі аудит қажеттілігінің деңгейі;
- аудиторлық тапсырмалардың орындалу мерзімі;
- аудиторлық тексерудің мақсаты [121].

Төмендегі кестеде несиелік портфельді тексеруі бойынша ішкі аудиторлық жылдық жоспары көрсетілген (кесте 16).

Кесте 16 – «ААА» АҚ-ның несиелік портфелін тексеру бойынша құрылған аудиторлық жұмыс жоспары

Ішкі аудит объектісі	Ішкі аудит қажеттілігінің деңгейі	Аудиторлық тексерудің бюджеті (адам/күн өлшемінде)	Аудиторлық тексеруді өткізу уақыты (кезеңі)
Несиелік тәуекелдерді бағалау	Өте жоғары	20	01.09.2018-26.09.2018
Жеке тұлғалардың несиелік портфелін тексеру	Өте жоғары	30	01.10.2018-12.11.2018
Заңды тұлғалардың несиелік портфелін тексеру	Жоғары	12	24.11.2018-17.12.2018
Барлығы		62	

Ескерту – [3, 54, 102,] Дереккөздері және «ААА» АҚ-ның мәліметтері негізінде автормен жасалынды

Аудиторлық тексеруді жоспарлау үрдісі келесілерді қамтиды: аудиторлық тексерудің мақсаттарын анықтау, аудиторлық тексеруді алдын ала жоспарлау, оның ішінде аудиторлық бағдарламаны әзірлеу және ішкі аудитке жұмсалған уақытты есептеу, аудиторлық тексеру үшін ресурстарды анықтау, аудит туралы хабарламаны жасау.

Аудиторлық жоспарды құрудың төртінші кезеңінде ішкі аудит қызметі тәуекелдердің аудиторлық матрицасын ішкі аудит объектілерінің каталогына үйлестіруді жүргізеді. Оның нәтижесінде тексеру үшін басымды ішкі аудит объектілері анықталып және әрбір аудиторлық тексерудің кезеңі мен бюджеті көрсетілген аудиторлық цикл есебімен аудиторлық жоспар құрылады. Аудиторлық жоспарды құрмастан бұрын ішкі аудит қызметінің уақытының бюджетін анықтау қажет. Ол үшін ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің санын білу қажет. Уақыт бюджетінің мысалы 35 – суретте келтірілген.



Сурет 35 – Ішкі аудит қызметінің уақыт бюджеті

Ескерту – [3; 54] Әдебиет көздері және «ААА» АҚ-ның мәліметтері негізінде автормен жасалынды

Аудиторлық тапсырманы жоспарлауды ішкі аудиторларды тарту арқылы тағайындалған аудиторлық тапсырма басшысы жүзеге асырады. Аудиторлық тапсырманы жоспарлаудың сапасы, толықтығымен дер кезінде орындалуына жауапкершілік және қызмет жетекшісіне жоспарлау материалдарын тапсыру аудиторлық тапсырманың жетекшісіне жүктеледі.

Аудиторлық жоспар директорлар Кеңесімен мақұлдануы тиіс. Ішкі аудиттің (ISA) 2020 «Жоспарларды ұсыну және бекіту» халықаралық кәсіби стандарты бойынша аудиторлық жоспар, директорлар Кеңесіне қарастырылуға және бекітілуге ұсынылады.

Жоспарлау кезеңін қарастыру тексерілетін бөлімшені тексеру туралы хабарландырудан басталу қажет. Осындай хабарландыру ішкі аудит қызметінің басшысы қол қойған хат ретінде болып, e-mail арқылы жіберілуі мүмкін.

Аудиторлық тексеруді жүргізудің басшысы жоспарланған аудиторлық рәсімдердің сипатын, мерзімін, көлемін және аудиторлық жұмыстардың бөлінуін анықтайтын аудиторлық бағдарламаны жасайды және құжаттайды. Аудиторлық бағдарламаны біздің ойымызша, аудиторлық жоспарды орындау барысында қажетті аудиторлық рәсімдердің мазмұнының тізімі деп қарастыруға болады. Бағдарлама сонымен қатар аудиторлық топтың басшысына жұмыс сапасын бақылау ретінде қолданылатын және аудиторлардың көмекшілері үшін бағыт алу бойынша нұсқаулық болып табылады. Сондай-ақ, жұмыстың дұрыс орындалуын бақылау және ішкі аудиттің тиімділігін қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу құралы болуы тиіс.

Аудиторлық бағдарламаға елеулі өзгерістердің енгізілуі міндетті түрде құжатталуы керек. Аудиторлық бағдарламаны ішкі аудит комитетінің басшысы бекітеді. Сондай – ақ тапсырманы орындаудың соңғы мерзімі, аудиторлық тапсырмаға тиісті толықтырулар енгізу жолымен, аудиторлық тапсырманың бастығының жазбаша ескертулері негізінде қызмет жетекшісі тарапынан ұзартылуы мүмкін. Бүгінгі күні ұсынылып отырылған тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексеруді жоспарлау және рәсімдеу өзекті болып отыр [122].

Аталған кезеңнің мақсаты аудиторлық тексерудің мақсаты мен көлемін, өткізілу уақыты мен ресурстардың бөлінуі көрсетілетін аудиторлық тексерудің жоспарын құру болып табылады. Ішкі аудит қызметі дәл осы кезеңде тексерілетін бөлімшені тексеру туралы хабарлайды, сонымен қатар тексеру өткізуге арналған қажетті ақпараттар мен құжаттарды алғызады. Аудиторлық циклдің бұл кезеңі келесі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) стандарттарымен реттеледі:

- 2200 «Аудиторлық тапсырманы жоспарлау»;
- 2201 «Жоспарлау кезінде нені ескеру қажет»;
- 2210 «Аудиторлық тапсырманың мақсаты»;
- 2220 «Аудиторлық тапсырманың көлемі мен мазмұны»;
- 2230 «Аудиторлық тапсырманы орындау үшін ресурстарды бөлу»;
- 2240 «Аудиторлық тапсырманың бағдарламасы».

Жоғарыда айтылғандай жоспарлау кезеңін қарастыру тексерілетін бөлімшені тексеру туралы мәлімдеуден бастау алады. Аудиторлық тексеру туралы мәлімдеуде келесідей реквезиттер көрсетілуі керек: хабарландыруды алушы тізімі, әдетте бұл тізімді тексерілетін тұлғалар немесе олардың тікелей басшылары ұсынуы мүмкін. Тәжірибеде хабарландыруды, сонымен қатар банктің атқарушы басшыларына да, аудит бойынша Комитет мүшелеріне немесе мұндай бөлімшенің болмаған жағдайында ішкі аудит бойынша сұрақтарды қадағалайтын директорлар Кеңесінің мүшелеріне (басқарма төрағасы, басқарма мүшелері) жіберу орын алады.

Келесідей жағдайға көңіл аударған жөн, мысалы ішкі аудит қызметі аудиторлық тексерудің аспектілері мен мақсаттарының құрылу мәніне көңіл аудармай, оның ресми сипатымен ғана шектеледі. Бірақ біздің ойымызша, мұндай ұстаным дұрыс емес және ол жағымсыз жағдайларға әкеп соғуы мүмкін.

Мақсат ішкі аудит қызметінің қандай аудиторлық тексеруді өткізу жолымен жабуды жоспарлаған тәуекелдерді нақты сипаттауы тиіс. Егер мақсат дұрыс

көрсетілмесе немесе тексерілетін аспектілер шектелген сипатқа ие болса акционерлерде де, реттеушілерде де, аудиторлық тексерумен толық қамтылғаны туралы сұрақтар туындауы мүмкін. Онымен қоса, мақсаттың нақты және толық құрылымы мен мәні тексерілетін бөлімшеге тексеруге (барлық қажетті құжаттар мен ақпараттарды дайындау) тиісті түрде дайындалуға мүмкіндік береді [123].

2210 «Аудиторлық тапсырманың мақсаты» Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандартының тапсырмасының мақсаттары аудитор тәуекелдерді бағалау рәсімдерін жүргізу кезеңінде алған әрбір аудит объектісіне қатысты тәуекелдерді бағалау нәтижелеріне сәйкес келуі тиіс екендігін атап көрсетеді, атап айтсақ:

– аудиторлық тапсырманың мақсаты тәуекелдерді бағалау рәсімдерін өткізу кезеңінде аудит объектілерінің әрбіреуіне қатысты тәуекелдерді бағалау нәтижесіне сәйкес келуі тиіс;

– тексеру кезеңі (уақыты). Стандарт бойынша бұл кезең ақпаратты сұрастыру уақытынан бастап аудиторлық есептің жобасын тексерілетін бөлімшеге ұсыну немесе аудиторлық есепті шығару уақытына дейінгі кезең болып саналады;

– уақыты көрсетілген, сұрастырылған ақпараттар мен құжаттар тізімі. Әдетте тәжірибеде алғашқы құжаттар мен ақпараттар тізімі аудиторлық тексеру кезінде қосымша сұраулардың болу шартымен көрсетіліп сұралады;

Аудиторлық тексеру туралы хабарландыруды жібергеннен кейін ішкі аудит қызметі ақпарат жинау кезеңіне және тексерілетін бөлімшемен толық аудит бағдарламасын дайындау мақсатында сұхбат өткізуге кіріседі [124].

Бұл кезеңдегі сұхбат, жылдық жоспарлау кезеңіндегі жүргізілетін сұхбат сияқты болады. Алайда қазіргі жағдайда, сұхбат өткізу үшін аудитор дайындайтын сұрақтар тізімі толық және бар тәуекелді анықтауға, басқару рәсімдерінің сапасын, тексерілетін бизнес – үрдіске қатысты қалдық тәуекелді анықтауға көзделген.

Аудит объектісіне тән (қатысты) тәуекел – бұл ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелді төмендету бойынша құралдар жеткілікті болмағанда тексерілетін аудит объектілерімен байланысты қалыпты тәуекел деңгейі.

Қалдық тәуекелі – бұл басқару рәсімдерін, тәуекелді төмендету құралдарын қолданғаннан кейін тексерілетін аудит объектісіне тиісті тәуекел деңгейі. Бұл екі тәуекел айырмашылығы тәуекелді азайту шегіндегі ішкі бақылау жүйесінің қаншалықты тиімді екендігін көрсету болып табылады [125].


Ал енді аудит бағдарламасының қандай болу екендігіне тоқталсақ, ең алдымен аудит бағдарламасы бір ғана құжатпен ұсынылмайды. Біздің ойымызша, тәжірибе аудит бағдарламасы Excel жүйесінде құрылып, матрица түріндегі қосымшалары бар мәтіндік файл болуы тиіс.

Мәтіндік файлда келісілер көрсетілулері тиіс: өткізілу кезеңдері, аудиторлық топ мүшелері, - тексеру мақсаты, ішкі аудиторлық тексеру кезінде қолданылып жүрген немесе қолданылуы жоспарлаған құжаттардың (ішкі және сыртқы) тізімі. Бұдан басқа, мәтіндік файлға аталған үрдіске қатысы бар тәуекелдерді көрсету арқылы тексерілетін бизнес – үрдістің сипаттамасын (мәтіндік немесе схемалық түрде) қосу орынды.

Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда ішкі аудит қызметінің басшысы 2431

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) стандартына сәйкес әрекет етеді. Ішкі аудит қызметінің басшысы нәтижелерді аудиттелетін бөлімшеге және менеджментке ұсынуы қажет. Аудиторлық тапсырманың нәтижелерін ұсыну кезінде есептегі міндетті түрде аудиттелетін саладағы негізгі қорытындылармен, аудиторлық тапсырманы орындау барысындағы шектеулерді сипаттаумен, тәуекелдерді бағалау критерийлерін, жұмыс көлемін және уақыт кезеңін сипаттаумен қорытынды шығарылады.

Бұл үрдістер Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) келесідей стандарттарымен реттеледі (сурет 36) [3].



Сурет 36 – Аудиторлық қызметтерді жүзеге асыру стандарттары

Ескерту – [3] Ішкі аудиторлардың халықаралық кәсіби стандарттары негізінде автормен жасалды

Суреттен көріп отырғанымыздай Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби (ISA) стандарттары жалпы ішкі аудиторлық жұмыстың тиімді дұрыс

ұйымдастырылуымен және тексеру қорытындысы бойынша кәсіби кеңес берумен неізделеді. Жекелеген үрдістермен бірге ішкі аудит қызметі осы үрдістердің шегінде талдауды қажет ететін факторларды да бөліп көрсетуі мүмкін. Мысалы, бизнес-үрдістің ұйымдастырылуы (ішкі нормативті құжаттар мен рәсімдердің болуы мен сапасын қоса алғанда), бизнес-үрдістерде қызмет көрсететін қызметтердің кәсібилілігі мен жеткіліктілігі. Ең алдымен орта және шағын бизнеспен айналысатын несиелік алушылардың несиелік портфельнің жағдайын қарастыру қажет.

Банкроттық ықтималдығын бағалау моделіне негізделген банктің ішкі рейтингтері негізінде қарыз алушылардың несиелік тәуекелдерін қарау мүмкіндігі - сөзсіз банктерде несиелік тәуекелдерді басқарудың жаңа сапалы деңгейіне көтереді.

Несиелік тәуекелді бағалау әдіснамасын банктер капитал қажеттілігін оңтайландыру мақсатында ғана емес, клиенттердің несиелік қабілеттілігін сапалы бағалау мен осымен байланысты тәуекелдерді талдауда пайдалана алады деп болжауға болады [126].

Біріншіден тексерілетін үрдіс әр түрлі үрдістерге немесе факторларға бөлінуі тиіс. Мысалы заңды тұлғаларды несиелендіру үрдісін тексеру кезінде келесі үрдістерді бөліп қарауға болады:

- несиелік өнімдерді дамыту және сату;
- тексерілетін несиелік өнімдердің банк стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі;
- несиелік өнімдердің бағалық үлгісі;
- несиелік келісім бойынша шешімдер қабылдау жүйесі, шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіліктің болуы;
- несиелік алушының несиелік және қаржылық талдауын жүргізу;
- берілген несиелерді зерделеу (қаржылық жағдайды несиелік бойынша мүмкін жоғалтуларға резервтер құрылуын, төлем уақытын, кепілдердің жағдайын);
- проблемалық берешектермен жұмыс;
- несиелік операцияларының бухгалтерлік есебі т.б.

Айта кететін жайт, тек тәуекелдің атын ғана көрсету жеткіліксіз (мысалы, несиелік тәуекел, операциялық тәуекел т.б.). Міндетті түрде тәуекелдің мәнін ашу қажет мысалы, несиелік келісімді құптау немесе қабылдау кезінде өкілеттілікті қолдану тәуекелі.

Бұдан басқа тәжірибеде банктік операцияларға тән тәуекелге мәнділік деңгейін де көрсету де қолданылады. Бұл үшін бағалау шегін қолдануға болады: тәуекелдің жоғары деңгейі, тәуекелдің орта деңгейі, тәуекелдің төмен деңгейі [127].

Әрі қарай ішкі аудит қызметі әрбір жеке үрдіске тән тәуекелді көрсетеді. Аудит бағдарламасын құрмас бұрын ірі банк негізінде ең алдымен орта және шағын бизнеспен айналысатын несиелік алушылардың несиелік портфельнің жағдайын қарастырамыз (кесте 17).

Кесте 17 – ШОБ субъектілерінің несиелік портфелінің жағдайы

Көрсеткіштер	ЖШС №1	ЖШС №2	ЖШС №3	ЖШС №4	ЖШС №5	ЖШС №6	ЖШС №7
Орта және шағын бизнеспен айналысатын несиелік портфелінің жағдайы							
Несие мерзімін өткізу немесе уақтылы төлеуі бойынша жағдайы (мерзімін өткізіп алу уақыты)	-	40 күн	58 күн	-	95 күн		
Несие берілген күні	03.12.2017 ж.	20.10.2017ж.	08.01.2017 ж.	15.02.2017 ж.	19.01.2018	25.01.2018	22.02.2018
Несие сомасы мың.тг	6007149,00	14540480,20	267000,00	1201500,00	1280124,00	1731456,00	936000
Несие бойынша қарыз сомасының қалдығы 01.09.2014 ж.	932850,00	9780606,00	675000,00	787500,00	1008085,5	203608,00	916236
Соның ішінде бекітілген мерзім бойынша өтелмеген несиелік сомасы 01.09.2014 ж.	-	513000	99000,00	-	153000,00		
Кепілдеме объектісінің құны (тәуелсіз бағалаушы есебі бойынша)	6210000,00	10327500,00	1507500,00	2083500,00	388000,00	2160000,00	1386000,00
Кепіл құнының несиелік сомасынан артық болуы (%)	3	-31	27	58	40	30	50
Кепілдеме объектісінің сақтандырылуы	иә	жоқ	Иә	иә	жоқ	иә	иә
Кепілдеме объектісі	Алматы қ. пәтер	Алматы қ. пәтер	Автокөлік	Автокөлік	Автокөлік	Қойма ретіндегі коммерциялық орын	Автокөлік
Кепілдеме объектісі бойынша тәуелсіз бағалаушының есебінің бар болуы	иә	жоқ	Жоқ	иә	жоқ	иә	иә
Кепілдеме құнының нарық құнымен салыстыру бойынша расталуы (иә/жоқ)	иә	жоқ	Жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Ескерту – «ААА» Банкінің несиелік портфелі негізінде автормен жасақталған							

Банкроттық ықтималдығын бағалау моделіне негізделген банктің ішкі рейтингтері негізінде қарыз алушылардың несиелік тәуекелдерін қарау мүмкіндігі - сөзсіз банктерде несиелік тәуекелдерді басқарудың жаңа сапалы деңгейіне көтереді.

Келесі қадам – банктік операцияларға тән тәуекелден төмендетуші құралдарды анықтау. Осындай құралдар ретінде бақылау рәсімдерін, ережелерге сай жұмыс атқару, қосымша бақылау қызметкерлерімен іске асады.

Әрі қарай қалдық тәуекелдің деңгейі мен мәнін көрсету қажет. Егер тән банктік операцияларға тәуекелді төмендету құралдары оны төмендетуге жеткіліксіз болса, олардың мүлдем болмаулары қалдық тәуекелдің тән тәуекелге теңдігін, яғни екеуінің бір деңгейде екендігін білдіреді.

Сонымен бірге тәуекелді анықтағаннан кейін ішкі аудит қызметі әрбір жеке үрдіс бойынша қалдық тәуекел үшін орындалуы тиісті аудиторлық рәсімдерді сипаттайды. Аудиторлық рәсімдер деп келесілерді белгілейді: салыстырып тексеру, қайта есептеу, талдау, бақылау, сұхбат. Аудиторлық рәсімдер белгілі бір анықталған түсіндірмелі жүйеде сипатталуы тиіс. Мысалы, егер біз аудиторлық рәсім ретінде салыстырып тексеруді алатын болсақ, қандай құжаттың, ақпараттың қайсы бір мәлімет көзімен немесе құжатпен өткізілуі керектігін анықтап беруіміз қажет. Соңында ішкі аудит қызметі әрбір жеке үрдіс аудиті үшін жауапты аудиторлық топ мүшелерін құрып, уақыт бюджетін бөледі [128].

Ескеретін жайт, адам-күн өлшемінде сипатталатын алдын-ала бюджет әрбір тексеру үшін аудиторлық жұмыс жоспарды құру кезеңінде анықталады. Жоспарлау кезеңі тексерудің жалпы бюджетін әрбір жеке үрдістерге бөлуді көздейді. Аудиторлық рәсімдерді жасау кезінде ішкі аудитор тестілеу үшін қажетті элементтерді таңдау әдістерін анықтауы қажет. Ішкі аудит келесі тәсілдерді қолдануы мүмкін:

- барлық элементтерді алу (тұтас тексеру);
- арнайы, яғни нақты элементтерді алу;
- жекелеген элементтерді алу (аудиторлық іріктеуді құру).

Әдісті таңдау аудит бағдарламасын дайындау кезеңінде өткізілген тәуекелдерді бағалаудың нәтижелеріне тәуелді, оның ішінде қалдық тәуекелінің мәні мен деңгейіне байланысты болады. Сонымен қатар, ресурстардың жеткіліктілігіне де тәуелді, яғни аудиторлық топ құрамындағы аудиторлар саны мен уақыт бюджетіне тәуелді.

Тұтас тексеру жалпы жиынтық ішінде элементтердің аз болу жағдайында жүргізілуі мүмкін (мысалы, егер банк бағалы қағаздарының саудалық портфелі тек 5-6 түрлі бағалы қағаздан құралса). Сонымен қатар, егер қалдық тәуекел деңгейі жоғары болса, онда ішкі аудитор тұтас тексеру тәсілін қолдануға шешім қабылдауы мүмкін.

Аудиторлық іріктеу – іріктеудің барлық бірліктері іріктеу үрдісіне қатыса алатындай етіп, операциялар тобы немесе есептіліктің бір бабы шегінде 100%-дан аспайтын элементтерге аудиторлық шараларды қолдану.

Сонымен қатар ішкі аудит қызметі таңдаған жиынтық элементтерінің сипаттамасына қатысты аудиторлық дәлелдемелерді алады және бағалайды немесе жалпы жиынтық бойынша қорытынды жасайды [129].

Жалпы жиынтық дегеніміз – бұл барлық элементтердің толық жиыны, оның ішінен ішкі аудитор өзімен қорытынды жасалатын элементтерді таңдап алады. Аудиторлық іріктеуді құру кезінде 2 негізгі бағыт қолданылады: статистикалық және статистикалық емес.

Бағытты таңдау аудиторлық рәсімдердің және жалпы тексерудің мақсаты мен тапсырмаларына, сонымен қатар ішкі аудит қызметінің техникалық мүмкіндіктеріне тәуелді болады.

Статистикалық іріктеуді қолдану кезінде таңдап алынған жиынтық көлемі ықтималдылық теориясы мен математикалық статистикалық немесе аудитордың кәсіби шешіміне байланысты анықталуы мүмкін. Әдетте статистикалық іріктеуді құру үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету құралы қолданылады.

Статистикалық емес іріктеу ішкі аудитпен жүзеге асырылған талдауының тәуекелді төмендету құралдарының сенімсіздігі, толықтығы немесе болмауын растаған кезде қолданылды. Аталған іріктеуді құру кезінде ішкі аудит қызметінде тәуекелге бағытталған тәсілді қолдануға мүмкіндік туады. Яғни тәуекел көлемін анықтап және оның негізінде іріктеу үлгісін құруға болады. Статистикалық емес іріктеу кезінде оның көлемі ішкі аудитордың кәсіби шешіміне тәуелді болады.

Сонымен қатар аудиторлық тексеруді жоспарлау кезінде ішкі аудитор қызметінің жинаған ақпараттарына тәуелді болады.

Қазіргі кезде көптеген банктерде статистикалық емес тәсіл аудиторлық іріктеуді құруда кеңінен қолданады. Төмендегі кестеде тәуекелге бағытталған статистикалық емес іріктеу ШОБ субъектілерінің несиелік портфелінің жағдайын рәсімдей келе құрылды (кесте 18).

Кесте 18 - Тәуекелге бағытталған статистикалық емес іріктеу

Аудиторлық іріктеудің тәуекел критерилері	ЖШС №1	ЖШС №2	ЖШС №3	ЖШС №4	ЖШС №5	ЖШС №6	ЖШС №7
Аудиторлық іріктеудің бірінші тәуекел критеріі: мерзімі өткен қарызыдың болуы		+	+		+		
Аудиторлық іріктеудің екінші тәуекел критеріі: несие қарыз қалдығының өсуі		+					
Аудиторлық іріктеудің үшінші тәуекел критеріі: объектісінің сақтандырылмағаны		+			+		
Аудиторлық іріктеудің төртінші тәуекел критеріі: тәуелсіз бағалаушы есебінің болмауы		+	+		+		
Объект ішкі аудиторлық тексеруге қабылданды (иә/жоқ)	жоқ	иә	иә	жоқ	иә	жоқ	жоқ
Ескерту - «ААА» Банктің есептемелері негізінде автормен құрылды							

Статистикалық емес іріктеуді құру келесідей үдерістер тізімінен тұрады:

- нақты жалпы жиынтық үшін тәуекел шешімдерін жасау (мысалы, несиелік портфель);
- жалпы жиынтыққа тәуекел өлшемдерін қолдану;
- іріктеуді құру;
- іріктеуге қолмен түзетулер енгізу. Бұл кезеңде ішкі аудитор қызметі құрылған іріктеудің көлемін бағалайды және оның жетіспеуі жағдайында (ішкі аудит қызметінің ойынша) қолмен іріктеудің қосымша элементтерін енгізеді.
- қорытынды іріктеуді құру.

Банктің ішкі аудит қызметімен қолданатын ең жоғарғы тәуекел өлшемі болып келесілер танылады: тәуекел көлемі (несиелік берешек қалдығы), проблемалы берешек (мерзімі өткен, дефолт жағдайындағы несиелер). Сонымен бірге басқа да мәнді өлшемдер саны бар, оларды ішкі аудит қызметі тәуекелдерді бағалау негізінде анықтайды.

Тәуекел иесімен іс-шараларын түзету иеленушісі сәйкес келуі мүмкін немесе банктің әр түрлі құрылымдық бөлімшелерінен болуы мүмкін. Мысалы, тәуекел иеленушісі болып несиелік басқару бөлімі табылады. Түзету іс-шарасы ретінде несие өтінішін автоматты түрде енгізу алынады. Аталған жағдайда түзету іс-шарасының негізгі иеленушісі болып ақпараттық технологиялар бөлімшесі табылады [130].

Іріктеу көлемі бойынша белгілі бір сандық көрсеткіш қалыптастырылмаған, оның нақты көлемі жалпы жиынтықтың 20, 50, 60 немесе 70%-ын құрауы мүмкін. Іріктеу көлемі жалпы жиынтық көлеміне ішкі аудит қызметінің ресурстарына, ішкі аудитордың кәсіби пікіріне тәуелді.

Егер жиынтық көлемі жоғары болса, 20%-дық іріктеуді оның мәнділігінің себебінен жабу мүмкін емес. Алайда, жалпы жиынтық көлемі ұлғайған сайын талап етілген іріктеу көлемі де аз деңгейде ұлғаяды. Сонымен бірге, жалпы жиынтықтың біртектілігі жоғары болған сайын, аудиторлық іріктеу көлемі сандық жоғары болуы қажет.

Статистикалық емес іріктеу жүргізгеннен кейін аудиторлық тексерудің бағдарламасы құрылады. Аудиторлық бағдарлама ішкі аудитке жұмсалған уақытты есептеумен байланысты болуы тиіс, бұл аудиторлық тапсырманы орындау үшін қажетті ресурстардың шұғыл бағалануы болып табылады.

Ішкі аудитор алдын-ала анықталған қорытындылар мен есеп берулерді жасау кезінде, оларды тексеріліп жатқан бөліммен талқылауы тиіс. Несиелік портфельді жоғарыдағы тексеру бойынша ішкі аудиторлық жоспар негізінде жасалатын іс-шаралардың бағдарламасы құрылады.

Аудиторлық бағдарлама – аудиторлық жоспарды орындау барысында қажетті аудиторлық рәсімдердің мазмұнының тізімі. Бағдарлама аудиторлық топтың басшысына жұмыс сапасын бақылау ретінде қолданылатын және аудиторлардың көмекшілері үшін бағыт алу бойынша нұсқаулық болып табылады.

Кесте – 19 де тәуекелге бағытталған ішкі аудитті жүргізу бағдарламасы: тәуекелдер мен бақылау үрдістерінің матрицасы берілген.

Кесте 19 – Аудит бағдарламасы: тәуекелдер мен бақылау процедурасының матрицасы

№	Үрдіс атауы	Банктік операцияларға Тән тәуекел	Маңыздылық деңгей	Тәуекелді төмендету құралдары	Қалдық тәуекел	Қалдық тәуекелдің мәні	Аудиторлық рәсімдер	Іріктеу
1 Несие алушыны бағалау және шешім қабылдау								
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Несие алумен байланысты клиенттің қаржылық жағдайына талдау жүргізу	Операциондық тәуекел, алаяқтық тәуекелі(қарыз алушының қаржылық талдауын жүргізу кезінде кредиттік сарапшылар тарапынан).	Жоғары	Тәуекелдерді төмендету бойынша құралдар анықталмады.	Банктік операцияларға тән тәуекелге тең	Жоғары	Несие сарапшыларымен жүргізілген қаржылық талдауын тексеру	Несие қарызы бойынша қалдық сомасы бар несие алушылар (несие бойынша қарыз сомасының қалдығы 14303885,5 Соның ішінде бекітілген мерзім бойынша өтелмеген несие сомасы 765000)
2.	Несиелік мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қабылданатын активтердің нарықтық құнын тексеру	Несиелік тәуекел, активтердің нарықтық құнын дұрыс бағаламаудан туындаған алаяқтық тәуекелі	Жоғары	Кепілдеменің нарықтық құнын растайтын қарыз алушының тәуелсіз бағалаушының есебі қарастырылған	Банктік операцияларға тән тәуекелге тең	Жоғары	1. Баланстан тыс есепке алу шоттарында көрсетілген активтің құнын есепті күнге нарықтық деректермен салыстыру 2. Несиелік сарапшы жүргізетін активті бағалауды құжаттаудың сапасын талдау	Несие қарызы бойынша қалдық сомасы бар несие алушылар(несие бойынша қарыз сомасының қалдығы 14303885,5 Соның ішінде бекітілген мерзім бойынша өтелмеген несие сомасы 765000)

19 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.3	ХҚЕС (IFRS 9) «Қаржы құралдары» стандартына сәйкес несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалау	Несие тәуекелі	Жоғары	Тәуекелдерді төмендету бойынша	Банктік операцияларға Тән тәуекелге тең	Жоғары	Несие сарапшыларымен жүргізілген қаржылық талдауын тексеру	Несие қарызы бойынша қалдық сомасы бар несие алушылар(несие бойынша қарыз сомасының қалдығы 14303885,5 Соның ішінде бекітілген мерзім бойынша өтелмеген несие сомасы 765000)
2 несиелерді басқару								
2.1	Кепілдемені тексеру	Несие тәуекелі кепілді жоғалту тәуекелі, Алаяқтық тәуекелі	Жоғары	Жарты жылда бір рет несие сарапшысы бақылауды жүргізіп отырады.	Қолданыстағы құралдар банктік операцияларға Тән тәуекелдерді төмендетпейді: мәмілелер тізіміндегі ақпарат бойынша 78 % жағдайда бақылау жүргізілмегені расталуда	Жоғары	Несие сарапшыларының кепілдемелерді бақылауы туралы есептерді, анықтамаларды тексеру	Несие қарызы бойынша қалдық сомасы бар несие алушылар(несие бойынша қарыз сомасының қалдығы 14303885,5 Соның ішінде бекітілген мерзім бойынша өтелмеген несие сомасы 765000)
Ескерту – [3; 54] Әдебиеттер негізінде және «ААА» банк есептемелері негізінде автормен құрылды								

Жоғарыдағы суреттен байқап отырғанымыздай аудит бағдарламасы тәуекелге негізделе отырылып құрылған. Яғни несие портфелін зерделей келе тәуекел деңгейі жоғары аудиттелетін несие алушылар іріктелді. Іріктеу нәтижесі бойынша жалпы несие бойынша қарыз сомасының қалдығы 14303885,5 мың. теңгені соның ішінде бекітілген мерзімде өтелмеген несие сомасы 765000 мың.теңгені құрады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтің растығы болып Ішкі аудиттің (ISA) 2400 «Нәтижелер туралы хабарландыру» халықаралық кәсіби стандарты болып табылады. Және бұл стандарт бойынша ішкі аудиторлар тапсырмалардың нәтижелері туралы ақпарат берулері тиіс.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының (ISA) 2330 «Ақпаратты құжаттандыру» стандарты бойынша ішкі аудиторлар аудиторлық тапсырманың нәтижесі мен қорытындыларын негіздеу үшін ақпаратты құжаттандыруға тиіс. Аудиторлық тапсырма жетекшісі аудиторлық бағдарламаны құру кезінде келесі процедуралардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

- аудиттің нәтижелері бойынша қорытынды алу үшін қажетті аудиторлық дәлелдердің сипатын анықтау;

- аудиторлық ақпараттарды жинау үшін қажетті рәсімдерді анықтау.

Аудиторлық рәсімдерді өткізу келесі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарымен реттеледі:

- 2300 «Тапсырманы орындау»;
- 2310 «Ақпарат жинау»;
- 2320 «Талдау жән бағалау»;
- 2330 «Ақпаратты құжаттау»;
- 2340 «Тапсырманың орындалуын бақылау»;
- 2400 «Нәтижелер туралы хабарландыру».

Стандарттар бойынша ішкі аудиторлар тапсырманың мақсатына жету үшін қажет көлемде ақпараттарды жинап, талдап, бағалап, құжаттауы тиіс және бұл үшін сенімді, маңызды, пайдалы ақпараттар қажет.

Банктің ішкі аудит қызметінде аудиторлық рәсімдерді сипаттайтын аудиторлық тәуекелдерді жүргізу әдістемесі әзірленуі тиіс. Дәл осындай әдістемелерде әрбір тексерілетін бөлімшеге тән барлық рәсімдердің (салыстырып тексеру, қайта есептеу, талдау, бақылау, сұхбат) жүргізу техникасы толық сипатталады.

Аудиторлық рәсімдер туралы сөз қозғалғанда, оның ұйымдастырылу және өткізілу санаттары туралы да сөз қозғаған жөн. Аудиторлық топ басшысы күнделікті түрде топ мүшелерімен араласу және қарым-қатынас жасау (көмек, кеңес, талдау) арқылы қадағалау жүргізу қажет. Сонымен қатар жұмыс құжаттарының құрылу мәртебесін, ретін тексеруі, аудиторлық рәсімдердің өту үрдісін қадағалауы және бақылауы тиіс. Сонымен қатар құжаттарға қол жеткізуді бақылау мен құжаттарды сақтау негізінде де ақпаратты құжаттандыру қажет. Жұмыстық құжаттарға жұмыс парақтары, чек-парақтар, тексерілетін бөлімшелердің құжаттарының көшірмелері, кездесулердің хаттамалары, бизнес – үрдістердің сипаттамалары, тексеру кезінде ішкі аудит қызметімен алынған басқа да құжаттар жатады.

Жұмыс парақтарын қауіпсіз және сенімді сақтау ішкі аудит қызметінің ең маңызды тапсырмаларының бірі. Жұмыс құжаттары ішкі аудит қызметінің қорытындылары мен тұжырымдарын растау құралы болып табылады. Сонымен қатар алынған ақпараттарды ішкі аудитормен орындалған талдау мен оның нәтижелерін құжаттау үшін құралы ретінде қолданамыз.

Жұмыс парақтары келесі көрсеткіштер көрсетілген текстік файл болып табылады:

- тексеру атауы, аудиторлық топ құрамы, тексерілу өту кезеңдері;
- аудиторлық тексеру мақсаттары;
- тексеру кезінде ішкі аудит қызметі қолданған нормативті құжаттардың сипаттамасы (ішкі және сыртқы);
- аудиторлық рәсімдердің толық сипаттамасы, олардың мақсаттары мен өткізілу реті;
- аудиторлық іріктеу сипаттамасы;
- аудиторлық рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша ішкі аудит қызметінің қорытындылары мен ескертулері.

Тәжірибеде жұмыс парақтарының аудиторлық есеп құрылымына сәйкес келуі жиі кездеседі. Бұл аудиторлық есепті дайындаудағы ыңғайлылық үшін және аудиторға жұмыс парағындағы дайындалған мәтінді аудиторлық есеп нысанына көшіруге мүмкіндік береді. Ескере кететін жайт, жұмыс парақтарында аудиторлық рәсімдердің барлық нәтижелерін, белгілі бір бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталса да сипаттау керек. Кейде аудиторлар аудиторлық есепте олардың мәнсіздігінің себебінен көрсетуге жатпайтын кемшіліктерді анықтап жатады. Осындай кемшіліктер туралы тексерілетін бөлімшелер (филиалдар) хабардар етіліп, жұмыс парақтарында көрсетіледі, себебі бұндай бұзушылықтар (кемшіліктер) аудиторлық есепте көрсетілмейтіндіктен, жұмыс парақтарында ашылып көрсетілуі тиіс.

Жұмыс парақтарында анықталған бұзушіліктердің дәрежелері және аудиторлық әдістемемен көзделген дәрежелік ауқымға (шкала) сәйкес ішкі аудит қызметімен ұсынылған ұсыныстар дәрежелері көрсетіледі. Жұмыс парағын ішкі аудитор аудиторлық тексеру өткізу барысында күнделікті толтырып отыруы тиіс. Жұмыс парақтарының тұрақты және сапалы толтырылуын топтың басшысы қадағалап отыруы тиіс. Мысал ретінде, чек-парағы сияқты жұмыс құжатын қарастырып өтейік. Жұмыс парақтары мен чек-парақтарда оларды құрған аудитордың аты – жөні, сонымен қатар олардың құрылу уақытының аяқталу мерзімі көрсетілуі тиіс. Чек-парақ - бұл нақты тексерілетін объектіге қатысты сұрақтар тізімі бар ереже бойынша Excel бағдарламасында жасалған құжат.

Чек-парақтары жалпы үрдіс талдауын жүргізу кезінде және нақты несие алушыларды тексергенде қолданылуы мүмкін. Қосымша II - да несиелеу үрдісін тексеру үшін чек-парақ мысалы көрсетілген. Ішкі аудиттің жоспарлау бөлімінде сұхбат өткізумен байланысты сұрақтарды көтерген болатынбыз. Тиімді тәсілмен өткізілген сұхбат – бұл қосымша ақпарат алу тұрғысынан ішкі аудиторлардың тексеру нәтижесін жақсартады. Аудитор сұхбатқа мұқият дайындалуы тиіс.

Сұхбат өткізу барысында ақпаратты тіркеп және оны сұхбат хаттамасында көрсету қажет. Сұхбат қаттамасы аудитордың ішкі құжаты болып табылады.

Хаттамада тексерілетін тараппен айтылатын ақпарат қана емес, аудитордың да қорытындылары мен тұжырымдары көрсетілуі мүмкін. Сондықтан сұхбат хаттамасын тексерілетін тарапқа мақұлдауға немесе айтылған ақпараттардың дұрыстығын тексеруге жібермеуге болады. Аудиторлық тексеру қорытындылары мен аудиторлық есепті дайындау кезеңдерін келесі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (ISA) реттейді:

- 2410 «Ақпараттандыру критерийлері»;
- 2420 «Хабарландырулардың сапасы»;
- 2421 «Қателіктер мен кемшіліктер»;
- 2431 «Тапсырма шегінде ақпараттарды ашудың сәйкес еместігі туралы»
- 2440 «Қорытындыларды (нәтижелерді) хабарлау»;
- 2450 «Қорытынды».

Соңғы қорытынды шығару кезінде ол жоғары атқарушылардың, директорлар Кеңесінің және басқа да мүдделі тараптардың күткен нәтижелері ескерілуі тиіс. Және толық, сенімді, іске қатысты, пайдалы ақпараттарға негізделуі қажет.

Аудиторлық есептің құрылымы, сыртқы түрі мен толық толтырылуы банктің қалауы бойынша болады. Алайда есептің құрылымын анықтауда ішкі аудит қызметі есепті негізгі қолданушылардың да, директорлар Кеңесінің, жоғары атқарушы басшылардың да, сонымен қатар тексерілетін бөлімшелердің қалауын ескерулері қажет. Себебі аудиторлық есепті қолданушының әрбіреуінің қабылдау үшін ыңғайлы болатын ақпараттарды беру нысаны (құрылымы) туралы басымдықтары мен белгілі бір қалаулары болады.

Біздің ойымызша банктің Директорлар Кеңесінің мүшелері ішкі аудит қызметімен қысқа әрі нақты құрылған негізгі қорытындыларды, ұсыныстары бар 2-3 парақтан құралған аудиторлық есептің резюмелері берілгені дұрыс.

Есепте қорытындыларды анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің маңыздылығына байланысты көрсетілсе, ұсыныстар олардың басымдығына байланысты көрсетіледі. Ал атқарушы органдар есептің резюмесі мен толық есебін берілді. Тексерілетін тарапқа да резюме мен толық есеп жіберіледі.

Аудиторлық есеп нақты және түсінікті құрылыммен жасалуы тиіс. Есеп құрылымын есептің басында ашып көрсету қажет және оларды тақырыптарын көрсете отырып, бөлімдерге бөлу арқылы көрсету қажет. Аудиторлық есепте ішкі аудитордың барлық маңызды қорытындылары мен байқаулары көрсетілуі қажет. Сонымен қатар есепті қолданушыға оның негізінде өзінің пікірін құруға мүмкіндік беретін барлық қажетті элементтер көрсетілуі тиіс.

Аудиторлық есеп банктің барлық деңгейлеріндегі ұйымдастырушылық құрылымдарына түсінікті болатындай жасалуы керек. Есепте графиктерді, схемаларды және кестелерді қолдану аудиторлық есепті қабылдауда пайдаланушыларға көп жеңілдік жасайды.

Анықталған бұзушылықтарды, ұсынылған ұсыныстарды, сонымен қатар есептің өзіне талдау жасаған кезде ішкі аудит қызметінің дәрежелік жүйені қолданғаны маңызды. Яғни аудиторлық есеп тексерілетін сала бойынша аудитордың пікірінің жағымды немесе жағымсыздығы туралы нақты көрсететін дәрежеге ие болуы тиіс. Аудиторлық есеп аудиторлық тексеру бағдарламасында

қабылданған кезеңдерге сәйкес дайын болуы тиіс.

Аудиторлық есепті жазуда қолданылуға тиіс аспектілер: есептің стилі мен тілі, есеп құрылымы, ескертулер мен ұсыныстарды сипаттау, дәрежелік бағалауды қолдану.

Стилі мен тілі бойынша есеп: ұқыптылық пен сындарлы, объективті мен толықтық, анықтық пен мәнділік қағидаларына сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар «шамадан тыс жүктелген» сөйлемдер мен сөз тіркестерінің болмауын, есепті қолданушылардың білмейтін қысқартулар болмауын қадағалау қажет. Біз аудиторлық есептің келесідей құрылымын ұсынамыз:

1) Бірінші беті:

– тексеру атауы мен тексерілетін бөлімше атауы мен аудит түрі және есеп дәрежесі мен тексерістің негізгі көрсеткіштері және аудиторлық топ туралы ақпараты (тексеру басшысы, аудиторлар, аудитті өткізу уақыты) мен есепті алушылар тізімі.

2) Мазмұны

3) Есеп резюмесі:

– тексеріс мақсаты мен бағыты мен қорытындылар және тексерілетін тараппен болған соңғы қорытынды жиналыс туралы ақпарат (уақыты, қатысушылар, нәтижелері).

4) Тексерілетін бөлімшенің қызметіне шолу:

– жалпы ақпарат немесе сипаттама.

5) Аудит бойынша толық есеп:

– тексеру нәтижесі және бұзушылықтар мен оларды жоюға ұсыныстар (жеке - жеке);

– тексерілетін тараптың түсіндірмелері мен тексерілетін тарап түсіндірмелеріне аудиторлар жауабы (қажет болғанда).

6) Қосымшалар.

Есеп резюмесінде тексеру мақсатының сипатталуы және бағыты, тексеру дәрежесі болуы қажет. Сонымен қатар тағайындалған дәрежені растайтын фактілерді тексерілетін бөлімшенің мықты және әлсіз жақтары мен тәуекелдер жағынан мүмкін болатын салдары көрсетілуі тиіс. Анықталған бұзушылықтар (әлсіз жақтары) маңыздылық деңгейі бойынша орналастырылуы тиіс. Резюмеде, сонымен қатар ішкі аудит қызметінің негізгі ұсыныстарының тізімі де көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда айтылғандай Резюме көлемі 2-3 беттен аспауы керек. Тәжірибе жүзінде есеп беруде тексерілетін бөлімшенің талдауы көрсетілуі қажет (бизнес көлемі, ұйымдастырушылық құрылымының ерекшеліктері). Сонымен қатар соңғы тексеру жағдайлары (сыртқы тексеру нәтижелері), тексерілетін бизнес-үрдістің талдауы) берілсе тіптен жақсы. Тексеру кезінде анықталған бұзушылықтарды сипаттау өзіне бұзушылықтар арасындағы себептердің байланыс талдауын, сонымен қатар анықталған бұзушылықтың әсерінен туындаған және туындауы мүмкін тәуекелдердің сипаты болуы тиіс.

Ішкі аудитордың алдында тұрған ең қиын тапсырмалардың бірі – бұл анықталған бұзушылық пен кемшіліктердің салдарын іздеу және оларды есепте көрсету болып табылады. Дәлдігінде ішкі аудитор жұмысының қорытындысы

ретінде ең маңыздысы болып бұзушылық себебін анықтау болып табылады. Біздің ойымызша оны анықтау өз алдына осы бұзушылықтың болашақта қайталану тәуекелін азайтып, бизнес-үрдісті жақсартуға мүмкіндік береді.

Бұзушылықтар себебінің қаншалықты дұрыс анықталуы, аудиторлар ұсыныстарының сапасына тәуелді. Әдетте, аудиторлар бұзушылықты анықтауға формальды қарап, есеп беруде оның нағыз себебін көрсетпей, оның нақты бұзушылықтың мүмкін ықтималдылығына жатқызуға болатын себепті көрсетеді. Себептерді іздеуді аудиторлық есепті дайындау сатысында емес, аудиторлық рәсімдерді өткізу сатысында жүргізген жөн, яғни бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған кезде. Бұл жерде тексерілетін тараппен орын алатын кездесулер, сонымен қатар ішкі аудиторлармен жүргізілетін аналитикалық жұмыстар септігін тигізеді. Себептерді бірден жұмыс парақтарында көрсеткен жөн. Анықталған бұзушылықтың салдары мен тәуекелдерін сипаттаған кезде ішкі аудитор ішкі бақылау жүйесінде болған немесе болатын ақаудың да әсерін көрсетуі тиіс. Тәуекелді көрсету банктің тәуекел-менеджмент бөлімін ішкі аудитор ұсыныстарын орындау қажет екендігіне талаптандырады. Мүмкіндігінше тәуекел көлемін сандық өлшемдермен көрсеткен жөн.

Тәжірибе көрсеткендей, ішкі аудиторлардың тәуекелдерді цифрлы түрде көрсетуі, бұзушылықты сипаттаудың ең маңызды, әрі мәнді орын алатынын көрсетеді. Егер бұзушылық несиелер бойынша мүмкін жоғалтуларға провизиялардың толық құрылмағандығы есебінен орын алса, онда тәуекел ретінде толық құрылмаған провизиялар сомасын көрсету қажет.

Егер тексеру кезінде құжаттардың түп нұсқаларының жоғалу фактісі анықталса, онда тәуекел ретінде жоғалған келісім-шарттардың жалпы саны көрсетілуі керек. Егер тәуекел деңгейі маңызды болмаса, ішкі аудитордың оны көрсетпеуге құқығы бар. Бұл жағдайда ол тәуекел сипаттамасын тәуекел-менеджменттің анықталған мәселенің масштабын түсіну үшін жеткілікті деңгейде беруі тиіс.

Біздің ойымызша аудиторлық есепте бұзушылықтар мен ұсыныстардың дәрежесін олардың маңыздылығы (бұзушылықтар бойынша) және жеделдігіне байланысты (ұсыныстар бойынша) сәйкес көрсетілуі қажет.

Бұзушылықтар мен ұсыныстардың бірдей дәрежеде болуы міндетті емес. Мысалы, аудитормен анықталған бұзушылық маңызды болып саналады. Алайда тексеріліп жатқан тарап, анықталған бұзушылықты жою туралы белгілі-бір іс-шаралар қабылдап қойған жағдайда, тек қосымша іс-шараларды қабылдаған жөн. Осындай жағдай орын алғанда, ішкі аудит қызметінің ұсынысы жоғары басымда (маңызды) деп тану міндетті емес, оған орта дәрежедегі жеделдікті тағайындауға болады.

Ұсыныс «Не үшін?», «Нақты не істу керек?», «Ұсыныстардың орындалуының дәлелі болып не табылады?» деген сұрақтарға жауап беруі тиіс. Мысалы, SMART үлгісін қолдануға болады.

SMART қағидасы – бұл:

– ерекшелік (specific): мақсат нақты тұлға/бөлімше және оның осы бағыттағы тәжірибесіне қарай нақтылануы тиіс.

– өлшемділік (measurable): жетістіктерді сандардың және нақты талассыз

фактілердің негізінде бағалауға мүмкіндік;

– қолжетімділік (achievable): ағымдағы жағдаймен және бөлімше мүмкіндіктерінің есебінен жетістікке жету ықтималдығы;

– келісімділік (relevant): мақсат нарық логикасымен, қызметкердің және бөлімшенің жұмыс ортасымен келісуі тиіс;

– уақыт бойынша анықтылық (time-bound): қойылған мақсатқа жету үшін уақыт шартын қою, яғни орындалу уақытын анықтау.

Бұдан басқа ұсыныс негізінен бұзушылық себебін жоюға бағытталған болуы тиіс, сонымен қатар бұзушылықтың өзін мүмкіндігінше және қажеттілігіне орай жоюға бағытталуы қажет.

Ұсыныстардан басқа, тексерілетін тараптан күтілетін ішкі аудит қызметінің нәтижесін дұрыс көрсету қажет. Ұсыныстың орындалуының дәлелі болып саналатын құжаттар мен ақпараттар нәтиже мен қорытынды ретінде көрсетіледі. Есепті дайындау кезеңдері тексеру көлеміне, анықталған бұзушылықтар мен мәселелердің санына, аудиторлық топ мүшелерінің санына байланысты 1-2 аптаны құрауы мүмкін.

Іс-шаралар жоспарын ұсыныстармен шатастыруға болмайды. Ішкі аудиторлық ұсыныстар – бұл ішкі аудитор жұмысының нәтижесі, ал іс-шаралар жоспары – бұл тексерілетін тараппен ұсыныстарды орындау үшін іске асыруға тиісті іс-шараларының тізімі.

Түсініктемелерді алу мен есепті шығаруға дайындау үшін 1 аптадан 1 айға дейін уақыт бөлінеді. Бұл кезең тексерілетін бөлімшелер санына, сонымен қатар анықталған мәселелердің тереңдігі мен қиындығына тәуелді. Қандай жағдай болса да, ішкі аудитор есеп жобасының қосымша жабық хатында тексерілетін тараптың өзінің пікірлері мен іс-шараларының жоспарларын ұсынатын уаыттарын да көрсетулері керек.

Ішкі аудитор қызметі іс-шаралар жоспарын жасау кезінде көмектесуі мүмкін, дегенмен жоспарды дайындауда негізгі жауапкершілік тексерілетін тарапқа жатқызылады. Дәрежелік үлгісін ішкі аудит қызметінің өздерінің есебіне тікелей енгізуін ұсынамыз. Есеп дәрежесін анықталған бұзушылықтардың дәрежесінің есебінен құру тиіс (кесте 20).

Кесте 20 – Есеп берудің дәрежелік ауқымы

Дәреже	Дәрежелік мәнін сипаттау
Жақсы	Қорытындылардың жоқтығын бейнелейді
Жеткілік деңгейде	Қорытындылар тек мәнсіз екенін бейнелейді
Қанағаттанарлық	Қорытындылар қалыпты іскерлік белсенділік үрдісі кезінде жойылатын мәнсіз әрі әлсіз орындарды бейнелейді
Қанағаттанарлықсыз	Қорытындылар мәнді әлсіз орындарды бейнелейді. Ұсынылған түзету шараларын енгізу қажет
Нашар	Қорытындылар елеулі әлсіз орындарды бейнелейді. Үрдістің тұтастығын бұзатын мәнді тәуекелдерді жою үшін тиімді және жедел түзету шараларын қолдану қажет
Ескерту - [3,40] Дереккөз негізінде автормен құрастырылған	

Іс-шараларды орындау уақытын, тексерілетін тарап ұсынады, ал егер маңызды бұзушылықтар болған кезде, ішкі аудитор ұсыныстардың орындалу уақытын өзі белгілейді.

Ішкі аудитордың есеп жобасына бекітілген уақыт ішінде жауап алмаған жағдайлармен де кездесіп жатады, бұндай жағдайлар орын алған кезде кешігудің себебін анықтау қажет. Егер ол себептер аудитордың пікірінше объективті болса, ішкі аудит қызметі ұсыныстар мен іс-шаралар жоспарының бағытталу уақыттарын ұзартуы мүмкін. Егер тексерілетін тарап жауап беру кезеңдерін әдейі елемесе, ішкі аудитор тексерілетін тарап басшысына, тіпті банктің басқарма төрағасын ол туралы хабардар етуі тиіс.

Егер мәселе шешілмесе, ішкі аудитор директорлар Кеңесін немесе аудит бойынша Комитетті орын алған жағдай бойынша хабардар етуі тиіс. Тексерілетін тараптан түсініктемелер мен іс-шаралар жоспарын алғаннан кейін ішкі аудитор қызметі аудиторлық есепті жариялайды. Есеп беруді жариялау дегеніміз – есеп берудің соңғы нұсқасын тексерілетін тарапқа ұсыну. Сонымен қатар банктің атқарушы басшылығына, сонымен қатар директорлар Кеңесінің мүшелеріне аудит бойынша Комитет мүшелеріне жіберу қажет.

Жарияланған есеп нұсқасына тексерілетін тарап түсініктемелері, аталған түсініктемелерге ішкі аудит қызметінің жауабы, сонымен қатар құпталған іс-шаралар жоспары, олардың орындалу кезеңдері енгізіледі. Ішкі аудиторлар қызметінің ең маңызды қызметтерінің бірі бұл тексеру нәтижелері бойынша ішкі аудит қызметімен құрылған ұсыныстардың орындалуын бақылау.

Ішкі аудитор басқарушылық іс-шараларының рәсімдеу жүйесін дайындауы және қолдануы қажет. Ол- Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары 2500 «Тапсырма нәтижелері бойынша іс-шараларды зерделеу (мониторинг)» стандарты бойынша ішкі аудит қызметінің басшысы тексеру нәтижелері бойынша дайындау қажет. Шындығында, ішкі аудитордың қызметінің бұл іс-әрекеті аудиторлық тексеруді өткізуден кем емес. Ұсыныстардың орындалуын бақылау келесі 3 әдіспен жүргізілуі мүмкін:


- тұрақты бақылау режимінде ұсыныстардың орындалуының үздіксіз рәсімделуі .Бұндай рәсімдеу аудиторлық жоспарда жеке баппен көрсетіледі және оған уақыт бюджеті беріледі;

- ұсыныстардың орындалуының жеке аудиторлық тексеруден өткізуі. Бұл әдіс маңызды бұзушылықтардың мәнді саны туралы және оларды жою бойынша ұсыныстар туралы жағдайлар орын алғанда қолданылады. Сонымен қатар бұл кезде ұсыныстардың орындалуының мәні мен дәрежесін тереңірек зерттеу үшін жеке тексеру қажет болуы мүмкін;

- белгілі бір бизнес-үрдісті кезекті тексеруден өткізу кезінде алдыңғы тексеру нәтижелері бойынша ұсыныстардың орындалуын тексеру.

Әдісті таңдау ұсыныстардың маңыздылығына, басымдылығына, олардың орындалуының қиындығына, ұсыныстардың орындалуына жауапты жақтардың санына тәуелді. Екінші және үшінші әдістер бірінші әдістің қолданылуын жоққа шығармайды. Тұрақты рәсімдеу үздіксіз түрде өткізілуі тиіс. Әдетте ұсыныстардың орындалуын бақылау қызметі әрбір тексеру бойынша жеке ішкі аудиторға жүктеледі.

Суретте аудиторлық ұсыныстардың орындалу үрдісінің негізгі қатысушылары көрсетілген (сурет 37).



Сурет 37 – Аудиторлық ұсыныстарының орындалу үрдісінің қатысушылары

Ескерту - [3] Дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Ұсыныстарды орындаудың зерделеуін сүйемелдеу бойынша модульдің артықшылығы келесіде, ол тексерілетін тараппен онлайн режимде қатынасты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ішкі аудит қызметі модульге ұсыныстардың орындалуының уақыты, олардың орындалуына жауапты тұлғалардың және ұсыныстардың тізімін енгізеді.

Модуль тексерілетін тарапқа ұсыныстардың орындалуын растайтын құжаттарды енгізуге, ішкі аудиторға олардың енгізілуін қадағалауға мүмкіндік береді. Ұсыныстарды орындаудың зерделеуінің соңғы нәтижесі ұсыныстарды орындау, немесе оның орындалмауымен байланысты тәуекелдерді қабылдау болып табылады. Ұсыныстар бойынша келесі шешімдер қабылдануы мүмкін:

1) жабу. Ішкі аудит қызметі ұсынысты тексерілетін тарап қызметі тәуекел деңгейін азайтқандығына көз жеткізген кезде жабады.

2) ұсыныстарды орындау уақытын созу. Ішкі аудит қызметі ұсыныстардың орындалу уақытын созу туралы шешімін ұсыныстардың орындалуы бойынша іс-шараларын қанағаттанарлық деп танып, олардың аяқталуына көп уақыттың қажет екендігін анықтаса қабылдайды.

3) күшін жою. Ішкі аудит бөлімшесі ұсыныстардың күшін жою туралы шешімді, егер ол өзінің өзектілігін жоғалтқан кезде қабылдауы мүмкін.

4) тәуекелді қабылдау. Банктің атқарушы басшының деңгейінде ұсыныстарды орындамай, олардың орындалмау тәуекелін қабылдауы. Бұл туралы ішкі аудит қызметі директорлар Кеңесін және аудит бойынша Комитетті хабардар етуі қажет.

5) тексерілетін тарапқа ұсыныстарды орындауға беру. Егер тексерілетін тараппен ұсыныстардың негізгі бөлімі орындалса және ішкі аудит қызметімен орындалған іс-шаралар қанағаттанарлық деп танылса, ұсыныстар тексерілетін тарапқа орындауға берілуі мүмкін, яғни тексерілетін тарап ұсыныстардың орындалуының аяқталуын қадағалайды.

Осылайша, біз тәуекелге бағытталған аудиторлық тексеруді рәсімдеу және ішкі аудитті жетілдіру бойынша ұсыныстар несиелік портфелін тексеру бойынша құрылған аудиторлық жұмыс жоспар негізінде іске асырылды. Алайда жылдық жоспар құрмас бұрын ішкі аудит қызметінің уақыт бюджеті қарастырдық. Аудиторлық тексерудің бағдарламасы несие портфелінің жағдайын талдап, бағалап, тәуекелге бағытталған статистикалық емес іріктеу құрылды. Іріктеудің нәтижесі бойынша жоспардың мазмұнын ашатын аудиторлық тексеру бағдарламасын ұсынылды. Ішкі аудиторлық тексеру үрдісінің бір маңызды тетігі ол тексерудің нәтижесі бойынша ұсыныстар беру болып табылады.

Қазақстандағы ішкі аудит жүйесі Еуропа мен Америка Құрама Штаттарындағы үлгіден әлде қайда даму үдерісі бойынша артта қалған. Соңғы он жылда ішкі аудит қарқынды дамуда, ол директорлар Кеңесі тарапынан қолдау көріп, елеулі табыстарға қол жеткізді.

Бүгінгі таңда директорлар Кеңесі ішкі аудит жүйесінен ішкі бақылау жүйесін тиімді бағалау және оған талдау жасау; жүргізілген талдау мен бағалау бойынша нәтиже беруді күтеді. Сонымен қатар банк қызметінің тиімділігін жоғарылату, тәуекелдерді басқару бойынша нақты ұсыныстар жасау мен әдіснамасын көрсетуді талап етеді.

Сонымен тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексеру үрдісі ішкі аудит жүйесінің банк алдындағы тиімділігіне септігін тигізеді. Ол өз кезегінде банктің қаржылық тұрақтылығын арттырады.

3 - бөлім бойынша тұжырымдама

Осылайша, біз ұсынған ұсыныстар және оларды ішкі аудиторлық тексеру үрдісінде қолдану келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден ҚР Ұлттық банкпен тәуекелге бағытталған қадағалауға көшу бойынша іс-шара дұрыс шешім болып отыр. Бұл тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексеруді енгізу жолында бірінші қадам болып табылады.

9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) ЕДБ-де енгізілуімен байланысты несиелік операцияларды жүзеге асыруда ішкі аудиторлық тексерудің рөлі маңызды. Стандарт несие алушылар бойынша нақты болған шығындардан күтілетін шығындарды бағалауға мүмкіндік береді. Яғни дефолт ықтималдығын бағалау бойынша Logit модельдің қолданылуы негізделді. Бұл модельді ішкі аудиторлар мен өз жұмыстарында пайдаланса, банктерде несиелік тәуекелдерді басқаруды жаңа сапалы деңгейге көтеруге ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Тәуекелге бағытталған тәсіл ішкі аудиторлық тексерудің жұмысын оңтайландырып, банкті бақылау мен қызметіне баға беруде тиімді тәсіл болып табылады. Аудиторлық тексеру қорытындылары мен аудиторлық есепті дайындау және ұсыныстар беруде тәуекелге бағытталған әдістің артықшылығын көрсеттік. Сонымен қоса, аудиторлық есепте бұзушылықтар мен ұсыныстардың дәрежесін олардың маңыздылығы көрсетілген. Сондай-ақ несиелік портфельді аудиторлық тексеру бойынша тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық жұмыс жоспары мен бағдарламасы берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста жүргізілген ішкі аудит жүйесінің қазіргі жағдайын зерттеу бойынша қорғауға ұсынылатын келесі ғылыми нәтижелерді тұжырымдауға және негіздеуге мүмкіндік берді:

1) ішкі аудит жүйесін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу банктегі ішкі аудит жүйесінің мазмұнына және оны жетілдіруге бағдар беретін және тәуекелге негізделген бағытына өз көзқарасымызды ұсынуға мүмкіндік берілетін толықтырылған анықтамалар берілді.

Ішкі аудит бойынша әдебиетке шолу жүргізу негізінде аудит жүйесінің даму тенденциясын R бағдарламасында мәтіндік талдау жасау арқылы анықтадық. Мәтіндік талдауда ҚР және РФ сонымен қатар алыс шетелдік ғалымдардың мақалалары талданды. Нәтижесінде ҚР және РФ – ның ғалымдарының мақалалар корпусының шел елдік мақалалармен салыстырғанда даму тенденциясы байқалмады. Себебі шетелдік ғалымдардың ішкі аудит және жүйесі бойынша жазылған ғалымдардың мақалалары төңірегіндегі пікірталастар қарқынды өзгеріп отырған. Дегенмен экономикалық тұрақсыздық және қосымша тәуекелдер, АХС, ХҚЕС-тың өзгерістері орын алған жағдайында ішкі аудиторлар алдында үлкен міндеттер тұр. Ең басты банктің осы өзгерістерге, тәуекелдерге төтеп бере алатынындай тиімді жүйенің қалыптастырылуы. Осыған байланысты зерттеу жұмысының басты жұмыс гипотезасына сәйкес зерттеу нәтижесінде ішкі аудит жүйесінің даму тенденциясын талдау жұмысы әдебиетке екі үлес қосты.

Біріншіден, бұл әлемдегі ішкі аудиттің дамуын бағалау мақсатында мәтіндік талдау модельдерін алғашқы қолдану.

Екіншіден, посткеңестік одақ авторлары мен шетел авторларының ішкі аудит саласындағы зерттеулерінің даму тенденциясын мәтіндік талдау арқылы салыстыра отырып даму үрдісін анықтау.

Нәтижесінде банктегі ішкі аудит және ішкі аудит жүйесі түсініктеріне келесідей толықтырылған анықтамалар берілді: банктегі ішкі аудит – бұл қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін банкпен жүзеге асырылатын операциялардың дұрыстығын, тәуекелдердің бағалануын, корпоративтік басқару сапасын тексеруге бағытталған тәуекелге бағытталған тексеру.

Банктің ішкі аудит жүйесі - ұғымына банк қызметіне қатысушы тараптардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, банк қызметтерін және бақылау процедураларын, тәуекелдерді басқару жүйелерінің нәтижелілігін үздіксіз тексерудің тиімді әдістерін біріктіретін жүйе.

2) ЕДБ – дің ішкі аудит жүйесінің қазіргі жағдайын талдау мақсатында жүргізілген эксперттік сауалнама және ХҚЕС (IFRS) 9 Қаржы Құралдары стандартына бейімделінуіне байланысты тәуекелдерді бағалау мен басқарудың тиімді тетігі ретінде тәуекелге негізделген ішкі аудит бағыты ұсынылды.

ЕДБ –де 1 қаңтар 2018 жылдан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы Құралдары» сәйкес жұмыс жасай бастады. Банктерде енгізілген жаңа стандарт несиелендірудің барлық мерзімінде күтілетін шығындарды есептеуге

негізделген.

ХҚЕС (IFRS) 9 Қаржы Құралдары стандарты провизияларды есептеу тәсілін өзгертетінін ескере отырып, қаржылық есептіліктің жаңа стандарттары несиелік тәуекелді модельдеу мен талдауға айтарлықтай әсер етеді. Провизияларды есептеудің жаңа ережелеріне сәйкес банктер күтілетін залалдар моделдерін жасау керек немесе күтілетін несиелік залалдарды бағалау үшін қолда бар несиелік тәуекелдер моделдерін қайта қарастыру керек, ХҚЕС (IFRS) 9 Қаржы Құралдары стандартына сәйкес күтілетін несиелік залал экспозиция кезінде кез келген уақытта қарыз алушының дефолты нәтижесінде барлық залалдардың құны ретінде есептеледі. Осыған орай ХҚЕС (IFRS) 9 Қаржы Құралдары стандартына сауатты көшу және осы үшін арнайы жасалған талдамалық шешімдерді ашу жекелеген банктердің қаржылық тұрақтылығын арттырып қана қоймай, ҚР барлық банк жүйесін тұрақтандыруға да мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ХҚЕС (IFRS) 9 Қаржы Құралдары, капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды да ескеретін модельдің болуы операциялық шығындар мен күрделілікті азайтып, ішкі аудит жүйесінің тиімділігін арттырады. Осы орайда ЕДБ – дің ішкі аудит жүйесінің қазіргі жағдайын білу мақсатында ішкі аудиторлар арасында эксперттік сауалнама жүргізілді. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде ішкі аудит жүйесін жетілдіру бойынша бірқатар мәселелер көрініс тапты. Ол – банктерде аудиттің тәуекелге бағытталып жүргізілмеуі, ішкі аудиторлардың кәсіби ішкі аудиторлық куәлігінің жоқтығымен, ақпараттық аудиттің жүргізілмеуімен байланысты ерекшеленді. Бұл банктер үшін шешімі табылмаған үлкен мәселе. Осыған сәйкес біздің ойымызша, банктерде ішкі аудиторлық тексеруді тәуекелге бағытталған тәсілді қолдана отырып жүзеге асыру қажет;

3) екінші деңгейлі банктердің несиелік портфельін талдау және жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша тәуекелге негізделген концептуалды құрылымдық модель құрылды. Нәтижесінде тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің несиелік портфель бойынша аудиторлық тексеру тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп, ЕДБ-нің қаржылық нәтижесіне оң ықпал ететіндігі анықталды.

ЕДБ – дің тәуекелдері ең жоғары шоғырланған бөлігі ол - несиелік портфель болып отыр. Осыған орай 2014-2018 жылдар аралығында ЕДБ - дің несиелік портфельнің жағдайы талданды. Нәтижесінде қайтарылмайтын несиелер деңгейінің жылдан жылға өсуін байқадық, әрине бұл банктер үшін үлкен мәселе. Себебі несие алушылармен қайтарылмайтын қарыздардың ұлғаюы нәтижесінде банктің құлдырауына әкеледі. Қазіргі уақытты банктердің директорлар Кеңесінің, жалпы жоғары деңгейдегі басшылықтың ішкі аудит жүйесіне қоятын талаптары жоғары. Осы талаптарды ескере отырып біз ішкі аудит жүйесін жетілдіруге бағытталған бірінші гипотеза бойынша зерттеу жүргізген болатынбыз. Яғни, ЕДБ-нің тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесі банктердің қаржылық тұрақтылығын арттырады. Берілген гипотеза бойынша бес ішкі гипотеза тұрғылығын болатын:

- несие тәуекелін бағалауының қаржылық нәтижеге әсері;
- ішкі аудит стандартының қаржылық нәтижеге әсері;

- ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтижеге әсері;
- тәуекелдерді басқарудың қаржылық нәтижеге әсері;
- ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарының қаржылық нәтижеге әсері. Ұсынылған ішкі бес гипотезаның үшеуі расталып екеуі расталмады.

Бірінші шипотеза бойынша несие тәуекелін бағалау қаржылық нәтижеге ықпал етті, бірақ әсер орташа кері, яғни бұл дегеніміз несие тәуекелінің көбеюі қаржылық нәтиже көрсеткішін төмендететінін білдіреді.

Екінші гипотеза нәтижесінде ішкі аудит стандартының қаржылық нәтиженің өзгеруіне елеулі әсер ететіндігін анықтадық, бұл ЕДБ – тер Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын, аудиттің халықаралық стандарттарын ұстанатынын білдірді. Сонымен қатар расталған ішкі гипотезаның үшіншісі ол - ішкі аудит көлемінің қаржылық нәтиженің өзгеруіне елеулі ықпал ететіндігі. Яғни көлемі бойынша ішкі аудит жүйесі өз тарапынан жоспар бойынша барлық тексеру жұмыстары дер кезінде орындағандығын көрсетеді. Дегенмен, төртінші және бесінші гипотезалар расталмады. Олардың детерминация коэффициенттері әлсіз болып отыр. Яғни ол гипотезалардың расталмау себебі, Қазақстан Республикасы екінші деңгейлі банктерінің тәуекелге бағытталған ішкі аудиттың жылдық жоспары мен тәуекелдерді басқару жүйесінің жеткіліксіз деңгейде жұмыс атқарылуында;

4) ҚР ЕДБ – де несиелік тәуекелдерді ішкі аудиторлық тексеру үрдісінде тәуекелге бағытталған аудит процедуралары бойынша несиелік тәуекелдерді тексеру әдіснамасы ұсынылды.

Күннен күнге артып келе жатқан банктік тәуекелдер ішкі аудиторлар алдында жана міндеттер қойды. Себебі бүгінгі таңда ішкі аудитор осы тәуекелдерге төтеп бере алатындай аудиторлық қорытынды жасаумен шектелмей оңтайландыру бойынша ұсыныстар беру деңгейіне өткен болатын.

Жоғарыдағы зерттеуден байқағанымыздай несие тәуекелінің жоғарылауы банктің қаржылық нәтижесіне, яғни тұрақтылығына ықпалын тигізеді (кері әсер ету арқылы). Осыған байланыты бізбен тәуекелдерді алдын алып, оларды төмендетуге бағытталған ЕДБ – де тәуекелге бағытталған аудит процедуралары бойынша несиелік тәуекелдерді тексеру әдіснамасы ұсынылды.

Ұсынылған әдіснама ішкі аудиторлардың тексеру мен ұсыныстар беру үрдістерін дамытуға мүмкіндік береді. Тиесінше ол несие тәуекелдерін басқару жүйесін жетілдіруге, сондай – ақ жалпы банктің тиімділігін бағалап оны арттыруға ықпал етеді.

Сонымен, тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексеру банктерде және басқа да ҚР – ның ұйымдарында келесі жағдайларда қолданылу мүмкін: ішкі аудиторлық стандарттарды әзірлеуде, кеңес беруші аудиторлық ұйымдардың ұсыныс ретінде қолданылатын әдістемесі ретінде, ішкі аудит және қаржылық талдау жүйесінде. ҚР ЕДБ – де несие тәуекелін бағалау мен кеңес беру мақсатында ұсынылған әдіснама ішкі аудит жүйесінің қызметін жетілдіріп, банктің табыстылығын арттырады.

Осыған орай ЕДБ – де тәуекелге бағытталған аудит процедуралары бойынша несиелік тәуекелдерді тексеру әдіснамасы ұсынылды;

5) банктердің несиелік портфелін аудиторлық тексеру үрдісінде несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалау үшін Logit model қолдану негізделді. Берілген Logit моделінің ROC - қисық сызығы тәуекелдерді басқару мақсатындағы несие алушы ұйымның дефолт жағдайын болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан несие алушының дефолт ықтималдылығын модель негізінде бағалауды ішкі аудиттің жұмыс жоспары мен бағдарламасына енгізу ұсынылды.

ХКЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» стандартының енгізілуімен байланысты несиелік саясаттың дұрыс жүзеге асырылуын тексеру үшін ішкі аудиттің рөлі айқындала түсті. Сонымен бірге корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару жүйесінің басты құралы ретінде де оның мәні артты. Қазірге кезде банктерде осы несиелік тәуекелді бағалау бойынша ішкі аудит жүйесімен қолайлы және тиімді әдістемер жасақтауда тиімді кеңестер беріледі деп күтілуде. Банкте өтінім бойынша несиелік тәуекелді бағалау мен қарыз алушының несие қабілеттілігін талдаудың әртүрлі процедуралары қарастырылуы мүмкін. Несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалау банктерде әлі де жеткілікті деңгейде жүргізілмеуде. Осыған орай біз банктердің несиелік портфелі бойынша несие тәуекелін төмендету немесе оны болдырмау мақсатында күтілетін залалды алдын алуға бағытталған Logit model қолдандық. Модель қарыз алушы 33 ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері негізінде тұрғызылды. Және Logit модельдің ROC - қисық сызығы несие алушы компанияның дефолт жағдайын анықтауға мүмкіндік берді. Модельдің жұмыс жасауы тестілеуден өтті сондықтан оны банктерде несие тәуекелін төмендету мақсатында ұсынуға болады.

Қорытындылай келе, тәуекелге негізделген ішкі аудит жүйесі ЕДБ –дің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді. Себебі несиелік портфельді бағалап, несие алушылардың дефолт ықтималдылығына болжам жасау барысында қолданылған Logit модельдің тәуекелдерді алдын алу ықпалын тигізетінін байқадық. Бұған дефолт ықтималдылығына болжауға арналған Logit модельдің ROC – қисығы бұған дәлел болып отыр. Тәуекелдерді алдын алу мақсатында ішкі аудиторлармен жасалынған бұл модель ішкі аудиторлық тексерудің үдерісінде ескеріледі.

Жалпы қорытындылай келе, ішкі аудиторлардың бүгінгі заманның талаптарына қарсы тұра алатыдай банк қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі тиімділігі жоғары ішкі аудит жүйесін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауы. www.akorda.kz. 05.02.2019.
- 2 610 Аудиттің Халықаралық Стандарты (2014 жылдың 15 желтоқсанынан күшіне енген) ішкі аудиторлардың жұмысын пайдалану. www.minfin.gov.kz. 03.02.2019.
- 3 Международные основы профессиональной практики внутреннего аудита // Международные профессиональные стандарты внутреннего аудита (2016 жылы жаңартылған). www.iiaru.ru. 15.12.2016.
- 4 Smith C. A. Internal audit control: The University Cooperative Society Austin. – Texas, 1933. – P. 29-35.
- 5 Henry B. Fernald Internal auditing // The Accounting Review. – 1943. – Vol. 18, № 3. – P. 228-234.
- 6 Walter B. Meigs. The Expanding Field of Internal Auditing // The Accounting Review. – 1951. – Vol. 26, № 4. – P. 518-523.
- 7 Churchill N. C., and Cooper W. W. A field study of internal auditing // The Accounting Review. – 1965. – Vol. 40, № 4. – P. 767-781.
- 8 Chambers A. D. Developments in Internal Auditing // Accounting and Business Research. – 1980. – P. 273-283.
- 9 Arnold Schneider. The Reliance of External Auditors on the Internal Audit Function. Journal of Accounting Research // Wiley on behalf of Accounting Research Center, Booth School of Business, University of Chicago. – 1985. – Vol. 23, № 2. – P. 911-919.
- 10 Yan Jin'e Li Dunjia Performance audit in the service of internal audit // Managerial Auditing Journal. – 1997. – Vol. 12, № 5. – P.192-195.
- 11 Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Банктердегі ішкі аудит пен қадағалау бөлімдерінің өзара қарым-қатынасы» (Базель, 2001 жылғы тамыз). www.online.zakon.kz. 15.11.2016
- 12 Chun C. "On the functions and objectives of internal audit and their underlying conditions" // Managerial Auditing Journal. – 1997. – Vol.12, № 4/5. – P. 247-250.
- 13 Spencer Pickett, "development of internal audit competencies" // Journal of management audit. – 2000. – Vol.15, № 6. – P. 265-278.
- 14 Жақыпбеков С., Исмаилов А. Ішкі аудиттің әдістемелік процедуралары // Научный Мир Казахстана. – 2010. – 6 (34).– С. 260-264.
- 15 Барышева С.К. Ішкі аудиттің технологиялық ерекшеліктері // Транзитная экономика. – 2015.– № 3. – С. 69-77.
- 16 Нурсейтов Э.О. Аудит: краткое руководство. – Алматы: ТОО «Издательство ЛЕМ», 2014. – 236 с.
- 17 Бердибековой Г.С. Финансовый анализ в системе аудита банковской деятельности // Сборн. тр. междунар. науч.–практ. конф. «Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев» – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2019. – С. 67-71.
- 18 Додж Р. Краткое руководство по стандартам и нормам аудита / пер. с

- англ. Р. Додж. – М. : Финансы и статистика : ЮНИТИ, 1992. – 240 с.
- 19 Суйц В. П. Аудит: учебник. – М. : Высшее образование, 2007. – 398 с.
- 20 Бычкова С.М. Аудиторская деятельность: теория и практика. – СПб.: Издательство «Лань», 2000. – 320 с.
- 21 Андреев В.Д. Внутренний аудит: учебное пособие. – М.: Финансы и статистика, 2003.– 464 с.
- 22 Иванов О.Б., Лаврова Т.В. Роль внутреннего аудита в обеспечении эффективного функционирования системы управления рисками компании // Аудиторские ведомости. – 2014. – № 10. – С. 61-72.
- 23 Andrew D. Chambers, New guidance on internal audit – an analysis and appraisal of recent developments, *Managerial Auditing Journal* // Emerald Group Publishing Limited. – 2014. – Vol. 29, № 2. – P. 196-218.
- 24 Ғылыми электронды кітапхана. www.cyberleninka.ru. 30.08.2017.
- 25 Ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалардың дәйексөздігін қадағалауға арналған библиографиялық және реферативтік мәліметтер базасы. www.login.webofknowledge.com, www.scopus.com. 24.09.2017.
- 26 Климович В.П. «Основы банковского аудита»: учебник. – М.: ФОРУМ ИНФРА, 2005. – 145 с.
- 27 Управление рисками организаций // Интегрированная модель 09.2004 г. www.coso.org. 30.10.2017.
- 28 Lambekova A., Nurgalieva A., Syzdykova E., Zhanibekova G., Aff J. Development of Internal Audit // *Journal of Advanced Research in Law and Economics*. – Romania: «ASERS», 2017. – № 8 (30). – P. 2483-2489.
- 29 Ғылыми электронды кітапхана. www.elibrary.ru. 15.05.2017.
- 30 Alpaydin E. “Machine Learning: The New AI” // MIT Press. – 2016. www.amazon.com. 25.07.2017.
- 31 Lucas C., Nielsen R., Roberts M., Stewart B., Storer A., & Tingley D. Computer – Assisted Text Analysis for Comparative Politics // *Political Analysis*. – 2015. – № 23 (2). – P. 254-277.
- 32 Wilkes I., Bien I. Beliefs, perspectives and multiple environments, In *Proceedings of the NATO international Symposium on artificial and human intelligence*. – New York: Elsevier North-Holland, Inc, 1984. – P. 147-171.
- 32 Pan B., Lee L. «The analysis of opinions and sentiments» In *Foundations and trends in information retrieval*. – 2008. – № 2. – P. 1-135, www.nowpublishers.com. 08.09.2017.
- 34 Pirani R., Madhavi D. in Singh I. K. "Analytical mapping of opinion analysis and sentiment analysis in the period 2000–2015" // *Information processing and management*. – 2017. – Vol. 53, № 1. – P. 122-150.
- 35 To Ravi., At & Ravi. «A Survey on sentiment analysis and sentiment analysis: challenges, approaches and applications» // *Knowledge-based systems*. – 2015. – № 89. –P. 14-46.
- 36 Basel Committee on Banking Supervision «Principles for enhancing corporate governance» – October 2010. www.bis.org. 28.12.2017
- 37 Кеворкова Ж.А. Внутренний аудит [и др.]. – М.: ЮНИТИ–ДАНА, 2015. – 319 с.

- 38 Дюсембаев К.Ш. Теория аудита: учебник. – Алматы: Экономика, 2013. – 861 с.
- 39 Ержанов М. С. Аудит – 1 (базовый учебник) – Алматы: Бастау, 2005. – 382 с.
- 40 Basel Committee on Banking Supervision // Calculation of RWA for credit risk CRE22 Standardised approach. www.bis.org. 06.02.2019.
- 41 Macey, Jonathan R. and O'Hara, Maureen, Bank Corporate Governance: A Proposal for the Post-Crisis World // Economic Policy Review, Issue Aug, – 2016. – P. 85-105.
- 42 Ламбекова А.Н. Сыртқы және ішкі аудиттің өзара қатынасы: маңыздылық деңгейі // Устойчивое развитие Центральной Азии: новые перспективы и направления для исследования: междунар. науч. конф. – Алматы: «Экономика», 2017. – С. 94-100.
- 43 Миржакыпова С.Т. Банковский учёт в Республике Казахстан: учебник. – Алматы: Экономика, 2012. – Ч.1. – 784 с.
- 44 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Қазақстан Республикасының Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). <http://adilet.zan.kz/kaz/> 22.10.2017.
- 45 Акционерлік қоғамдар туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Қазақстан Республикасының Заңы (2019.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415_15.11.2017.
- 46 Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-I Заңы (2019.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304_22.11.2017.
- 47 «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 18 наурыздағы № 36 қаулысы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018402_05.04.2019.
- 48 Ламбекова А.Н. Значимость внутреннего аудита в банковской системе республики Казахстан // Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев: сборн. тр. междунар. науч.-практ. конф. – Астана: «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті», 2019. – С. 119-123.
- 49 Абленов Д. О. Қаржылық бақылау, ревизия және аудит: оқу құралы. – Алматы : Экономика, 2014. – 560 б.
- 50 Жақыпбеков С. Ішкі аудит: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2008. – 344 б
- 51 Святков С., Нурғалиева А. Модернизация системы менеджмента кредитных рисков в БВУ РК // Life Science. – 2014.– № 11 (8). –С. 527-531.
- 52 ҚР Банк секторының ағымдағы жағдайы www.nationalbank.kz. 11.01.2018
- 53 Lambekova A.N. Nurgaliev A., Need of using of information technology in

inneraudit in the banks of the second level // Доклады Национальной академии наук РК.– Алматы:«Национальная академия наук РК», 2018. – № 2 (318). – С. 131-134.

